ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БАС ПРОКУРАТУРАСЫНЫҢ БҰЙРЫҒЫ

2018 жылғы 24 желтоқсан №152 Астана қаласы

«Мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2015 жылғы 27 шілдедегі № 95 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

БҰЙЫРАМЫН:

1. «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2015 жылғы 27 шілдедегі № 95 бұйрығына (Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 12055 тіркелген, 2015 жылғы 29 қыркүйекте «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) келесі өзгерістер енгізілсін:

«Соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтаманы беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты», осы бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

«Прокуратура органдарынан, тергеу және анықтау органдарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты», осы бұйрықтың 2-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті (бұдан әрі – Комитет) заңнамамен бекітілген тәртіпте қамтамасыз етсін:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялау және оған енгізу үшін жолдауды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының интернет-ресурсына орналастыруды;

4) осы бұйрықты Комитеттің аумақтық органдарына орындау үшін жолдауды.

3. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау жасау Комитет Төрағасына жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жариялағаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Бас Прокуроры Қ.ҚОЖАМЖАРОВ

«КЕЛІСІЛГЕН»
Қазақстан Республикасының
Ақпарат және коммуникациялар министрлігі

Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2018 жылғы 24 желтоқсандағы №152 бұйрығына 1-қосымша

Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2015 жылғы 27 шілдедегі №95 бұйрығына 1-қосымша

«Соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтама беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

1-тарау. Жалпы ережелер

1. «Соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтама беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы әзірледі.

3. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті және оның аумақтық органдары көрсетеді (бұдан әрі – қызмет көрсетуші).

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет көрсетуге құжаттарды қабылдау және нәтижелерін беру:

1) «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация);

2) «электрондық үкімет» www.egov.kz веб-порталы және жылжымалы желінің абоненттік құрылғысы (бұдан әрі – портал) арқылы көрсетіледі.

2-тарау. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет тәртібі

4. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет мерзімі:

1) құжаттар топтамасын Мемлекеттік корпорацияға өткізген сәттен бастап, сондай-ақ порталға жүгінгенде – 10 (он) минут;

қосымша тексеру болған жағдайда – 5 (бес) жұмыс күні;

шетелге шыққан жағдайда – 5 (бес) жұмыс күні;

2) құжаттар топтамасын өткізу үшін күтуге ең көп рұқсат етілетін уақыт – 15 (он бес) минут;

3) ең көп рұқсат етілетін қызмет көрсету мерзімі – 15 (он бес) минут;

Құжаттарды қабылдаған күн мемлекеттік көрсетілетін қызмет мерзіміне кірмейді.

5. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нысаны: электрондық (толықтай автоматтандырылған) және (немесе) қағаз жүзінде.

6. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің нәтижесі – мемлекеттік көрсетілетін қызметтің осы стандартының 1, 2-қосымшаларына сәйкес нысан бойынша соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтама беру (бұдан әрі – анықтама).

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық және (немесе) қағаз жүзінде.

Порталда мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесі қызмет көрсетушінің өкілетті тұлғасының электрондық цифрлы қолы қойылған (бұдан әрі – ЭЦҚ), электронды құжат нысанында қызмет алушының «жеке кабинетіне» жолданады және сақталады.

Шетелге шығу үшін қағаз тасымалдағышта қызмет алуға жүгінген жағдайда, мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің нәтижесі қағаз нысанда рәсімделеді, қызмет көрсетушінің өкілетті тұлғасының қолымен және мөрімен бекітіледі. Нәтижені беру Мемлекеттік корпорация арқылы жүзеге асырылады.

7. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет жеке және (немесе) заңды тұлғаларға ақысыз көрсетіледі (бұдан әрі – қызмет алушы).

Басқа жеке тұлғаға қатысты мәлімет алу үшін мемлекеттік көрсетілетін қызмет жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – үшінші тұлға) тек электронды нысанда портал арқылы, мәлімет сұратылған тұлғаның келісімі болған жағдайда көрсетіледі.

8. Жұмыс кестесі:

1) Мемлекеттік корпорация – еңбек заңнамасына сәйкес, дүйсенбіден бастап сенбіні қосқанда, бекітілген жұмыс кестесіне сәйкес 9.00-ден 20.00-ге дейін, түскі асқа үзіліссіз, демалыс және мерекелік күндерді қоспағанда.

Қабылдау «электрондық кезек» тәртібінде, жедел қызмет көрсетусіз жүзеге асырылады, портал арқылы электронды кезекті броньдауға рұқсат етілген.

2) портал – тәулік бойы, жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді (қызмет алушы жүгінген кезде жұмыс күні аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамаларына сәйкес, демалыс және мерекелік күндерде, өтінішті қабылдау күні келесі жұмыс күні болып табылады) қоспағанда.

9. Қызмет алушыға немесе оның нотариатпен куәландырылған сенімхаты бойынша уәкілетті өкіліне мемлекеттік көрсетілетін қызметтер үшін, қажетті құжаттар тізбесі:

1) Мемлекеттік корпорацияға:

мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша, соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтама беру туралы өтініш;

жеке басты куәландыратын құжат (жеке басты сәйкестендіру үшін талап етіледі);

нотариуспен куәландырылған сенімхат – мемлекеттік көрсетілетін қызмет алушының мүддесін басқа тұлға білдіргенде;

Анықтама алу үшін бұрынғы анықтау деректері бойынша көрсетілетін қызметті алушының (жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде), туған күні (күні, айы, жылы), ақпараттық жүйелерде тиісті мәліметтер болмаған жағдайда, ауыстырылғандығын растайтын құжат беріледі.

Құжаттарды қабылдаған кезде Мемлекеттік корпорацияның қызметкері олардың толықтығына тексеру жүргізеді, құжаттардың электронды көшірмелерін жасайды, содан кейін қызмет алушыға түпнұсқаларын қайтарып береді.

2) порталға:

қызмет алушының ЭЦҚ қойылған немесе ұялы байланыс операторымен берілген қызмет алушының абоненттік нөмірі порталдың есептік жазбасына тіркелген және қосылған жағдайда, бір реттік құпиясөзбен куәландырылған электрондық сұрау салуы, оның ішінде қызмет көрсету нәтижесін қағаз жүзінде алу үшін Мемлекеттік филиал мекенжайын таңдаумен шетелге шығу үшін анықтама беру;

оған қатысты мәліметтер сұратылған тұлға келісім берген жағдайда, үшінші тұлғалардың порталдағы «жеке кабинеттен» берілген, сондай-ақ, бір реттік құпиясөз беру жолымен немесе порталдың хабарламасына жауап ретінде қысқа мәтіндік хабар жіберу жолымен абоненттік нөмір порталында тіркелген субъектінің ұялы байланысы арқылы электрондық сұрау салулары.

Жеке басты куәландыратын, туу туралы куәлікті, тегі, аты, әкесінің атын (бар болған жағдайда), туған жылын (күні, айы, жылы) ауыстыру туралы құжаттардың мәліметтерін Мемлекеттік корпорацияның қызметкері «электрондық үкімет» шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Мемлекеттік корпорацияның қызметкері мемлекеттік қызмет көрсеткенде, егер ол Қазақстан Республикасының басқа заңдарымен қарастырылмаса, ақпараттық жүйелерде сақталған, заңмен қорғалатын құпияларды құрайтын мәліметті алуға жазбаша түрде қызмет алушыдан келісім алады.

Мемлекеттік корпорация арқылы құжаттарды қабылдағанда қызмет алушыға тиісті құжаттарға қабылдау туралы қолхат беріледі.

Қосымша тексеріс жүргізу қажет болған жағдайда, Мемлекеттік корпорацияның қызметкерімен тиісті құжаттар қабылдау туралы қолхатта мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің нәтижесін беретін күн көрсетіледі.

Дайын құжаттарды беру қолхаттың негізінде, қызмет алушы жеке басын куәландыратын құжатын немесе оның өкілі нотариалды куәландырылған сенімхатты ұсынғанда жүзеге асырылады.

Қағаз жүзінде шетелге шығу үшін анықтаманы дайындауға электрондық сұрау салуды беру кезінде, дайын құжаттарды беру қызмет алушының жеке басын куәландыратын немесе оның нотариалды куәландырылған сенімхат бойынша өкілінің құжаттары негізінде жүзеге асады.

Мемлекеттік корпорация анықтаманың қағаз жүзінде 1 (бір) айдың ішінде сақталуын қамтамасыз етеді, одан кейін қызмет көрсетушіге 2 (екі) ай ішінде әрі қарай сақтауға береді. Қызмет алушы 1 (бір) ай өткеннен кейін жүгінген жағдайда, Мемлекеттік корпорацияның сұрау салуы бойынша қызмет көрсетуші 1 (бір) жұмыс күні ішінде дайын құжаттарды қызмет алушыға беру үшін Мемлекеттік корпорацияға жолдайды.

Портал арқылы жүгінген жағдайда қызмет алушының «жеке кабинетіне» мемлекеттік көрсетілетін қызметтерге жолданған сұрау салудың қаралу мәртебесі туралы ақпарат, сонымен қатар мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін алатын күнді және уақытты көрсете отырып, ақпарат жолданады.

10. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін қызмет алушы ұсынған құжаттар, және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігі мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартуға негіз болып табылады.

Қызмет алушы осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағында көзделген тізбеге сәйкес, құжаттардың толық емес топтамасын және (немесе) мерзімі өткен құжаттарды ұсынған жағдайда, Мемлекеттік корпорацияның қызметкері өтінішті қабылдаудан бас тартады және осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 4-қосымшасына сәйкес нысан бойынша құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді.

Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту себептерін жойған жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен көрсетілетін мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы қайта жүгінуге құқылы.

3-тарау. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер мәселесі бойынша қызмет көрсетушінің және (немесе) оның лауазымды тұлғаларының, Мемлекеттік корпорацияның және (немесе) оның қызметкерлерінің іс-әрекеттеріне (әрекетсіздіктеріне) шағымдану тәртібі

11. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер мәселесі бойынша қызмет көрсетушінің және (немесе) оның қызметкерлерінің шешімдеріне, іс-әрекеттеріне (әрекетсіздіктеріне) шағымдану: шағым осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 14-тармағында көрсетілген мекенжайлар бойынша қызмет көрсетушінің атына беріледі.

Шағым жазбаша түрде, пошта немесе қызмет көрсетушінің кеңсесі арқылы қолма-қол, сондай-ақ портал арқылы беріледі.

Жеке тұлғаның шағымында оның тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), тұрғылықты жерінің мекенжайы (ел, пошта индексі, облыс/аудан/елді мекен, көше/даңғыл/шағын аудан атауы, үй/пәтер нөмірі), байланыс телефоны көрсетіледі.

Шағымды қызмет көрсетушінің канцеляриясында тіркеу оны қабылдау болып табылады.

Мемлекеттік корпорация қызметкерінің әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым Мемлекеттік корпорация басшысына, осы стандарттың 14 тармағында көрсетілген мекен – жайлар мен телефондарға жөнелтіледі.

Мемлекеттік корпорацияда қолма-қол, поштамен келіп түскен шағымның қабылдауын растау, оны тіркеу болып табылады (мәртебан, кіріс нөмірі және тіркелу күні шағымның екінші данасына немесе шағымға ілеспе хатқа қойылады).

Портал арқылы жүгінгенде шағымданудың тәртібі туралы ақпаратты Бірыңғай байланыс-орталығының 1414 және 8 800 080 7777 телефондары бойынша алуға болады.

Шағымды қызмет алушының «жеке кабинетінен» портал арқылы жолдағанда, шағымның қаралу жағдайы туралы ақпарат қол жетімді, қызмет көрсетуші шағымды өңдеу барысында ол жаңартылып отырады (жеткізу, тіркеу, орындау туралы белгілер, қарау туралы немесе қараудан бас тарту туралы жауап).

Қызмет көрсетушінің немесе Мемлекеттік корпорацияның мекенжайына келіп түскен қызмет алушының атына келіп түскен шағымы 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады. Шағымның тіркелген күні оны қараудың мерзіміне кірмейді.

Шағымды қарау нәтижесі туралы дәлелді жауап пошта байланысының көмегімен қызмет алушыға жолданады немесе қызмет көрсетушінің немесе Мемлекеттік корпорацияның кеңселерінде қолма-қол беріледі.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер нәтижесімен келіспеген жағдайда, қызмет алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасына баға беретін және бақылау жасайтын уәкілетті органға шағымдануға жүгінуге құқылы.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасына баға беретін және бақылау жасайтын уәкілетті органның мекенжайына келіп түскен қызмет алушының шағымы оны тіркеген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуы тиіс.

12. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер нәтижесімен келіспеген жағдайда, қызмет алушының Қазақстан Республикасының заңнамаларында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқылы.

4-тарау. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет, оның ішінде электронды нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсетілетін қызмет ерекшеліктерін есепке алғандағы өзге де талаптар

13. Ағза қызметіндегі тұрақты ауытқудан денсаулығы бұзылғандықтан, оның өмір сүруін шектейтін қызмет алушыдан мемлекеттік көрсетілетін қызметтер үшін құжат қабылдау қажет болған жағдайда, Мемлекеттік корпорацияның қызметкері Бірыңғай байланыс-орталығының 1414 және 8 800 080 7777 телефонына жүгіну арқылы тұрақты мекенжайына барып жүзеге асырады.

14. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер мекенжайының орны интернет-ресурста орналасқан:

1) қызмет көрсетуші: www.pravstat.prokuror.kz, «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер» бөлімінде;

2) Мемлекеттік корпорация: www.gov4c.kz.

15. Қызмет алушы ЭЦҚ бар болған жағдайда мемлекеттік қызметті портал арқылы электронды түрде алуға мүмкіндігі бар.

16. Қызмет алушының порталдың «жеке кабинеті», қызмет берушінің ақпараттық қызметтері, сондай-ақ Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер мәселесі бойынша бірыңғай байланыс-орталығы арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің мәртебесі және тәртібі туралы ақпаратты алуға мүмкіндігі бар.

17. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер мәселесі бойынша анықтама қызметінің байланыс телефоны - 115. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер сұрақтары бойынша Бірыңғай байланыс-орталығының телефондары – 1414, 8 800 080 7777.

«Соттылықтың болуы не болмауы туралы анықтама беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымша

Нысан

Соттылықтың болуы немесе болмауы туралы
А Н Ы Қ Т А М А

С П Р А В К А
о наличии либо отсутствии судимости

_____
_____
(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде)/
фамилия, имя, отчество (при его наличии)

_____
_____
(туған жылы және жері/год и место рождения)

«__» _____20__ жылдағы жағдай бойынша соттылығы жоқ / бар.
по состоянию на «__» _____ 20_____года судимости не имеет/имеет.

Басқарма бастығы_____
Начальник управления_____

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!!!

Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеттің ақпараттық-анықтама есептерінің мәліметтері қолданыстағы заңнамаға сәйкес пайдаланылады.

Осы анықтамада көрсетілген мәліметтер қылмыстық істер бойынша процессуалдық шешім қабылдаған кезінде, мемлекеттік көрсетілетін қызметті атқаруға уәкілетті және оларға теңестірілген тұлғаларға қатысты арнайы тексерулер өндірісінде, сондай-ақ заңнамалық актілермен көзделген, оларды қылмыстық жауаптылыққа тартумен байланысты шектеулер қойылған тұлғаларға қатысты қолдануға жатпайды.

ВНИМАНИЕ!!!

Сведения информационно-справочных учетов Комитета по правовой статистике и специальным учетам используются в соответствии с действующим законодательством.

Указанные в настоящей справке сведения не подлежат использованию при принятии процессуальных решений по уголовным делам, при производстве специальных проверок в отношении лиц, уполномоченных на выполнение государственных функций, и лиц приравненных к ним, а также в отношении лиц, подпадающих под ограничения, связанные с привлечением их к уголовной ответственности, предусмотренные законодательными актами

(формат мөлшері А 4)
(размер формата А 4)

«Соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтама беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымша

Нысан

e-gov Қазақ электрондық үкімет порталының құжаттары / Документ сформирован порталом электронного правительства
Бірегей нөмір / Уникальный номер 20100818010931
Алу күні / Дата получения 18.08.2010

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БАС ПРОКУРАТУРАСЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ СТАТИСТИКА ЖӘНЕ АРНАЙЫ ЕСЕПКЕ АЛУ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТІ
КОМИТЕТ ПО ПРАВОВОЙ СТАТИСТИКЕ И СПЕЦИАЛЬНЫМ УЧЕТАМ ГЕНЕРАЛЬНОЙ ПРОКУРАТУРЫ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

А Н Ы Қ Т А М А
С П Р А В К А

_____
(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде)/
фамилия, имя, отчество (при его наличии)

_____
_____
(туған жылы және жері/год и место рождения)

«__» _____ 20__ жылдағы жағдай бойынша соттылығы жоқ /бар.
По состоянию на «__» _____ 20__ года судимости не имеет/имеет.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!!!

Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеттің ақпараттық-анықтама есептерінің мәліметтері қолданыстағы заңнамаға сәйкес пайдаланылады.

Осы анықтамада көрсетілген мәліметтер қылмыстық істер бойынша процессуалдық шешім қабылдағанда, мемлекеттік қызмет атқаруға уәкілетті және оларға теңестірілген тұлғаларға қатысты арнайы тексерулер өндірісінде, сондай-ақ, заңнамалық актілермен қарастырылған, оларды қылмыстық жауаптылыққа тартумен байланысты шектеулер қойылған тұлғаларға қатысты қолдануға жатпайды.

ВНИМАНИЕ!!!

Сведения информационно-справочных учетов Комитета по правовой статистике и специальным учетам используются в соответствии с действующим законодательством.

Указанные в настоящей справке сведения не подлежат использованию при принятии процессуальных решений по уголовным делам, при производстве специальных проверок в отношении лиц, уполномоченных на выполнение государственных функций, и лиц приравненных к ним, а также в отношении лиц, подпадающих под ограничения, связанные с привлечением их к уголовной ответственности, предусмотренные законодательными актами.

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» 2003 жылғы 7 қаңтардағы № 370-II ҚРЗ 1-бабына сәйкес қағаз жеткізгіштегі құжатпен бірдей.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе.

**штрих-код АЕА ААЖ алынған және Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы еспеке алу жөніндегі комитет бастығының электрондық-цифрлық қолтаңбасымен қол қойылған деректерді қамтиды

штрих-код содержит данные, полученные из АИС СУ и подписанный электронно-цифровой подписью начальника Управления Комитета по правовой статистике и специальным учетам Генеральной прокуратуры Республики Казахстан

«Соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтама беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3-қосымша

Нысан

Қазақстан Республикасы
Бас прокуратурасы Құқықтық статистика
және арнайы есепке алу жөніндегі
комитетінің_____
(Комитеттің аумақтық басқармасын
көрсету керек) басқармасының бастығы
_____
Қызмет алушы _____
_____
тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде)
Қызмет алушының өкілі
_____
тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде)
жеке куәлік (паспорт) деректері
құжат № _____
кіммен берілді _____
жеке сәйкестендіру нөмірі _____
мекенжайы: _____
байланыс телефоны: _____

Соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтама беру туралы
ӨТІНІШ

Сізден соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтама беруіңізді сұраймын _____
_____
_____
(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), туған жылы (күні, айы, жылы) (қажеттілік болған жағдайда, сондай-ақ, олар ауыстырылған кезде, бұрынғы айқындама деректерді көрсету қажет) анықтама сұратылған жеке тұлғаның жеке сәйкестендіру нөмірі, электрондық түрде немесе қағаз нұсқасында қандай анықтама керек екенін көрсету қажет)

Ақпараттық жүйедегі заңмен қорғалған құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

Қызмет алушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)_____
_____қолы_____
20____ жылғы «__» _____

«Соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтама беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 4-қосымша

Нысан

(көрсетілетін қызметі алушының тегі, аты,
әкесінің аты (бар болған жағдайда))
_____
_____
(көрсетілетін қызмет алушының мекенжайы)

Құжаттарға қабылдаудан бас тарту туралы қолхат

«Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 2013 жылғы 15 сәуірдегі 20-бабының 2-тармағын басшылыққа ала отырып, «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы филиалының №_____бөлімі (мекенжай көрсету керек) (мемлекеттік көрсетілетін қызметтерінің стандартына сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауын көрсету керек), Сіздің тізбеге сәйкес, құжаттар топтамасын толық ұсынбағандықтан және (немесе) мерзімі өтіп кеткен құжаттарды ұсынуыңызға байланысты, мемлекеттік көрсетілетін қызметтерге құжаттарыңызды қабылдаудан бас тартады, атап айтқанда:

Жоқ құжаттардың және (немесе) мерзімі өтіп кеткен құжаттардың атауы:
1)_____;
2)_____;
3)_____..

Осы қолхат әрбір тарап үшін бір-бірден екі данада жасалған.

Т.А.Ә. (бар болған жағдайда) («Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы қызметкерінің) (қолы)

Орындаушы: Т.А.Ә. (бар болған жағдайда) _____

Телефон _____

Алдым: Т.А.Ә. (ол болған жағдайда) / қызмет алушының қолы

«__» _____20__ жыл

Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2018 жылғы 24 желтоқсандағы №152 бұйрығына 2-қосымша

Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2015 жылғы 27 шілдедегі №95 бұйрығына 3-қосымша

«Прокуратура органдарынан, тергеу және анықтау органдарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

1-тарау. Жалпы ережелер

1. «Прокуратура органдарынан, тергеу және анықтау органдарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою» мемлекеттік көрсетілетін қызмет (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы әзірледі.

3. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті және оның аумақтық органдары көрсетеді (бұдан әрі – қызмет көрсетуші).

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерге құжаттарды қабылдау және нәтижесін беру коммерциялық емес акционерлік қоғам «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» арқылы жүзеге асырылады (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация).

2-тарау. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет тәртібі

4. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет мерзімі:

1) құжаттар топтамасын Мемлекеттік корпорацияға өткізген күнінен бастап – 5 (бес) жұмыс күні;

2) құжаттар топтамасын өткізу және алу кезіндегі кезекті ең көп рұқсат етілетін уақыты– 15 (он бес) минут;

3) ең көп рұқсат етілетін қызмет көрсету уақыты – 15 (он бес) минут;

Құжаттарға қабылдаған күн мемлекеттік көрсетілетін қызмет мерзіміне кірмейді.

5. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нысаны: қағаз жүзінде.

6. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесі – арнайы мөртабан-апостиль қойылған құжат, осы құжатты бекіткен тұлғаның қолтаңбасының түпнұсқасын және оның өкілеттігін, сонымен қатар мөрдің немесе мөртабаның түпнұсқасын куәландырады.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің нәтижесін ұсыну нысаны: қағаз жүзінде.

7. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет жеке тұлғаларға ақылы түрде көрсетіледі (бұдан әрі – қызмет алушы).

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет ақылы түрде көрсетіледі. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер үшін «Салық және бюджетке төленетін басқа да төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Кодексінің 615-бабының 7) тармақшасына сәйкес, әрбір құжат үшін 0,5 айлық есептік көрсеткіш көлемінде мемлекеттік баж салығы алынады.

Төлем «Электрондық үкіметтің» төлем шлюзі (ЭҮТШ) немесе екінші деңгейлі банктер арқылы жүзеге асырылады.

Құжаттарды апостильдегенде төлем жасау деректемелері: Астана қаласының Алматы ауданы бойынша мемлекеттік кіріс басқармасы, ж/ш-108125, ҚР ҚМ kkmfkz2a е/ш kz24070105 ksn0000000 бин 981140001105 КНП 911, 991.

8. Мемлекеттік корпорацияның жұмыс кестесі – дүйсенбіден бастап сенбіні қосқанда, демалыс және мерекелік күндерді қоспағанда, еңбек заңнамаларына сәйкес орнатылған жұмыс кестесімен түскі асқа үзіліссіз 9.00-ден 20.00-ге дейін.

Қабылдау, жедел қызмет көрсетусіз, «электрондық» кезек тәртібінде жүзеге асырылады.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет алушының қалауы бойынша «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы электронды кезекті броньдауға рұқсат етілген.

9. Мемлекеттік корпорацияға қызмет алушы жүгінуде мемлекеттік көрсетілетін қызметтер үшін қажетті құжаттар тізбесі:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтініш;

жеке басты куәландыратын құжат (жеке басты сәйкестендіру үшін);

Конвенцияға қатысушы елдердің аумағында заңдастыру талап етілетін, шетелдік ресми құжаттарға заңдастыру талаптарын жоятын, прокуратура органдарының, тергеу және анықтау органдарының ресми құжаттары;

баж салығын төлеу туралы түбіртек.

Мемлекеттік корпорация қызметкері жеке басты куәландыратын құжаттар туралы мәліметтерді «электронды үкімет» шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Мемлекеттік корпорацияның қызметкері құжаттарды қабылдаған кезде олардың толықтығына тексеру жүргізеді.

Құжаттарды қабылдағанда Мемлекеттік корпорация қызметкері құжаттардың электрондық көшірмелерін жасап (сканерлеп), одан кейін қызмет алушыға түпнұсқаларын қайтарады.

Құжаттарға қабылдағанда Мемлекеттік корпорация қызметкері қызмет алушыға тиісті құжаттарға қабылдау туралы қолхат береді.

Мемлекеттік корпорацияда дайын құжаттарды беруге қолхат негізінде, жеке бас куәландыратын құжатты ұсынумен жүзеге асырылады (немесе оның өкілінің нотариалды куәландырылған сенімхатының негізінде).

Мемлекеттік корпорация 1 (бір) ай ішінде нәтиженің сақталуын қамтамасыз етеді, одан кейін қызмет көрсетушіге әрі қарай сақтауға береді. Қызмет алушы 1 (бір) өткеннен кейін жүгінген жағдайда, Мемлекеттік корпорацияның сұрауы бойынша қызмет көрсетуші 1 (бір) жұмыс күні ішінде дайын құжаттарды қызмет алушыға беру үшін Мемлекеттік корпорацияға жолдайды.

10. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін қызмет алушы ұсынған құжаттардың, және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігінің анықталуы мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартуға негіз болып табылады.

Осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағында көзделген тізбеге сәйкес, қызмет алушы құжаттардың толық емес пакетін және (немесе) мерзімі өткен құжаттарды ұсынған жағдайда, Мемлекеттік корпорацияның қызметкері өтінішті қабылдаудан бас тартады және осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 2-қосымшасына сәйкес, құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді.

Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту себептерін жойған жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен көрсетілетін мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы қайта жүгінуге құқылы.

3-тарау. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің мәселесі бойынша қызмет көрсетушінің және (немесе) оның лауазымды тұлғаларының, Мемлекеттік корпорацияның және (немесе) оның қызметкерлерінің іс-әрекеттеріне (әрекетсіздіктеріне) шағымдану тәртібі

11. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің мәселесі бойынша қызмет көрсетушінің, Мемлекеттік корпорацияның және (немесе) оның қызметкерлерінің шешімдеріне, іс-әрекеттеріне (әрекетсіздіктеріне) шағымдану: шағым осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 14-тармағында көрсетілген мекен-жайлар бойынша қызмет көрсетушінің басшысының атына беріледі.

Шағым жазбаша түрде, пошта немесе қызмет көрсетушінің кеңсесі арқылы қолма-қол қабылданады.

Мемлекеттік корпорация қызметкерлері дұрыс қызмет көрсетпеген жағдайда, шағым Мемлекеттік корпорация басшысының атына жолданады.

Қолма-қол, сонымен қатар поштамен Мемлекеттік корпорацияға келіп түскен шағымның қабылдануын бекіту оны тіркеу болып табылады (мәртабан, кіріс нөмірі және тіркелген күні шағымның екінші данасына немесе шағымға ілеспе хатқа қойылады).

Қызмет көрсетушінің немесе Мемлекеттік корпорацияның мекенжайына келіп түскен қызмет алушының шағымы оның тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қарауға жатады. Шағымды қараудың нәтижесі туралы дәлелді жауап пошта байланысының көмегімен қызмет алушыға жолданады немесе қызмет көрсетушінің немесе Мемлекеттік корпорацияның кеңселерімен қолма-қол беріледі.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің нәтижесімен келіспеген жағдайда, қызмет алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасына баға беретін және бақылау жасайтын уәкілетті органға шағымдануға жүгінуге құқылы.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасына баға беретін және бақылау жасайтын уәкілетті органның мекенжайына келіп түскен қызмет алушының шағымы оны тіркеген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуы тиіс.

12. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер нәтижесімен келіспеген жағдайда, қызмет алушының Қазақстан Республикасының заңнамаларында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқылы.

4-тарау. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет, оның ішінде Мемлекеттік корпорация арқылы көрсетілетін қызмет ерекшеліктерін есепке алғандағы өзге де талаптар

13. Дене қызметіндегі тұрақты ауытқудан денсаулығының бұзылуынан оның өм

(Соңы. Басы 13-бетте)

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің 2018 жылғы 26 қазандағы №ҚР ДСМ-29 бұйрығымен бекітілген

«Әкімшілік және тұрғын ғимараттарға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы «Әкімшілік және тұрғын ғимараттарға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары (бұдан әрі – Санитариялық қағидалар) «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 7-1-бабының 1-тармағының 2) тармақшасына, 144-бабының 6-тармағына және 145-бабына сәйкес әзірленген және:

1) жер учаскесін таңдауға, жобалауға, реконструкциялауға, пайдалануға;

2) тұрғын үй-жайларды, тұрғын үй құрылысының аумағын сумен жабдықтауға, су бұруға, жылумен жабдықтауға, жарықтандыруға, желдетуге, микроклиматына, физикалық факторларға;

3) әкімшілік және тұрғын ғимараттарын (бұдан әрі – ғимараттар) жөндеуге және күтіп-ұстауға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды айқындайды.

2. Осы Санитариялық қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) әкімшілік ғимарат – мемлекеттік, шаруашылық, қоғамдық ұйымдар мен мекемелердің басқарушы аппаратының жұмысы үшін орта құрудың ортақ сәулеттік міндетімен біріктірілген құрылыс, оның ішінде кеңселер;

2) жатақхана – еңбек шарты бойынша жұмыс істейтін адамдардың, оқу кезінде студенттердің (курсанттар, аспиранттардың) және білім алушылардың, сондай-ақ жатақхананың меншік иесімен немесе иесімен шарты бар басқа да адамдардың тұруы үшін арнайы салынған немесе қайта жабдықталған тұрғын ғимараты;

3) жертөле қабаты (жерасты) – үй-жайлардың едені үй-жай биіктігінің жартысынан асатын жердің жоспарлы белгісінен төмен белгіленген қабат немесе бірінші жерасты қабаты (үй-жайдың барлық биіктігі бойымен);

4) инсоляция – аланды, үй-жайларды, ғимараттарды гигиеналық бағалау үшін күн радиациясының нормаланатын көрсеткіші;

5) тұрғын ғимараты – негізінен тұрғын үй-жайлардан (пәтерлерден) және үйдің ортақ пайдаланылатын бөліктерінен, сондай-ақ тұрғын емес үй-жайлардан тұратын құрылыс;

6) цокольдық қабат – үй-жайдың едені үй-жай биіктігінің жартысынан аспайтын биіктікте жердің жоспарлы белгісінен төмен белгіленген қабат;

7) шудың рұқсат етілетін деңгейі – адамның айтарлықтай мазасыздануын және шуға сезімтал жүйелер мен анализаторлардың функционалдық жағдайы көрсеткіштерінің елеулі өзгеруін тудырмайтын фактордың деңгейі.

2-тарау. Ғимараттардың жер учаскесін таңдауға, жобалауға, реконструкциялауға және пайдалануға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

3. Ғимараттардың жер учаскесін таңдау, жобалау, реконструкциялау Кодекстің 144-бабының 6-тармағына және 145-бабына сәйкес халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган бекіткен санитариялық қағидалар мен гигиеналық нормативтердің талаптарына және «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» 2001 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабының 23-16) тармақшасына сәйкес сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті орган бекіткен сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтердің (бұдан әрі - сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтер) талаптарына сәйкес айқындалады.

4. Ғимараттарды жобалау, реконструкциялау және пайдалану кезінде цокольдық және (немесе) жертөле (жерасты) қабаттарында тұрғын үй-жайларды орналастыруға жол берілмейді.

5. Аумақты функционалдық аймақтау инсоляцияға қойылатын мынадай гигиеналық нормативтерді сақтаумен қамтамасыз етіледі:

1) тұрғын ғимараттарды жобалау, жаңадан жобалау және селитебті аумақты қайта жоспарлау кезінде инсоляцияның 2,5 сағаттық ұзақтығы:

бір, екі, үш бөлмелі пәтерлердің кем дегенде бір тұрғын бөлмесінде;

төрт, бес, алты бөлмелі пәтерлердің кем дегенде екі тұрғын бөлмесінде;

жатақханада тұрғын бөлмелердің кемінде 60%-да қамтамасыз етілуі тиіс;

2) инсоляцияның 3 сағаттық ұзақтығы мектепке дейінгі ұйымдардың ойын және топтық бөлмелерінде, жалпы білім беретін, бастауыш мектептердің, мектеп-интернаттардың сыныптарында және мектеп-интернаттардың жатын үй-жайларында, тұрғын үйлердің балалар ойын алаңдары мен спорт алаңдарының ойын құрылғылары, мектепке дейінгі ұйымдардың топтық алаңдары, спорт аймағы, жалпы білім беретін мектептер мен мектеп-интернаттардың демалыс аймақтары аумақтарында қамтамасыз етіледі;

3) ғимараттар орналастыру және олардың бағдары үй-жайлар мен аумақтарда ұздіксіз инсоляцияның мынадай ұзақтығын қамтамасыз етеді:

орталық аймақ үшін (580 – 480 солтүстік ендік географиялық ендіктер ауқымында) 22 наурыздан бастап 22 қыркүйек аралығында күніне кемінде 2,5 сағат;

солтүстік аймақ үшін (580 солтүстік ендіктен солтүстікке қарай) 22 сәуірден бастап 22 тамыз аралығында күніне кемінде 3 сағат;

оңтүстік аймақ үшін (480 солтүстік ендіктен кем) 22 ақпаннан бастап 22 қыркүйек аралығында күніне кемінде 2 сағат;

4) жылдың ыстық уақытында үй-жайларда инсоляцияның артық жылулық әсерін шектеу ғимараттың тиісті жоспарлануымен және бағдарымен; күннен қорғау құрылғыларын қолдана отырып аумақтарды абаттандырумен, қажет болған жағдайда ауа баптау және ішкі салқындату жүйелерімен қамтамасыз етіледі;

5) аумақты инсоляцияның жылулық әсерінен шектеу арнайы көлеңкелеу құрылғысымен және оңтайлы көгалдандырумен ғимараттан көлеңкелену арқылы қамтамасыз етіледі.

6. Тұрғын ғимараттарды жобалау және реконструкциялау кезінде бір адамға тұрғын алаңның өлшемі кемінде 15 шаршы метр (бұдан әрі – м^2) есебімен айқындалады.

7. Әкімшілік ғимараттарды жобалау және реконструкциялау кезінде үй-жайлардың алаңы бір қызметкерге 6 м^2, кресло-арбаларды пайдаланып жұмыс істейтін мүгедектер үшін тиісінше 5,65 және 7,65 м^2 есебімен қабылданады.

8. Жұмыс орындарын ірі габаритті жабдықпен жарақтандыру және жұмыс үй-жайларында ұжымдық пайдаланылатын жабдықты (электрондық есептеуіш машиналар терминалдарын, микрофильмдер көру аппаратарын және басқасын) орналастыру кезінде үй-жайлардың алаңы жабдықты пайдалануға арналған техникалық құжаттарға сәйкес ұлғайтылады.

9. Жатақханаларды жобалау және реконструкциялау кезінде тұрғын бөлмелердің алаңы бір адамға кемінде 6 м² есебімен айқындалады.

10. Жатақханалардың әр қабатында санитариялық торапталар, қол жуатын орындар, асүйлер көзделеді.

Жатақханалардағы санитариялық-техникалық аспаптардың саны: 4-6 адамға 1 себезгі, 1 қолжуғыш және 1 унитаз есебімен көзделеді.

Әкімшілік ғимараттарда және жатақханаларда санитариялық тораптарға қойылатын, оның ішінде халықтың қимыл-қозғалысы шектелген топтары үшін талаптар сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтердің талаптарына сәйкес көздеу керек.

11. Әкімшілік ғимараттарда мен жатақханаларда демалуға және тамақ ішуге, жеке және арнайы киімді сақтауға арналған бөлмелер (орындар), себезгі, санитариялық тораптама бөлінеді.

12. Ғимараттарда:

1) санитариялық тораптарды тұрғын бөлмелер үстінде орналастыруға;

2) қоқыс камераларын тұрғын үй-жайлар астында орналастыруға;

3) қоқыс құбырларын тұрғын бөлмелерге жанастыруға;

4) тұрғын үй-жайларды мақсатынан тыс пайдалануға жол берілмейді;

5) осы Санитариялық қағидалардың 6 және 7-тармақтарында көрсетілген есептулерге сайкес келмейтін үй-жайларды пайдалануға жол берілмейді.

13. Ғимараттардың үй-жайларын әрлеу үшін олардың сапасын және қауіпсіздігін растайтын құжаттары бар құрылыс материалдарын пайдаланады.

Ғимараттарға кіретін жердегі және баспалдақ алаңдарындағы еден тайғақ, сондай-ақ деңгейі әртүрлі болмауы тиіс.

14. Ғимараттар объектілеріне қолжетімділік сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтердің талаптарын сақтау арқылы қамтамасыз етіледі.

15. Лифт шахталарын сыртқы және ішкі қоршау конструкциялары дыбыстан оқшауланған жағдайда тұрғын емес бөлмелермен көршілес орналастыруға жол беріледі.

16. Ғимараттарға кіретін жерде қоқысқа арналған урналар және аяқкиімді тазартуға арналған торлар орнатылады.

17. Тұрғын ғимараттарында сауықтыру және ойын-сауық мақсатындағы ұйымдарды, денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету мекемелерін, қоғамдық тамақтану, бөлшек сауда және тұрмыстық қызмет көрсету объектілерін, мектепке дейінгі тәрбиелеу және білім беру ұйымдарын, басқарма, ақпарат және байланыс мекемелерін орналастыру кезінде:

1) дербес кіруді орнату;

2) көршілес және (немесе) жоғарыда жатқан тұрғын үй-жайларды дыбыстан оқшаулау бойынша іс-шараларды әзірлеу;

3) тұрғын үй-жайлар үшін рұқсат етілетін көрсеткіштерден аспайтын, шу және діріл тудырмайтын инженерлік технологиялық және басқа да жабдықты қолдану көзделеді.

18. Жобалау кезінде балаларға арналған ойын алаңдарын магистральды көшелерден, коммуналдық және өндірістік кәсіпорындардан, гараждардан алыс оңаша жер учаскелерінде орналастыру керек. Ойын алаңдарының аумақтары арқылы қалалық (селолық) мақсаттағы инженерлік коммуникациялар (сумен жабдықтау, су бұру, жылумен жабдықтау, электрмен жабдықтау, газбен жабдықтау) өтпеуі тиіс.

3-тарау. Ғимараттардың сумен жабдықтау, су бұру, жылумен жабдықтау, жарықтандыру, желдету жүйелеріне, микроклиматына, физикалық факторларына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

19. Ғимараттарда шаруашылық-ауыз су, ыстық сумен жабдықтау, су бұру, жылумен жабдықтау, жарықтандыру, желдету және ауа баптау жарамды күйінде көзделеді.

20. Ғимараттар Кодекстің 144-бабының 6-тармағына және 145-бабына сәйкес бекітілген санитариялық қағидалардың, гигиеналық нормативтердің белгіленген талаптарына сәйкес қауіпсіз және сапалы ауыз сумен қамтамасыз етіледі.

21. Селолық елді мекендерде орталықтандырылған сумен жабдықтау болмаған жағдайда орталықтандырылмаған сумен жабдықтау көзделеді.

22. Орталықтандырылған ыстық сумен жабдықтау жүйесі болмаған жағдайда су жылытқыштар орнатылады. Ыстық және суық су тұратын жерлердегі, медициналық мақсаттағы үй-жайлардағы барлық ванналарға, себізгілерге, кір жуатын орындарға, қолжуғыштарға, сондай-ақ ас блогындағы технологиялық жабдықтарға жүргізіледі.

Технологиялық және шаруашылық-тұрмыстық мақсаттар үшін сумен жылыту жүйесінен ыстық су пайдалануға жол берілмейді.

23. Селолық елді мекендерде ғимараттарды кәрізделмеген және ішінара кәрізделген жерлерде орналастыру кезінде жергілікті су бұру құрылғысы көзделеді. Сарқынды суды қабылдау ғимараттар аумақтарындағы шаруашылық аймақта орналасқан, гидравликалық бекітпелері бар қақпақтармен (сифондармен) жарақталған ортақ немесе бөлек су өтпейтін жерасты сыйымдылықтарына (шұңқырларға, тұндырғыштарға) жүзеге асырылады, оларды тазарту уақтылы жүргізіледі.

Сарқынды суларды ашық су айдындарына және іргелес аумаққа шығаруға, сондай-ақ сіңіретін құдықтар орнатуға жол берілмейді.

24. Қойма және тұрмыстық үй-жайларда су бұру үшін көріз тіккұбырларын сыланған қораптарда жүргізеді.

25. Ғимараттар орталықтандырылған жылу жүйелерімен жабдықталады. Орталықтандырылған жылумен жабдықтау көзі болмаған жағдайда дербес қазандық немесе басқа да жылумен жабдықтау көздері көзделеді.

26. Селолық елді мекендерде пешпен жылытуды орнатуға жол беріледі.

27. Ғимараттарда Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 28 ақпандағы № 169 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2015 жылғы 23 мамырда № 11147 болып тіркелген) бекітілген адамға әсер ететін физикалық факторларға қойылатын гигиеналық нормативтердің талаптарына сәйкес келеді.

28. Табиғи жарықтандырусыз санитариялық тораптар, себезгілер, қоймаларды, мәжіліс залдарын және басқа да адамдар қысқа уақытта болатын қосалқы үй-жайларды орналастыруға жол беріледі.

29. Ғимараттар желдету және ауа баптау жүйелері көзделеді. Ғимараттар желдету және ауа баптау жүйелерін жобалау Кодекстің 144-бабының 6-тармағына және 145-бабына сәйкес бекітілген санитариялық қағидалардың, гигиеналық нормативтердің және сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтердің талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

30. Ғимараттардың үй-жайларында микроклиматтың параметрлері Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 28 ақпандағы № 169 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2015 жылғы 23 мамырда № 11147 болып тіркелген) бекітілген адамға әсер ететін физикалық факторларға қойылатын гигиеналық нормативтердің талаптарына сәйкес қамтамасыз етіледі.

31. Тұрғын ғимараттардың үй-жайларында ауаның есептік параметрлері және ауа алмасу жиілігі осы Санитариялық қағидаларға қосымшаға сәйкес көрсеткіштерді қамтамасыз етеді.

32. Ғимараттардың үй-жайларында инфрадыбыстың және шудың рұқсат етілетін деңгейлері Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 28 ақпандағы № 169 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2015 жылғы 23 мамырда №11147 болып тіркелген) бекітілген адамға әсер ететін физикалық факторларға қойылатын гигиеналық нормативтердің талаптарына сәйкес келеді.

33. Айнымалы тоқтың әуемен электр беру желісінен және басқа да объектілерден 50 герц өнеркәсіптік жиіліктегі электр өрісінің кернеуі жер бетінен 1,8 метр биіктікте метріне 1 киловаттан аспайды.

4-тарау. Ғимараттардың аумағына, жөндеуге және күтіп-ұстауға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

34. Ғимараттарға іргелес аумақ абаттандырылады, кіретін жолдар мен жаяу жүргіншілерге арналған жолдардың қатты жабындысы болады, таза ұсталады.

35. Қалдықтарды жинау, сақтау, тасымалдау Кодекстің 144-бабының 6-тармағына және 145-бабына сәйкес бекітілген санитариялық қағидалардың, гигиеналық нормативтердің талаптарына сәйкес реттеледі.

36. Әкімшілік ғимараттар мен жатақханалардың үй-жайларын жөндеу қажеттілігіне қарай жүргізіледі.

37. Әкімшілік ғимараттар мен жатақханалардың барлық үй-жайлары жуу құралдарын қолдана отырып күнделікті ылғалды жиналады.

Жабдықтарды, мүкәммалды, әкімшілік ғимараттар мен жатақханалардың үй-жайларды жуу және дезинфекциялық үшін технологиялық нұсқаулыққа, дайындаушының қолдану жөніндегі нұсқаулығына сәйкес Қазақстан Республикасының және Кеден одағына мүше мемлекеттердің аумағында қолдануға рұқсат етілген жуу және дезинфекциялау құралдарын пайдаланады.

38. Жылыту радиаторлары жинау үшін жеңіл қолжетімді болуы тиіс.

39. Үй-жайлар фрамугалар, желкөздер немесе басқа да құрылғылар арқылы желдетумен қамтамасыз етіледі.

40. Санитариялық тораптарды жинауға арналған жинау мүкәммалына (шелек, швабралар) сигналды таңбалау жазылады, жинау мүкәммалы (шелек, швабралар, шүберек) мақсаты бойынша пайдаланылады. Жинау мүкәммалын сақтау үшін үй-жайлар (орын) бөлінеді.

41. Жатақханаларда жұмсақ мүкәммал (матрастар, жастықтар, көрпелер) эпидемиялық көрсеткіштер бойынша Кодекстің 144-бабының 6-тармағына және 145-бабына сәйкес бекітілген санитариялық қағидалардың, гигиеналық нормативтердің талаптарына сәйкес дезинфекцияланады.

42. Матрастар ластануына қарай жуылып тұратын ауысымды матрас қаптармен қамтамасыз етіледі. Төсек-орын тысын ауыстыру ластануына қарай, бірақ күнтізбелік 7 күннен сиретпей жүргізіледі. Жұмсақ мүкәммал дайындаушы көрсеткен пайдалану мерзіміне сәйкес ауыстырылады.

43. Төсек-орын жабдықтарының жиынтықтары (матрас қаптар, жастықтар, көрпелер) таза төсек-орын қойма үй-жайларында шкафтарда (стеллаждарда) сақталады.

44. Жатақханалардың асүйлерінде күнделікті және толуына қарай босатылып тұратын тамақ қалдықтарына арналған тығыз жабылатын сыйымдылықтар орнатылады.

45. Ғимараттардың жертөле үй-жайлары таза ұсталады, құрғақ және жарықтандырылған болуы тиіс.

Ғимараттардың жертөле үй-жайларында су ағу, авариялар және коммуникациялардың бітеліп қалуы уақтылы жойылады. Авария жойылғаннан кейін жертөле үй-жайларындағы көріз желілерінде профилактикалық дезинфекциялық іс-шаралар жүргізіледі.

46. Ғимараттардағы дезинфекциялық, дезинсекциялық және дератизациялық іс-шаралар Кодекстің 144-бабының 6-тармағына және 145-бабына сәйкес бекітілген санитариялық қағидалардың, гигиеналық нормативтердің талаптарына сәйкес жүргізіледі.

«Әкімшілік және тұрғын ғимараттарға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларына қосымша

Тұрғын ғимараттардың үй-жайларындағы ауаның есепті параметрлері және ауа алмасу жиілігі

Р/с №	Үй-жай	Жылдың салқын мезгіліндегі ауаның есепті температурасы, °С	Ауа алмасу жиілігі немесе үй-жайдан шығарылатын ауаның мөлшері	
			Ауаның кіруі	Ауаның сорып шығарылуы
1	2	3	4	5
1	Пәтердегі немесе жатақханадағы тұрғын бөлме	20		Тұрғын үй-жайлардың 1 шаршы метріне (бұдан әрі – м^2) сағатына 3 текше метр (бұдан әрі – м^3/сағ)
2	Пәтер және жатақхана асүйі, электрлі плиталары, газ плиталары бар су қайнататын бөлме	18	-	2-конфоралы плиталарда кемінде 60 м^3/сағ, 3-конфоралы плиталарда 75 м^3/сағ және 4-конфоралы плиталарда 90 м^3/сағ
3	Пәтерлердегі киім және аяқкиім кептіретін шкаф	-	-	30 м^3/сағ
4	Ванна бөлмесі	25	-	25
5	Жеке санитариялық торап	18	-	25
6	санитариялық торап мен ванна біріктірілген үй-жай	25	-	50
7	Жатақханадағы киім тазартатын және үтіктейтін гардероб, қол жуатын орын	18	-	1,5
8	Пәтерлі тұрғын ғимаратындағы немесе жатақханадағы вестибюль, ортақ дәліз, кіреберіс, баспалдақ торлары	18	-	-
9	Кір жуатын орын	15	Есеп бойынша, бірақ кемінде 4	7
10	Жатақханалардағы киім үтіктейтін, кептіретін орын	15	Есеп бойынша, бірақ кемінде 3	3
11	Жатақханалардағы жеке заттарды, спорттық мүкәммалды сақтайтын, шаруашылық және төсек-орын сақтайтын қоймалар	12	-	0,5
12	Лифтілердегі машина үй-жайы	5	-	Есеп бойынша, бірақ кемінде 0,5
13	Қоқыс жинағыш камера	5	-	1 (қоқыс салғыш діңгегі арқылы)

Ескертпе: 1 ғимараттардың бұрыштағы үй-жайларында ауаның есепті температурасы жоғарыда көрсетілген кестеден 2 градусқа (бұдан әрі - °С) жоғары қабылдануы тиіс.

2. Жылдың жылы мезгілінде лифтілердің машина үй-жайындағы ауа температурасы 40°С-тан аспауы тиіс.

Бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 23 қарашада Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №17769 болып енгізілді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІНІҢ БҰЙРЫҒЫ

2018 жылғы 5 желтоқсан №ҚР ДСМ-34 Астана қаласы

«Фармацевтикалық қызмет саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенттерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 29 мамырдағы № 416 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

«Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 2) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Фармацевтикалық қызмет саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенттерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 29 мамырдағы № 416 бұйрығына (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде №11484 болып тіркелген, «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 29 шілдеде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін.

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Мынадай:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес «Қазақстан Республикасында тіркелген және тіркелмеген дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды және медициналық техниканы әкелуге (әкетуге) келісім және (немесе) қорытынды (рұқсат беру құжатын) беру»;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес «Дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың қауіпсіздігі, тиімділігі мен сапасы туралы қорытынды беру»;

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес «Фармакологиялық және дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы клиникалық зерттеуді және (немесе) сынауды жүргізуге рұқсат беру»;

4) осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес «Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы мемлекеттік тіркеу, қайта тіркеу және дәрілік заттардың тіркеу құжатына өзгерістер енгізу»;

5) осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес «Бірегей дәрілік заттардың атауларын бекіту (бекітпеу) туралы шешімді беру»;

6) осы бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес «Фармацевтикалық білімі бар мамандарға біліктілік санатын беру туралы куәлік беру»;

7) осы бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес «Фармацевтикалық өнімге арналған сертификатты беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттері бекітілсін.»;

2-қосымша осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес 7-қосымшамен толықтырылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген «Қазақстан Республикасында тіркелген және тіркелмеген дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды және медициналық техниканы әкелуге (әкетуге) келісім және (немесе) қорытынды (рұқсат беру құжатын) беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентінде:

1-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«1-тарау. Жалпы ережелер»;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қазақстан Республикасында тіркелген және тіркелмеген дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды және медициналық техниканы әкелуге (әкетуге) келісім және (немесе) қорытынды (рұқсат беру құжатын) беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметін (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Фармация комитеті (бұдан әрі – Комитет) немесе оның аумақтық бөлімшелері (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші), оның ішінде «электрондық үкімет»: www.egov.kz веб-порталы немесе «Е-лицензиялау»: www.elicense.kz веб-порталы арқылы көрсетеді.

2-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«2-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету процесінде көрсетілетін қызмет берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) іс-қимыл тәртібінің сипаттамасы»;

5-тармақтың бірінші бөлігінің 1-тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасында тіркелген және тіркелмеген дәрілік заттарды әкелуге/әкетуге құжаттарды тапсырған күннен бастап, сондай-ақ порталға жүгінген кезде құжаттарды тапсырған сәттен бастап – 5 (бес) жұмыс күні, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы әкелуге/әкетуге – 5 (бес) жұмыс күні;»;

3-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«3-тарау. Көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызмет көрсету процесінде құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) өзара іс-қимылы тәртібінің сипаттамасы»;

7-тармақтың 3-тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) көрсетілетін қызметті берушінің маманы – Қазақстан Республикасында тіркелген және тіркелмеген дәрілік заттарды әкелуге/әкетуге – 3 жұмыс күні; медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы әкелуге/әкетуге – 3 жұмыс күні.»;

Орындалу мерзімі көрсетілген мемлекеттік қызмет көрсету бизнес-процесінің схемасы осы Регламентке 1-қосымшада келтірілген.»;

Орындалу мерзімі көрсетілген мемлекеттік қызмет көрсету бизнес-процесінің схемасы осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

көрсетілген бұйрықпен бекітілген «Фармакологиялық және дәрілік заттарға, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техникаға клиникалық зерттеуді және (немесе) сынау жүргізуге рұқсат беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентінде:

1-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«1-тарау. Жалпы ережелер»;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. «Фармакологиялық және дәрілік заттарға, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техникаға клиникалық зерттеуді және (немесе) сынау жүргізуге рұқсат беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметті 2009 жылғы 18 қыркүйектегі «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі 74-бабының негізінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 сәуірдегі № 293 бұйрығымен бекітілген «Фармакологиялық және дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы клиникалық зерттеуді және (немесе) сынауды жүргізуге рұқсат беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына сәйкес (бұдан әрі – Стандарт) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Фармация комитеті көрсетеді (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №11338 болып тіркелген).»;

2-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«2-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызмет берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) іс-қимыл тәртібінің сипаттамасы»;

6-тармақтың 2-бөлігінің 1-тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасында тіркелген және тіркелмеген дәрілік заттарды әкелуге/әкетуге құжаттарды тапсырған күннен бастап, сондай-ақ порталға жүгінген кезде құжаттарды тапсырған сәттен бастап – 5 (бес) жұмыс күні, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы әкелуге/әкетуге – 5 (бес) жұмыс күні;»;

3-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«3-тарау. Көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызмет көрсету процесінде құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) өзара іс-қимылы тәртібінің сипаттамасы»;

7-тармақтың 3-тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) көрсетілетін қызметті берушінің маманы – Қазақстан Республикасында тіркелген және тіркелмеген дәрілік заттарды әкелуге/әкетуге – 3 жұмыс күні; медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы әкелуге/әкетуге – 3 жұмыс күні.»;

Орындалу мерзімі көрсетілген мемлекеттік қызмет көрсету бизнес-процесінің схемасы осы Регламентке 1-қосымшада келтірілген.»;

Орындалу мерзімі көрсетілген мемлекеттік қызмет көрсету бизнес-процесінің схемасы осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

көрсетілген бұйрықпен бекітілген «Фармакологиялық және дәрілік заттарға, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техникаға клиникалық зерттеуді және (немесе) сынау жүргізуге рұқсат беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентінде:

1-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«1-тарау. Жалпы ережелер»;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. «Фармакологиялық және дәрілік заттарға, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техникаға клиникалық зерттеуді және (немесе) сынау жүргізуге рұқсат беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметті 2009 жылғы 18 қыркүйектегі «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі 71-бабының негізінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 сәуірдегі № 293 бұйрығымен бекітілген «Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы мемлекеттік тіркеу, қайта тіркеу және дәрілік заттардың тіркеу құжатына өзгерістер енгізу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына сәйкес (бұдан әрі – Стандарт) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Фармация комитеті көрсетеді (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші). (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11338 болып тіркелген).»;

2-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«2-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілген қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) әрекеттері тәртібінің сипаттамасы»;

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Мемлекеттік қызметті көрсету процесінің рәсімдері (әрекеттері):

1-процесс – көрсетілетін қызметті беруші кеңсесінің қызметкері құжат келіп түскен сәттен бастап 0,5 жұмыс күні (4 сағат) ішінде алынған құжаттарға тіркеу жүргізеді және көрсетілетін қызметті берушінің басшысына қарауға береді, бұл ретте өтініштің оң жақ төменгі бұрышына келіп түскен күні мен кіріс нөмірі көрсетіле отырып, мемлекеттік тілде тіркеу мөртаңбасы қойылады;

2-процесс – көрсетілетін қызметті берушінің басшысы құжат келіп түскен сәттен бастап 0,5 жұмыс күні (4 сағат) ішінде көрсетілетін қызметті алушының құжатын қарайды және көрсетілетін қызметті беруші басшысының орынбасарына береді;

3-процесс – көрсетілетін қызмет беруші басшысының орынбасары құжат келіп түскен сәттен бастап 0,5 жұмыс күні (4 сағат) ішінде көрсетілетін қызметті алушының құжатын қарайды және Фармацевтикалық қызметтер саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер және интеграция басқармасының (бұдан әрі – Басқарма) басшысына береді;

4-процесс – Басқарма басшысы құжат келіп түскен сәттен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті алушы құжатының қойылатын талаптарға сәйкестігін қарайды және Басқарманың бас сарапшысына (сарапшысына) береді;

5-процесс – Басқарманың бас сарапшысы (сарапшысы) құжатты алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті алушының құжатын қарауды жүзеге асырады және бұйрық жобасын дайындайды, көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамдарына қол қойдырады және көрсетілетін қызметті берушінің басшысына қол қоюға ұсынады;

6-процесс - Комитеттің басшысы 0,5 жұмыс күні (4 сағат) ішінде бұйрықтың жобасын қарайды, қол қояды және Басқарманың бас сарапшысына (сарапшысына) береді;

7-процесс – Басқарманың бас сарапшысы (сарапшысы) 0,5 жұмыс күні (4 сағат) ішінде қол қойылған бұйрықты көрсетілетін қызметті берушінің негізгі қызметтер бойынша бұйрықтарды тіркеу журналына тіркейді және оған нөмір береді.»;

3-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«3-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызмет берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерл

(Соңы. Басы 14-бетте)

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2018 жылғы 5 желтоқсандағы №ҚР ДСМ-34 бұйрығына 1-қосымша

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 29 мамырдағы №416 бұйрығына 2-қосымша

«Дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың қауіпсіздігі, тиімділігі және сапасы туралы қорытынды беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті

1-тарау. Жалпы ережелер

«Дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың қауіпсіздігі, тиімділігі және сапасы туралы қорытынды беру» – мемлекеттік көрсетілетін қызметті (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды және медицина техникасын сараптау ұлттық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 сәуірдегі №293 бұйрығымен бекітілген «Фармацевтикалық қызмет саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының негізінде көрсетіледі (бұдан әрі – Стандарт) (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде №11338 болып тіркелген).

2. Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны – қағаз түрінде.

Егер көрсетілетін қызметті алушы құжаттар мен материалдарды (дәрілік заттар және медициналық мақсаттағы бұйымдар үлгілерін қоспағанда) көрсетілетін қызметті берушінің ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – ақпараттық жүйе) арқылы ұсынса, өзара іс-қимыл нысаны – электрондық (ішінара автоматтандырылған).

Көрсетілетін қызметті алушының көрсетілетін қызметті берушінің www.dari.kz ресми сайтында «жеке кабинет» арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі және мәртебесі туралы ақпарат алу мүмкіндігі бар.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі мемлекеттік тіркеу, қайта тіркеу, тіркеу құжатына өзгерістер енгізу мүмкіндігі немесе мүмкін еместігі туралы ұсыныммен дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың қауіпсіздігі, тиімділігі және сапасы туралы қорытынды (бұдан әрі – қорытынды) болып табылады.

Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап Стандарттың 10-тармағында көзделген жағдайларда және негіздемелер бойынша жүзеге асырылады.

4. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: қағаз түрінде.

2-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету процесінде көрсетілетін қызмет берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) іс-қимыл тәртібінің сипаттамасы

5. Мемлекеттік қызмет көрсету рәсімдерін (іс-әрекеттерін) бастау үшін Стандарттың 9-тармағында көзделген өтінішті, құжаттар мен материалдарды көрсетілеті қызметті алушының беруі және көрсетілетін қызметті берушінің қабылдауы негіздеме болып табылады.

Қағаз жеткізіліте өтініштің қабылдануын растау оның көшірмесіне құжаттар пакетін және материалдарды қабылдау күні мен уақыты көрсетілген Өтініш берушілерге қызмет көрсету орталығында (бұдан әрі – ӨҚО) тіркелгені туралы белгі қойылады.

6. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет көрсету процесінің құрамына кіретін бір өтініштің әрбір рәсімінің (әрекетінің) мазмұны, оның орындалу ұзақтығы:

1) қабылдап алу-беру актісі бойынша көрсетілетін қызметті алушы (немесе оның сенімхат бойынша өкілі) ұсынған өтінішті, құжаттарды және дәрілік заттар немесе медициналық мақсаттағы бұйымдар үлгілерін (бұдан әрі – материалдар) қабылдау, сондай-ақ Стандартта көзделген тізбе бойынша толық құжаттар пакетінің, Сараптама қағидаларына сәйкес тіркеу құжатының материалдарының бар-жоғын тексеру және көрсетілетін қызметті берушінің ақпараттық жүйесіне (бұдан әрі – ақпараттық жүйе) сараптамаға ұсынылған материалдар бойынша ақпарат енгізуді 30 минут ішінде ӨҚО жауапты қызметкері жүзеге асырады;

Көрсетілетін қызметті алушы толық емес құжаттар пакетін және (немесе) қолдану мерзімі өткен құжаттар ұсынған жағдайда көрсетілетін қызметті беруші өтініш қабылдаудан бас тартады.

2) ақпараттық жүйе арқылы түскен материалдарды қарауды, жауапты қызметкерді айқындау және орындауға беруді стандарттың 4-тармағында белгіленген мерзімді ескере отырып, күнтізбелік 1 (бір) күн ішінде сараптама жұмыстарын жүргізуге жауапты көрсетілетін қызметті беруші құрылымдық бөлімшелерінің басшылары жүзеге асырады;

3) келіп түскен материалдарға сараптама жүргізуді, сараптама нәтижелерін енгізу және сараптаманың әрбір кезеңдерінің нәтижелері бойынша қорытындылар дайындауды, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелері бойынша қорытынды және көрсетілетін қызметті алушыға ілеспе хат дайындауды стандарттың 4-тармағында белгіленген мерзімдер ішінде ақпараттық жүйеде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің сараптама жұмыстарын жүргізуге жауапты қызметкерлері жүзеге асырады.

Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде сараптаманың кез-келген кезеңдерінде қажет болған кезде көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыдан ұсынылған құжаттардағы ережелерді түсіндіру немесе нақтылауды сұратады. Хат алмасу ақпараттық жүйе арқылы электрондық құжат қалыптастыру арқылы қағаз жеткізіліте ӨҚО арқылы жүзеге асырылады.

4) Стандарттың 1, 2, 3, 4-қосымшаларына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін қалыптастыру стандарттың 4-тармағында көзделген мерзімдерде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің жауапты қызметкерлері жүзеге асырады және:

- мемлекеттік және орыс тілдерінде ілеспе хат және қорытынды жобаларын қалыптастыруды;

- мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелері бойынша қорытындының және көрсетілетін қызметті берушінің жауапты құрылымдық бөлімше басшысының ілеспе хат жобасын келісуді;

ақпараттық жүйеден ілеспе хат пен қорытындының келісілген жобаларын басып шығаруды қамтиды;

5) ілеспе хат пен мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесінің қорытындысына қол қоюды осы регламенттің 4-тармағында белгіленген мерзімдер ескеріле отырып, күнтізбелік 1 (бір) күн ішінде қағаз жеткізіліте көрсетілетін қызметті берушінің басшылығы жүзеге асырады;

6) ілеспе хаты бар мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін тіркеуді осы регламенттің 4-тармағында белгіленген мерзімдер ескеріле отырып,, күнтізбелік 1 (бір) күн ішінде ӨҚО жүзеге асырады;

7) ілеспе хаты бар мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беруді көрсетілетін қызметті алушы жүгінген сәттен бастап 30 минут ішінде ӨҚО арқылы жүзеге асырады.

7. Егер көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін алуға жүгінбесе, онда көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесінің ол ақпараттық жүйеде тіркелген сәттен бастап 180 күннен аспайтын мерзімде сақталуын қамтамасыз етеді.

3-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) мемлекеттік қызмет көрсету процесінде өзара іс-қимыл тәртібінің сипаттамасы

8. Әрбір рәсімнің (әрекетің) ұзақтығын көрсетіп, рәсімдер (әрекеттер) кезектілігінің сипаттамасы осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне 1-қосымшаға сәйкес баяндалған.

9. Мемлекеттік қызмет көрсету процесіне көрсетілетін қызметті берушінің мынадай құрылымдық бөлімшелері (қызметкерлері) қатысады:

1) ӨҚО;

2) көрсетілетін қызметті берушінің сараптаманы жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшелері;

3) көрсетілетін қызметті берушінің басшылығы.

10. ӨҚО мемлекеттік қызмет көрсетуге қажетті материалдарды қабылдауды жүзеге асырады:

ӨҚО жауапты қызметкері дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы мемлекеттік тіркеу, қайта тіркеу және олардың тіркеу құжатына өзгерістер енгізу кезінде сараптама жүргізу мақсатында көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің материалдарына рұқсат алу үшін ақпараттық жүйеге қоса берілетін құжаттармен бірге өтінішті енгізеді;

11. Көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелері Сараптама қағидаларына сәйкес Стандарттың 4-тармағында белгіленген мерзімдерде материалдарға сараптама жүргізеді.

Құрылымдық бөлімшенің жауапты қызметкері мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелері бойынша ілеспе хат және қорытынды дайындайды және құрылымдық бөлімшенің басшысымен келіседі.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелері бойынша ілеспе хаттың және қорытындының келісілген жобаларын құрылымдық бөлімшенің жауапты қызметкері көрсетілетін қызметті берушінің басшылығына қол қоюға жібереді.

12. Көрсетілетін қызметті берушінің басшылығы сараптама аяқталғанда мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелері бойынша ілеспе хатқа және қорытындыға қол қояды.

13. Көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) өзара іс-қимылы рәсімдерінің (әрекеттерінің) кезектілігі осы регламентке 2-қосымшаға сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету бизнес-процестерінің анықтамалығында көрсетіледі.

«Дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың қауіпсіздігі, тиімділігі және сапасы туралы қорытынды беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне 1-қосымша

Әрбір рәсімнің (әрекеттің) ұзақтығын көрсетіп, рәсімдер (әрекеттер) кезектілігінің сипаттамасы



«Дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың қауіпсіздігі, тиімділігі және сапасы туралы қорытынды беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне 2-қосымша

Мемлекеттік қызмет көрсету бизнес-процестерінің анықтамалығы

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2018 жылғы 5 желтоқсандағы №ҚР ДСМ-34 бұйрығына 2-қосымша

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 29 мамырдағы № 416 бұйрығына 7-қосымша

«Фармацевтикалық өнімге сертификат беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті

1-тарау. Жалпы ережелер

1. «Фармацевтикалық өнімге сертификат беру» – мемлекеттік көрсетілетін қызметті (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) 2009 жылғы 18 қыркүйектегі «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі 71-бабының негізінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 сәуірдегі № 293 бұйрығымен бекітілген «Фармацевтикалық өнімге сертификат беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына сәйкес (бұдан әрі – Стандарт) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Фармация комитеті көрсетеді (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11338 болып тіркелген).

2. Мемлекеттік қызмет көрсету үшін құжаттарды қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру мемлекеттік қызметті берушінің кеңсесі арқылы немесе «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КеАҚ арқылы жүзеге асырылады.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: қағаз түрінде.

4. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі Стандартқа 2-қосымшаның нысандары бойынша қағаз және (немесе) электрондық түрде фармацевтикалық өнімге сертификат беру (бұдан әрі – сертификат) немесе Стандарттың 10-тармағында көзделген жағдайлар және негіздер бойынша бас тарту туралы дәлелді жауап болып табылады.

2-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету процесінде көрсетілетін қызмет берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) іс-қимыл тәртібінің сипаттамасы

5. Мемлекеттік қызмет көрсету рәсімдерін (іс-әрекеттерін) бастау үшін көрсетілетін қызметті алушының көрсетілетін қызметті берушіге мемлекеттік қызмет көрсетуге қажетті ұсынған құжаттарын алуы негіздеме болып табылады. Көрсетілетін қызметті алушы жүгінген кезде мемлекеттік қызмет көрсетуге қажетті құжаттардың тізбесі Стандарттың 9-тармағына сәйкес ұсынылады.

6. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің рәсімдері (іс-әрекеттері):

1-процесс – көрсетілетін қызметті беруші кеңсесінің қызметкері құжат келіп түскен сәттен бастап 15 мин ішінде алынған құжаттарға тіркеу жүргізеді және көрсетілетін қызметті берушінің басшысына қарауға береді, бұл ретте өтініштің оң жақ төменгі бұрышына келіп түскен күні мен кіріс нөмірі көрсетіле отырып, мемлекеттік тілде тіркеу мөртаңбасы қойылады;

2-процесс – көрсетілетін қызметті берушінің басшысы құжат келіп түскен сәттен бастап 0,25 жұмыс күні (2 сағат) ішінде көрсетілетін қызметті алушының құжаттарын қарайды және көрсетілетін қызметті беруші басшысының орынбасарына береді;

3-процесс – көрсетілетін қызметті беруші басшысының орынбасары құжат келіп түскен сәттен бастап 0,25 жұмыс күні (2 сағат) ішінде көрсетілетін қызметті алушының құжатын қарайды және Фармацевтикалық қызметтер және интеграция саласындағы мемлекеттік қызметтер көрсету басқармасының (бұдан әрі – Басқарма) басшысына береді;

4-процесс – Басқарма басшысы құжат келіп түскен сәттен бастап 0,5 (4 сағат) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті алушының құжатын қойылатын талаптарға сәйкестігін қарайды және Басқарманың бас сарапшысына (сарапшысына) береді;

5-процесс – Басқарманың бас сарапшысы (сарапшысы) құжатты алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті алушы құжаттарды қарауды жүзеге асырады және оны фармацевтикалық өнімге сертификат жобасын дайындау үшін өндірістің соңғы инспекциясының актісі көшірмесінің қосымшасымен (немесе соңғы үш жылда өндірістік алаңның инспекциясы бойынша есеп) ілеспе хатпен сараптама ұйымына жібереді;

6-процесс – сараптама ұйымының қызметкер Комитеттен өтініш алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде фармацевтикалық препараттың статусының және ұйымның статусының дәрілік препаратты мемлекеттік тіркеу, қайта тіркеу және олардың тіркеу құжатына өзгерістер енгізу кезінде сараптама үшін ұсынылған тіркеу құжатының деректерімен сәйкестігін тексереді. Тексеру нәтижелері бойынша сараптама ұйымының қызметкері фармацевтикалық өнімге сертификат жобасын ресімдейді және оны сараптама ұйымының басшысы немесе уәкілетті адам қол қойған ілеспе хатпен Комитетке жібереді;

7-процесс – Басқарманың бас сарапшысы (сарапшысы) сараптама ұйымынан фармацевтикалық өнімге сертификат жобасын алған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде сертификатты дайындайды, көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамына қол қойдырады және көрсетілетін қызметті берушінің басшысына қол қоюға ұсынады;

8-процесс – Басқарма басшысы 0,5 жұмыс күні (4 сағат) ішінде сертификатқа қол қояды және көрсетілетін қызметті берушінің басшысына қол қоюға ұсынады;

9-процесс – Комитеттің басшысы 0,5 жұмыс күні (4 сағат) ішінде сертификатты қарайды, қол қояды және Басқарманың бас сарапшысына (сарапшысына) береді;

10-процесс – Басқарманың бас сарапшысы (сарапшысы) 1 (бір) жұмыс күні ішінде қол қойылған сертификатты көрсетілетін қызметті берушінің негізгі қызметтер бойынша бұйрықтарды тіркеу журналына тіркейді және оған нөмір береді»;

7. Мемлекеттік қызметті көрсету бойынша рәсімдерінің (іс-әрекеттерінің) нәтижесі, ол іс-әрекеттің келесі рәсімінің орындалуын бастау үшін негіздеме болады:

1) мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушының ұсынған құжаттарын көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде тіркеу және оларды қызмет берушінің басшысына беру;

2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы және оның орынбасарының Басқарманың басшысы қарау үшін қарары;

3) Басқарманың бас сарапшысының (сарапшысының) қарауы үшін Басқарма басшысының қарары;

4) Басқарманың бас сарапшысының (сарапшысының) құжаттарды сараптама ұйымына жіберуі;

5) Басқарманың бас сарапшысының (сарапшысының) сертификат жобасын дайындауы;

6) көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамдарының сертификат жобасына қол қоюы;

7) көрсетілетін қызметті берушінің басшысының сертификатқа қол қоюы;

8) Басқарма бас сарапшысының (сарапшысының) сертификатты тіркеуі және нөмір беруі;

9) сертификатты беру.

3-тарау. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) іс-әрекеттері тәртібін сипаттамасы

8. Мемлекеттік қызмет көрсету процесіне көрсетілетін қызметті берушінің мына құрылымдық бөлімшелері (қызметкерлері) қатысады:

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі;

2) көрсетілетін қызметті берушінің басшылығы;

3) Басқарма басшысы;

4) Басқарма бас сарапшысы (сарапшысы).

9. Көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) арасындағы рәсімдердің (әрекеттердің) кезектілігінің сипаттамасы.

Көрсетілетін қызметті алушы жүгінген күннен бастап кеңсе қызметкері:

1) барлық ұсынылған құжаттардың бар-жоғын тексереді;

2) өтініштерді тіркеу журналында тіркейді;

3) көрсетілетін қызметті берушінің басшысына құжаттарды береді.

Көрсетілетін қызметті берушінің басшысы және оның орынбасары құжат тіркелген күннен бастап жұмыс күні ішінде, келіп түскен құжаттарды бөледі, қарар жазады және Басқарманың басшысына береді.

Басқарманың басшысы құжаттың тіркелген күннен бастап жұмыс күні ішінде келіп түскен құжаттарды бөледі, қарар жазады және Басқарманың бас сарапшысына (сарапшысына) береді.

Басқарманың бас сарапшысы (сарапшысы):

1) құжаттар тіркелген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын және сәйкестігін тексереді;

2) ілеспе хат дайындайды және құжаттарды сараптама ұйымына жібереді (жауап күту уақыты 10 (он) жұмыс күні);

3) сараптама ұйымында дайындалған сертификат жобасын 1 (бір) жұмыс күні ішінде қалыптастырады, бұрыштама қояды, сертификатты келісуге жібереді.

Басқарма басшысы 0,5 жұмыс күні (4 сағат) ішінде сертификат жобасын тексереді, бұрыштама қояды.

Көрсетілетін қызметті берушінің басшылығы 0,5 жұмыс күні (4 сағат) ішінде сертификатқа қол қояды.

Басқарма бас сарапшысы (сарапшысы) 1 (бір) жұмыс күні ішінде журналда тіркейді және сертификат береді, көрсетілетін қызметті алушыны сертификатты беру туралы жазбаша хабардар етеді.

10. Көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) өзара іс-қимылы рәсімдерінің (әрекеттерінің) кезектілігі осы регламентке 7-қосымшаға сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету бизнес-процестерінің анықтамалығында көрсетіледі.

«Фармацевтикалық өнімге сертификат беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне 7-қосымша

«Фармацевтикалық өнімге сертификат беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет бизнес-процестерінің анықтамалығы



«Қазақстан Республикасында тіркелген және тіркелмеген дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы әкелуге (әкетуге) келісім және (немесе) қорытынды (рұқсат құжатын) беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне 3-қосымша

Мемлекеттік қызмет көрсету бизнес-процесінің сызбасы «Қазақстан Республикасында тіркелген және тіркелмеген дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы әкелуге (әкетуге) келісім және (немесе) қорытынды (рұқсат құжатын) беру»



«Фармакологиялық және дәрілік заттарға, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техникаға клиникалық зерттеулер және (немесе) сынақтар өткізуге рұқсат беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне 4-қосымша

Мемлекеттік қызмет көрсету бизнес-процесінің сызбасы «Фармакологиялық және дәрілік заттарға, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техникаға клиникалық зерттеулер және (немесе) сынақтар өткізуге рұқсат беру»



«Дәрілік затты, медициналық мақсаттағы бұйым мен медициналық техниканы мемлекеттік тіркеу, қайта тіркеу және тіркеу құжатына өзгерістер енгізу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне 5-қосымша

Мемлекеттік қызмет көрсету бизнес-процесінің сызбасы «Дәрілік заттаы, медициналық мақсаттағы бұйым мен медициналық техниканы мемлекеттік тіркеу, қайта тіркеу және тіркеу құжатына өзгерістер енгізу»



Бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 6 желтоқсанда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №17868 болып енгізілді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МИНИСТРЛІГІНІҢ БҰЙРЫҒЫ

2018 жылғы 7 қараша №451 Астана қаласы

Ауыл шаруашылығы кооперативтерінің тексеру одақтарының ауыл шаруашылығы кооперативтерінің ішкі аудитін жүргізуге арналған шығындарын субсидиялау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2017 жылғы 10 наурыздағы № 115 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

БҰЙЫРАМЫН:

1. «Ауыл шаруашылығы кооперативтерінің тексеру одақтарының ауыл шаруашылығы кооперативтерінің ішкі аудитін жүргізуге арналған шығындарын субсидиялау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2017 жылғы 10 наурыздағы № 115 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 15136 болып тіркелген, 2017 жылғы 13 маусымда Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген «Ауыл шаруашылығы кооперативтерінің тексеру одақтарының ауыл шаруашылығы кооперативтерінің ішкі аудитін жүргізуге арналған шығындарын субсидиялау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Стратегиялық жоспарлау және талдау департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемл

(Соңы. Басы 15-бетте)

көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетінде» мемлекеттік қызметті көрсетуге арналған сұранымның қабылданғаны туралы тиісті мәртебе растайды.

10. Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 19-1-бабы 2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша жүзеге асырылады.

3-тарау. Орталық мемлекеттік органдардың, сондай-ақ көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

11. Көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану: шағым тиісті көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына беріледі.

Шағым осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 13-тармағында көрсетілген мекенжайлар бойынша жұмыс күндері почта арқылы жазбаша нысанда не көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы қолма-қол беріледі.

Мыналардың:

1) жеке тұлғаның шағымында аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, почталық мекенжайы көрсетіледі;

2) заңды тұлғаның шағымында атауы, почталық мекенжайы, шығыс нөмірі мен күні көрсетіледі. Арызға көрсетілетін қызметті алушы қол қоюы тиіс.

Көрсетілетін қызметті берушінің шағымды қабылдағанын шағымды қабылдаған адамның аты-жөні мен тегі, берілген шағымға жауап алу мерзімі мен орны көрсетіле отырып, оның тіркелуі (мөртабан, кіріс нөмірі және күні) растайды.

Сондай-ақ, көрсетілетін қызметті беруші жұмыскерінің әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі туралы ақпаратты Бірыңғай байланыс орталығының 1414, 8-800-080-7777 телефондары бойынша алуға болады.

Портал арқылы электрондық өтініш жолдаған кезде көрсетілетін қызметті алушыға порталдағы «жеке кабинетінен» өтініш туралы ақпарат қолжетімді болады, ол көрсетілетін қызметті берушінің өтінішті өңдеуі барысында (шағымның жеткізілгені, тіркелгені, орындалғаны туралы белгілер, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) жаңартылып отырады.

Көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуы тиіс. Шағымды қарау нәтижелері туралы уәжді жауап көрсетілетін қызметті алушыға почта арқылы жолданады не көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде қолма-қол беріледі.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтер көрсетудің сапасын бағалау мен бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады.

Мемлекеттік қызметтер көрсетудің сапасын бағалау мен бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуы тиіс.

12. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы Заңның 4-бабы 1-тармағының 6) тармақшасына сәйкес сотқа жүгінеді.

4-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсетудің ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар

13. Мемлекеттік қызметті көрсету мекенжайы Министрліктің www.mgov.kz интернет-ресурсы «Қолдау және көрсетілетін қызметтер» бөлімі, «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер» кіші бөлімінде орналастырылған.

14. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері жөніндегі Бірыңғай байланыс орталығы арқылы алу мүмкіндігі бар.

15. Мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері жөніндегі анықтама қызметтерінің байланыс телефондары порталда көрсетілген. Бірыңғай байланыс орталығы: 1414, 8-800-080-7777.

«Ауыл шаруашылығы кооперативтерінің тексеру одақтарының ауыл шаруашылығы кооперативтерінің ішкі аудитін жүргізуге арналған шығындарын субсидиялау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымша

Нысан

Хабарлама

Құрметті _____
(көрсетілетін қызметті алушы)

Сіздің 20___ жылғы «__» _____ №_____ өтініміңіз бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден мынадай себеппен_____ бас тартылады.

«Ауыл шаруашылығы кооперативтерінің тексеру одақтарының ауыл шаруашылығы кооперативтерінің ішкі аудитін жүргізуге арналған шығындарын субсидиялау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымша

Нысан

Хабарлама

Құрметті _____
(көрсетілетін қызметті алушы)

Сіздің 20___ жылғы «__» _____ №_____ өтініміңіз бойынша мемлекеттік қызмет көрсетілді және Сіздің №_____ есептік шотыңызға 20___ жылғы «__» _____ төлем тапсырмасымен _____ теңге мөлшерінде субсидия сомасы аударылғанын хабарлаймыз.

«Ауыл шаруашылығы кооперативтерінің тексеру одақтарының ауыл шаруашылығы кооперативтерінің ішкі аудитін жүргізуге арналған шығындарын субсидиялау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3-қосымша

Нысан

Кімнен _____
(көрсетілетін қызметті берушінің толық атауы)

кімге _____
(заңды тұлғаның толық атауы)

Өтінім

Ауыл шаруашылығы кооперативінің тексеру одағының ауыл шаруашылығы кооперативтерінің ішкі аудитін жүргізуге арналған _____ теңге сомасындағы шығындарын субсидиялауды сұраймын.

1. Тексеру одағының деректері:

Атауы _____

Бизнес – сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі - БСН)_____

басшының аты, әкесінің аты, (бар болса), тегі _____

мекенжайы _____

телефон (факс) нөмірі _____

2. Екінші деңгейдегі банктегі тексеру одағының ағымдағы шотының мәліметтері:

БСН _____

Бенефициардың коды (бұдан әрі - Кбе)_____

Банк деректемелері _____

Банк атауы _____

Банктік сәйкестендіру коды _____

Жеке сәйкестендіру коды _____

БСН _____

Кбе _____

3. Ауыл шаруашылығы кооперативтеріне ішкі аудит жүргізілгенін растайтын шот-фактура туралы мәліметтер:

шот-фактура нөмірі _____

берілген күні _____

4. Ішкі аудит қорытындысынан мәліметтер:

Ішкі аудит жүргізілген ауыл шаруашылығы кооперативінің БСН-сы ___ _____;

ауыл шаруашылығы кооперативінің атауы _____;

қорытынды берілген күн _____;

қорытындыдағы ішкі аудит пікірі (сөзсіз оң, шартты оң, теріс, пікір білдіруден бас тарту).

Ұсынылған ақпараттың дұрыстығын растаймын, дұрыс емес мәліметтер ұсынғаным үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілік туралы хабардармын және заңмен қорғалатын құпиядан тұратын мәліметтерді пайдалануға, сондай-ақ дербес деректерді және өзге де ақпаратты жинауға, өңдеуге, сақтауға, шығарып алуға және пайдалануға келісім беремін.

Өтінім беруші қол қойды және 20__ жылғы «__» _____ сағат 00:00 жіберді:

ЭЦҚ-дан алынған деректер

ЭЦҚ қойылған күн мен уақыт

Өтінімнің қабылданғаны туралы хабарлама:

Басқарма 20__ жылғы «__» _____ сағат 00:00 қабылдады:

ЭЦҚ-дан алынған деректер

ЭЦҚ қойылған күн мен уақыт

Бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 4 желтоқсанда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №17855 болып енгізілді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МИНИСТРЛІГІНІҢ БҰЙРЫҒЫ

2018 жылғы 21 қараша №464 Астана қаласы

«Жануарлардың шектеу іс-шаралары немесе карантин белгіленетін жұқпалы ауруларының тізбелерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2012 жылғы 28 наурыздағы № 18-03/128 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

БҰЙЫРАМЫН:

1. «Жануарлардың шектеу іс-шаралары немесе карантин белгіленетін жұқпалы ауруларының тізбелерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2012 жылғы 28 наурыздағы № 18-03/128 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7583 болып тіркелген, 2012 жылғы 26 мамырда «Егемен Қазақстан» газетінің № 269-273 (27347) сандарында жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген карантин белгіленетін жануарлардың жұқпалы ауруларының тізбесі осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринариялық, фитосанитариялық және тамақ қауіпсіздігі департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның ресми жариялау және Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберілуін;

4) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

5) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтердің ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі Ө.ШӨКЕЕВ

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 21 қарашадағы № 464 бұйрығына қосымша

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2012 жылғы 28 наурыздағы №18-03/128 бұйрығына 1-қосымша

Карантин белгіленетін жануарлардың жұқпалы ауруларының тізбесі

Әртүрлі жануарларға ортақ аурулар: сібір жарасы, аусыл, шешек (сиыр, жылқы, шошқа шешегінен басқа), Ауески ауруы, риккетсиоздар және экзотикалық аурулар.

Күйіс қайыратын жануарлардың аурулары: ірі қара малдың обасы, ірі қара малдың жұқпалы алаөкпесі, қарасан, ірі қара малдың нодулярлық дерматиті, ірі қара малдың кеміктеріздес энцефалопатиясы, түйелердің обасы, кебенек (ешкілердің жұқпалы плевропневмониясы), қойлардың инфекциялық катаральды қызбасы (блютанг), қойлардың баяу инфекциялары (скрепи, висна-маеди, аденоматоз), күйіс қайыратын ұсақ малдардың обасы.

Жылқының аурулары: маңқа, эпизоотиялық лимфангит, тұмау, жылқының африкалық обасы, инфекциялық энцефаломиелит, инфекциялық анемия.

Шошқаның аурулары: классикалық оба, африка обасы, тұмау, везикулярлы ауру, энзоотиялық энцефаломиелиті (Тешен ауруы).

Құстардың аурулары: құс шешегі, тұмау, Ньюкасл ауруы, үйректердің вирустық гепатиті, респираторлық микоплазмоз.

Терісі бағалы аңдар мен үй қояндарының аурулары: етқоректілер обасы, қояндардың миксоматозы.

Балықтардың аурулары: көктемгі вирус ауруы, аэромоноз.

Баларалардың аурулары: американдық шіріме, еуропалық шіріме, залалды тұқым-құрт.

Бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 26 қазанда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №17776 болып енгізілді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МИНИСТРЛІГІНІҢ БҰЙРЫҒЫ

2018 жылғы 27 қараша №477 Астана қаласы

«Еңбек» нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі кейбір шаралар туралы

БҰЙЫРАМЫН:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 6 сәуірдегі № 310 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі туралы ереженің 16-тармағының 159-1), 159-2), 159-3) тармақшаларына сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 13 қарашадағы № 746 қаулысымен бекітілген «Еңбек» нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017–2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мыналар:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Шағын қалаларда және ауылдық елді мекендерде кредит беру/микрокредит беру қағидалары;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Ауылдық жерлерде және шағын қалаларда микроқаржы ұйымдары және кредиттік серіктестіктер беретін кредиттер/микрокредиттер бойынша кепілдік беру қағидалары;

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес Микроқаржы ұйымдарының операциялық шығыстарын субсидиялау қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Инвестициялық саясат департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның ресми жариялау және Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберілуін;

4) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі Ө.ШӨКЕЕВ

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігі

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 27 қарашадағы №477 бұйрығына 1-қосымша

Шағын қалаларда және ауылдық елді мекендерде кредит беру/микрокредит беру қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Шағын қалаларда және ауылдық елді мекендерде кредит беру/микрокредит беру қағидалары (бұдан әрі – Кредит беру/микрокредит беру қағидалары) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 13 қарашадағы № 746 қаулысымен бекітілген Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасының (бұдан әрі – Бағдарлама) екінші бағыты шеңберінде әзірленді және шағын қалаларда және ауылдық елді мекендерде (олардың әкімшілік бағыныстылығына қарамастан) кредит беру/микрокредит беру тәртібін айқындайды.

2. Осы Кредит беру/микрокредит беру қағидаларында мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – агроөнеркәсіптік кешенді (бұдан әрі – АӨК) дамыту саласында басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органы;

2) ауыл шаруашылығы кооперативі – ауыл шаруашылығы өнімін, акваөсіру (балық өсіру) өнімін өндіруде, өңдеуде, өткізуде, сақтауда, өндіріс құралдарымен және материалдық-техникалық ресурстармен жабдықтауда, кредит беруде, сумен қамтамасыз етуде немесе кооперативтің мүшелеріне, сондай-ақ кооперативтің қауымдасқан мүшелеріне басқа да сервистік қызмет көрсетуде әлеуметтік-экономикалық қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында бірлескен өндірістік және (немесе) өзге де шаруашылық қызметті жүзеге асыру үшін жеке және (немесе) заңды тұлғаларды ерікті түрде біріктіру жолымен мүшелік негізінде құрылатын өндірістік кооперативтің ұйымдастыру-құқықтық нысанындағы заңды тұлға;

3) ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы орган (бұдан әрі – ауыл шаруашылығы басқармасы) – жергілікті атқарушы органдардың ауыл шаруашылығын басқару функциясын іске асыратын құрылымдық бөлімшесі;

4) ауылдық елді мекендерде және шағын қалаларда кредит беру/микрокредит беру шараларына қатысушылар (бұдан әрі – Қатысушы) – ісін жаңа бастаған және жұмыс істеп жүрген кәсіпкерлер мен зәкірлік кооперация қатысушылары;

5) әлеуметтік-еңбек саласының бірыңғай ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – «Еңбек нарығы» ААЖ) – халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органның, халықты жұмыспен қамтудың жергілікті органдарының, халықты жұмыспен қамту орталықтарының, еңбек ресурстарын дамыту орталығының қызметін автоматтандыруға және әлеуметтік-еңбек саласында халыққа мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді беру мақсатында ведомствоаралық өзара іс-қимыл жүргізуге арналған аппараттық-бағдарламалық кешен;

6) бастапқы бизнес (стартап жоба) – кредит берушіге кредит/микрокредит алу үшін жүгінген сәтте заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелу/дара кәсіпкердің шаруа немесе фермерлік қожалықтың мәртебесін ресімдеу мерзімі бір жылдан кем Қатысушылардың бизнес-жобалары;

7) жергілікті атқарушы орган (әкімдік) (бұдан әрі – ЖАО) – облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) әкімі басқаратын, өз құзыреті шегінде тиісті аумақта жергілікті мемлекеттік басқаруды және өзін-өзі басқаруды жүзеге асыратын алқалы атқарушы орган;

8) жұмыссыздар – жұмыспен қамтылған халыққа жатпайтын, жұмыс іздеп жүрген және еңбек етуге дайын адамдар;

9) жұмыс істеп жүрген кәсіпкер – «АШҚҚҚ» АҚ-ға/МҚҰ-ға/КС-ға кредит-микрокредит алу үшін жүгінген сәтте дара кәсіпкер немесе заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелген мерзімі үш жылдан көп кәсіпкер;

10) зәкірлік кооперация – ұсақ және орта шаруа (фермерлік) қожалықтарының және/немесе ауыл шаруашылығы кооперативтерінің және ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлері бар басқа да үміткерлердің ауыл шаруашылығы өнімдері өндірісін өсіру және өнімдерді кепілдікпен өткізу мақсатында орта және ірі АӨК субъектілерімен әріптестігі;

11) кепілгер – «ҚазАгроКепіл» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «ҚАК» АҚ);

12) кепілдік – қарыз алушының міндеттемелері бойынша Кредит берушінің алдында кепілгердің субсидиарлық жауапкершілігін растайтын құжат;

13) кредит беруші – «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «АШҚҚҚ» АҚ), микроқаржы ұйымы (бұдан әрі – МҚҰ), кредиттік серіктестіктер (бұдан әрі – КС);

14) кредит/микрокредит – МҚҰ/КС/«АШҚҚҚ» АҚ Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында ақылылық, мерзімділік, қайтарымдылық, қамтамасыз етілу және нысаналы мақсат талаптарымен кредит/микрокредит/жаңартылмайтын кредиттік желі беру туралы шарт бойынша Қатысушыға беретін қарыз қаражаты;

15) кредиттік серіктестік – қатысушыларын кредиттерге және басқа да қаржылық, оның ішінде банктік көрсетілетін қызметтерге қажеттіліктерін олардың ақшасын жинақтау жолымен және Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған басқа да көздер есебінен қанағаттандыру үшін жеке және/немесе заңды тұлғалар құрған заңды тұлға;

16) қаржылай емес қолдау операторы – «Атамекен» Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы;

17) қарыз – кредиттік келісім негізінде мерзімділік, ақылылық, қайтарымдылық және нысаналы пайдалану талаптарымен микрокредит беру ұйымы, микроқаржы ұйымдары және кредиттік серіктестіктер беретін ақша сомасы. Қарыз бірыңғай сомамен де, бөліктермен (траншармен) де берілуі мүмкін;

18) микрокредит беру ұйымы – «Аграрлық несие корпорациясы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «АНК» АҚ);

19) микроқаржы ұйымы – коммерциялық ұйым болып табылатын, ресми мәртебесі әділет органдарында мемлекеттік тіркелуімен және есептік тіркеуден өтуімен айқындалатын, микрокредиттер беру жөніндегі қызметті, сондай-ақ «Микроқаржы ұйымдары туралы» 2012 жылғы 26 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңында (бұдан әрі – Микроқаржы ұйымдары туралы заң) рұқсат етілген қосымша қызмет түрлерін жүзеге асыратын заңды тұлға;

20) өзін-өзі жұмыспен қамтығандар – табыс табу үшін тауарлар өндірумен (өткізумен), жұмыстар мен қызметтер көрсетумен жеке айналысатындар, өндірістік кооперативтер мүшелері, отбасылық кәсіпорындардың (шаруашылықтардың) және жалдамалы жұмыскерлердің еңбегін пайдаланушы жұмыс берушілердің еңбекақы төленбейтін жұмыскерлері қатарындағы жеке тұлғалар;

21) өнімсіз жұмыспен қамтылғандар – табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен және/немесе жоғары, техникалық және кәсіптік білімі жоқ және/немесе біліктілігі төмен жұмыс орындарында жұмыс істейтін жұмыспен қамтылғандар;

22) үміткер – халықты жұмыспен қамту орталықтарында тіркелуіне қарамастан жұмыссыз, өзін-өзі жұмыспен қамтыған жұмыскер және өнімсіз жұмыспен қамтылған, ісін жаңа бастаған және жұмыс істеп жүрген кәсіпкер, ауыл шаруашылығы кооперативі және оның мүшелері, шаруа және фермерлік қожалық, қызмет мерзіміне қарамастан зәкірлік кооперацияға қатысушы «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» 2013 жылғы 21 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабының 1-тармағына сәйкес зейнеткерлік жасқа толмаған қысқартылған жұмысшы;

23) халықты жұмыспен қамту орталығы – ауданның, облыстық және республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органы жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің, жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғауды ұйымдастырудың белсенді шараларын және «Халықты жұмыспен қамту туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің өзге де шараларын іске асыру мақсатында құратын мемлекеттік мекеме;

24) шағын қала – «Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 28 маусымдағы № 728 қаулысымен бекітілген Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасына 2-қосымшада көрсетілген халқының саны 50 мың адамға дейінгі қала;

25) ісін жаңа бастаған кәсіпкер – «АШҚҚҚ» АҚ-ға/МҚҰ-ға/КС-ға кредит/микрокредит алу үшін жүгінген сәтте дара кәсіпкер немесе заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелген мерзімі үш жылдан аз кәсіпкер.

2-тарау. Шағын қалаларда және ауылдық елді мекендерде кредит беру/микрокредит беру шарттары

3. Кредиттер/микрокредиттер ауылдық елді мекендерде (әкімшілік бағыныстылығына қарамастан) және шағын қалаларда бизнес-жобаларды іске асыратын немесе іске асируды жоспарлайтын Қатысушыларға республикалық бюджет және/немесе жергілікті бюджеттер қаражатынан микробизнес ашу, ісін жаңа бастаған кәсіпкерлердің қызметін кеңейту, ауыл шаруашылығы кооперативтерін ашу және зәкірлік кооперацияға қатысушылардың қызметін дамыту үшін беріледі.

Қатысушыларға кредит беру/микрокредит беру мақсатында жергілікті атқарушы органдарға мынадай шарттармен бюджеттік кредит беріледі:

1) қайтарымдылық, мерзімділік, ақылылық қағидаттарында жылдық 0,01 % сыйақы мөлшерлемесімен 7 жылға;

2) бюджеттік кредиттің нысаналы мақсатында Бағдарлама аясында бизнес-жобаларға микрокредит беру;

3) негізгі борышты өтеу бойынша жеңілдікті кезең бюджеттік кредит мерзімі ұзақтығының үштен бірінен аспайды;

4) бюджеттік кредитті игеру кезеңі 6 айды құрайды және бюджеттік кредитті жергілікті атқарушы органға аударған сәттен бастап есептеледі.

4. Ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі ЖАО микрокредит беру ұйымдарына және «АШҚҚҚ» АҚ-ға кредиттік келісімдер бойынша бюджеттік кредит қаражатын береді және азаматтық заңнамаға сәйкес мынадай талаптармен қарыз шарттарын жасасады:

1) кредит беру мерзімі – 7 жылдан аспайды;

2) сыйақы мөлшерлемесі – жылына 0,01%;

3) игеру кезеңі – микрокредит беру ұйымдары мен «АШҚҚҚ» АҚ үшін – 12 ай;

4) «АШҚҚҚ» АҚ үшін нысаналы мақсаты — Бағдарлама шеңберіндегі бизнес-жобаларға микрокредит беру; микрокредит беру ұйымдары үшін – Бағдарлама шеңберіндегі бизнес-жобаларға кредит беру/микрокредит беру үшін МҚҰ-ны/КС-ны қорландыру.

5. Микрокредит беру ұйымы МҚҰ-ға/КС-ға қарыз береді, азаматтық заңнамаға сәйкес МҚҰ-мен/КС-мен мынадай шарттарда кредиттік келісімдер жасасады:

1) қорландыру мерзімділік, қайтарымдылық, ақылылық және нысаналы пайдалану шарттарымен жүзеге асырылады. Микроқаржы ұйымдары үшін қарыз қаражаты микрокредит беру ұйымының ішкі құжаттарына сәйкес қамтамасыз етуге беріледі;

2) кредит беру мерзімі – 7 жылға дейін;

3) номиналды сыйақы мөлшерлемесі – «АНК» АҚ үшін жылдық 2 %-ға дейін;

4) игеру кезеңі – шағын қалаларда және ауылдық елді мекендерде кредиттік келісім жасасқан күннен бастап 12 ай;

5) нысаналы мақсаты – Бағдарлама шеңберінде бизнес-жобаларға кредит беру/микрокредит беру.

Микрокредит беру ұйымдарына /МҚҰ-ға/КС-ға/«АШҚҚҚ» АҚ-ға негізгі борышты өтеу бойынша кредит беру мерзімі ұзақтығының үштен бірінен аспайтын мерзімге жеңілдікті кезең беріледі.

6. ЖАО ауылдық елді мекендерде (олардың әкімшілік бағыныстылығына қарамастан) және шағын қалаларда кредит беруді/микрокредит беруді ұйымдастыру үшін ЖАО-ға берілген бюджеттік кредит қаражаты көлемін одан әрі кредит беру/микрокредит беру үшін «АШҚҚҚ» АҚ және микрокредит беру ұйымы арасында бөлу жөніндегі ұсыныстарды қалыптастырады.

ЖАО-ның бюджеттік кредит қаражаты көлемін бөлу жөніндегі ұсыныстары «АШҚҚҚ» АҚ-мен және микрокредит беру ұйымымен келісіледі.

Микрокредит беру ұйымының және «АШҚҚҚ» АҚ-ның қатысуы, сондай-ақ бөлінген сомалар туралы шешім облыс әкімдігінің қаулысымен бекітіледі. Бір облыста бір мезгілде екі микрокредит беру ұйымы мен «АШҚҚҚ» АҚ-ның қатысуына жол беріледі.

7. Кредиттер/микрокредиттер Қатысушыларға мерзімділік, ақылылық, қайтарымдылық, нысаналы пайдалану қағидаттары сақтала отырып, мынадай шаттармен ұсынылады:

1) кредит/микрокредит мерзімі – 5 жылға дейін, мал шаруашылығы саласындағы жобалар және ауыл шаруашылығы кооперативтерін құру үшін кредит/микрокредит мерзімі – 7 жылға дейін;

2) кредиттің/микрокредиттің ең жоғары сомасы – ауылдық елді мекендерде (олардың әкімшілік бағыныстылығына қарамастан) және шағын қалаларда – 2,5 мың АЕК-ге дейін, зәкірлік кооперацияны дамыту үшін – 8,0 мың АЕК-ге дейін;

3) номиналды сыйақы мөлшерлемесі – жылына 6 %-дан аспайды;

4) кредит берушінің шешімі бойынша қарыз алушыға негізгі борышы мен сыйақысын өтеу бойынша кредит беру/микрокредит беру мерзімі ұзақтығының үштен бірінен аспайтын жеңілдікті кезең беріледі;

5) Қатысушыға кредит/микрокредит алу үшін қойылатын міндетті шарттар Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес оның мемлекеттік кірістер органдарында тіркелуі және қаржыландыру мақсаты ісін жаңа бастаған кәсіпкерлер мен жұмыс істеп жүрген кәсіпкерлердің және зәкірлік кооперацияларға қатысушылардың қызметін кеңейту болып табылатын жобаларды қоспағанда, МҚҰ-ға/КС-ға/«АШҚҚҚ» АҚ-ға Халықты жұмыспен қамту орталығы жолдамасының болуы болып табылады;

6) қарыздардың мерзімдері мен сомалары Қатысушы қызметінің бағытына сәйкес, Кредит беру/микрокредит беру қағидаларына сай және микрокредит беру ұйымы мен «АШҚҚҚ» АҚ бекітетін кредиттік өнімдермен айқындалады;

7) МҚҰ/КТ/«АШҚҚҚ» АҚ және Қатысушы арасындағы кредит беру/микрокредит беру туралы шарттарда жаңа жұмыс орындарын құру жөніндегі талап міндетті түрде көрсетіледі.

8. МҚҰ-ға/КС-ға/«АШҚҚҚ» АҚ-ға Қатысушылардың кредит/микрокредит бойынша міндеттемелерін бұзуы себепті алынатын комиссияларды, алымдарды және/немесе өзге де төлемдерді қоспағанда, Қатысушылардың кредитімен/микрокредитімен байланысты қандай да бір комиссиялар, алымдар және/немесе өзге де төлемдер алуына тыйым салынады, бұл ретте мұндай комиссиялар, алымдар және/немесе өзге де төлемдер мөлшері «АШҚҚҚ» АҚ-ны қоспағанда, микрокредит беру ұйымдарымен алдын ала жазбаша келісілуі тиіс.

9. МҚҰ/КС/«АШҚҚҚ» АҚ «Жұмыспен қамтудың жол картасы-2020» бағдарламасы және Бағдарлама шеңберінде бұрын берілген кредиттер/микрокредиттер бойынша түпкілікті қарыз алушылар қайтарған қаражат есебінен аудандар мен шағын қалалардың мамандану карталарында көрсетілген қызметтің басым түрлеріне қарамастан, Бағдарлама шарттарында түпкілікті қарыз алушыларға мынадай тәртіппен қайта кредит беруді/микрокредит беруді жүзеге асырады:

«Жұмыспен қамтудың жол картасы-2020» бағдарламасы шеңберінде бұрын берілген кредиттер/микрокредиттер бойынша түпкілікті қарыз алушылар 2015-2016 жылдар ішінде қайтарған қаражат есебінен, 2018 жыл аяқталғанға дейін;

Бағдарлама шеңберінде бұрын берілген кредиттер/микрокредиттер бойынша қаржылық жыл ішінде қайтарылған қаражат есебінен, келесі қаржылық жыл өткенге дейін және қаражат тарту бойынша ЖАО-мен жасалған шарттың қолданылу мерзімінен аспайтын мерзімге.

Көрсетілген мерзімдер өткенге дейін аталған қаражат игерілмеген жағдайда, микрокредит беру ұйымы және «АШҚҚҚ» АҚ олардың тиісті бюджетке қайтарылуын қамтамасыз етеді.

10. Кредит берушілер ЖАО-мен жасалатын қарыз шарты сомасының кемінде 20%-ын бастапқы бизнесті қаржыландыруға бағыттайды.

11. Микробизнес ашуға арналған кредиттер/микрокредиттер «Бастау Бизнес» жобасы шеңберіндегі кәсіпкерлік негіздеріне немесе Бағдарламаның бірінші бағыты шеңберіндегі кәсіпкерлік негіздеріне оқыту курстарынан өту аясында бизнес-жобаларды қорғағаннан кейін не кредит/микрокредит алу үшін жүгінген күннің алдындағы сертификат алған күннен бастап соңғы 24 ай ішінде басқа бағдарламалар аясында кәсіпкерлік негіздеріне оқыту курстарынан ө

(Жалғасы. Басы 16-бетте)

9	Қаржы ұйымдарынан несиелік берешектің, оның ішінде мерзімі өткен берешектің бар-жоғы туралы анықтамалар (кредиттері бар болса)	түпнұсқа (уәкілетті адам түпнұсқасымен салыстырып тексерген, мерзімі берілген күннен бастап 30 күнге дейінгі көшірмесін ұсынуға жол беріледі)
10	Қарыз алушының (бірлесіп қарыз алушының) жалақысын және/немесе өзге де табыстарын растайтын құжат (жинақтаушы зейнетақы қорынан үзінді-көшірме)	түпнұсқа (бар болса)
11	Бағалау туралы есеп	түпнұсқа
12	Кепіл беруші мен кепілмен қамтамасыз ету жөніндегі құжаттар	көшірме**
13	«Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының сертификаты (тек «Бастау Бизнес» бағдарламасына қатысушылар үшін)	түпнұсқа
14	Кәсіпкерлік негіздеріне оқытудан өткені туралы сертификат (тек ісін жаңа бастаған кәсіпкерлер үшін)	көшірме**
заңды тұлғалар үшін:		
1*	Кредит/микрокредит алуға арналған сауалнама-өтініш	түпнұсқа
2*	Кредиттік тарих субъектісінің кредиттік бюроға өзі туралы ақпарат берілуіне, сондай-ақ кредиттік есеп алушыға кредиттік есептің берілуіне келісімі	түпнұсқа
3	Субъектінің берілген кредит/микрокредит туралы ақпаратты, мәліметтерді және кредит/микрокредит беру туралы шарт бойынша міндеттемелерін орындағаны/ орындамағаны туралы барлық мәліметтерді мемлекеттік (оның ішінде құқық қорғау)/мемлекеттік емес органдарға, бұқаралық ақпарат құралдарына, сондай-ақ «ҚазАгро» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамына және оның еншілес ұйымдарына беруге және олардан алуға келісімі	түпнұсқа
4	Құрылтай құжаттары және бірінші басшылардың құжаттары (жарғы/ құрылтай шарты, мемлекеттік тіркеу/ қайта тіркеу туралы анықтама, бірінші басшыны сайлау туралы құжаттар, бірінші басшының жеке басын растайтын құжат)	түпнұсқа
5	Заңды тұлғаның қолтаңбалар үлгілері мен мөр бедері бар құжат	уәкілетті адамдар қолтаңбаларының төлнұсқалығы нотариалды куәландырылған түпнұсқа
6	Қаржы ұйымынан несиелік берешектің, оның ішінде мерзімі өткен берешектің бар-жоғы туралы анықтамалар (кредиттері бар болса)	түпнұсқа (уәкілетті адам түпнұсқамен салыстырып тексерген, берілген күннен бастап 30 күнге дейінгі көшірмесін ұсынуға жол беріледі)
7	Бизнес-жоспар	қаріз алушы қол қойған түпнұсқа
8	Кепіл беруші мен кепілмен қамтамасыз ету жөніндегі құжаттар	түпнұсқа
9	«Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының сертификаты (тек «Бастау Бизнес» бағдарламасына қатысушылар үшін)	түпнұсқа

Ескертпе:
* кредит берушінің қатысуымен толтырылады
** құжаттардың көшірмелері түпнұсқасымен салыстырып тексеріледі.

Шағын қалаларда және ауылдық елді мекендерде кредит беру/микрокредит беру қағидаларына 2-қосымша

Нысан

20__ жылғы «____» _____ жағдай бойынша берілген кредиттер/микрокредиттер жөніндегі ақпарат

№	Іске асыру орны (аудан, қала)	Қарыз алушының атауы	Жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес сәйкестендіру нөмірі	Нысаналы мақсаты	Кредиттің/микрокредиттің берілген күні	Кредит беру/микрокредит беру мерзімі, айлар	Кредит/микрокредит сомасы, теңге	Сыйақы мөлшерлемесі	Экономика саласы	Кредит/микрокредит беру туралы шарт		Бизнес ашуға/бизнесті кеңейтуге	Бастапқы бизнеске (стартап жобаларға)	Кепілдік сомасы (бар болса)	Құрылған жұмыс орындарының саны
										№	Күні				
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16
Жиыны:															

Лауазымды адам _____ _____
(қолы) (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)
Мөр (бар болса) орны

Жауапты жұмыскер _____ _____
(қолы) (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

Шағын қалаларда және ауылдық елді мекендерде кредит беру/микрокредит беру қағидаларына 3-қосымша

Нысан

Кредиттердің/микрокредиттердің мақсатты пайдаланылуы туралы есеп

№	Кредит берушінің атауы	Қарыз алушының атауы	Қарыз алушының жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес сәйкестендіру нөмірі	Жобаның атауы	Кредиттің/микрокредиттің берілген күні	Кредит беру/микрокредит беру мерзімі, айлар	Кредит/микрокредит сомасы, теңге	Кредит/микрокредит бойынша сыйақы мөлшерлемесі	Қарыз қаражатының нысаналы мақсаты (қарыз қаражатының әрбір бағытының атауы мен сомасын көрсете отырып)	Қаражаттың нақты мақсатты пайдаланылуы (қарыз қаражатының әрбір бағытының атауы мен сомасын көрсете отырып)
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11

кестенің жалғасы

Іске асыру орны (аудан, қала)	Экономика саласы	Бизнесті ашу/бизнесті кеңейту	Кепілдік сомасы (бар болса)	Құрылған жұмыс орындарының саны
12	13	14	15	16

Лауазымды адам _____ _____
(қолы) (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)
Мөр (бар болса) орны

Жауапты жұмыскер _____ _____
(қолы) (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 27 қарашадағы № 477 бұйрығына 2-қосымша

Ауылдық жерлерде және шағын қалаларда микроқаржы ұйымдары және кредиттік серіктестіктер беретін кредиттер/микрокредиттер бойынша кепілдік беру қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Ауылдық жерлерде және шағын қалаларда микроқаржы ұйымдары мен кредиттік серіктестіктер беретін кредиттер/микрокредиттер бойынша кепілдік беру қағидалары (бұдан әрі – Кредиттер/микрокредиттер бойынша кепілдік беру қағидалары) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 13 қарашадағы № 746 қаулысымен бекітілген Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасының (бұдан әрі – Бағдарлама) екінші бағыты шеңберінде әзірленді және ауылдық жерлер мен шағын қалаларда микроқаржы ұйымдары және кредиттік серіктестіктер беретін кредиттер/микрокредиттер бойынша кепілдік беру тәртібін айқындайды.

2. Осы Кредиттер/микрокредиттер бойынша кепілдік беру қағидаларында мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – агроөнеркәсіптік кешенді (бұдан әрі – АӨК) дамыту саласындағы басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органы;

2) ауылдық елді мекендерде және шағын қалаларда кредит беру/микрокредит беру шараларына қатысушылар (бұдан әрі – Қатысушы) – ісін жаңа бастаған және жұмыс істеп жүрген кәсіпкерлер мен зәкірлік кооперация қатысушылары;

3) ауыл шаруашылығы кооперативі – жеке және/немесе заңды тұлғалардың ауыл шаруашылығы өнімін, аквакультурасын (балық өсіру) өнімін өндіруге, өңдеуге, өткізуге, сақтауға, өндіріс құралдарымен және материалдық-техникалық ресурстармен жабдықтауға, кредит беруге, сумен қамтамасыз етуге немесе кооперативтің мүшелеріне, сондай-ақ кооперативтің қауымдасқан мүшелеріне басқа да сервистік қызметтер көрсетуге деген әлеуметтік-экономикалық қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында бірлескен өндірістік және (немесе) өзге де шаруашылық қызметті жүзеге асыру үшін оларды ерікті түрде біріктіру жолымен мүшелік негізінде құрылатын, өндірістік кооперативтің ұйымдастыру-құқықтық нысанындағы заңды тұлға;

4) ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы орган (бұдан әрі – ауыл шаруашылығы басқармасы) – ауыл шаруашылығын басқару функциясын іске асыратын жергілікті атқарушы органдардың құрылымдық бөлімшесі;

5) жеке кабинет – пайдаланушының (микрокредит беру ұйымының, МҚҰ-ның, жұмыс органының) веб-порталдағы дербес веб-парағы;

6) жеке шот – комиссия алуға арналған өтінімдерді тіркеу және олар бойынша операцияларды есепке алу мақсатында тіркелген тұлғаны сәйкестендіруге мүмкіндік беретін тізілімдегі жазбалар жиынтығы;

7) жергілікті атқарушы орган (әкімдік) (бұдан әрі – ЖАО) – облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) әкімі басқаратын, өз құзыреті шегінде тиісті аумақта жергілікті мемлекеттік басқаруды және өзін-өзі басқаруды жүзеге асыратын алқалы атқарушы орган;

8) жұмыс істеп жүрген кәсіпкер – «АШҚҚҚ» АҚ-ға/МҚҰ-ға/КС-ға кредит-микрокредит алу үшін жүгінген сәтте дара кәсіпкер немесе заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелген мерзімі үш жылдан көп кәсіпкер;

9) зәкірлік кооперация – шағын және орта шаруа (фермерлік) қожалықтары және/немесе ауыл шаруашылығы кооперативтерінің және ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлері бар басқа да үміткерлердің ауыл шаруашылығы өнімдері өндірісін арттыру және өнімдерді кепілді өткізу мақсатында АӨК-нің орта және ірі субъектілерімен әріптестігі;

10) кепілгер – «ҚазАгроКепіл» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «ҚАК» АҚ);

11) кепілдік – кепілгердің қаріз алушының міндеттемелері бойынша микроқаржы ұйымы/кредиттік серіктестік алдындағы субсидиарлық жауапкершілігін растайтын құжат;

12) кепілдік беру – кәсіпкерлердің микроқаржы ұйымы/кредиттік серіктестік алдындағы кредит/микрокредит бойынша міндеттемелерін негізгі борышқор сомасы шегіндегі субсидиярлық жауапкершілік шарттарында орындауын қамтамасыз етуде кепілдеме беруді көздейтін мемлекеттік қолдаудың нысаны;

13) кепілдік шарты – кепілгердің, кредит берушінің және қаріз алушының арасындағы осы Кредиттер/микрокредиттер бойынша кепілдік беру қағидаларына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кепілдік беру туралы жасалған үшжақты жазбаша келісім;

14) комиссия алуға арналған өтінім – электрондық цифрлық қолтаңба қойылған, осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кредиттер/микрокредиттер бойынша берілген кепілдіктер үшін комиссия төлеуге арналған электрондық өтінім;

15) комиссия алуға арналған өтінімдердің электрондық тізілімі (бұдан әрі – тізілім) – комиссия алуға арналған өтінімдер туралы, сондай-ақ қаріз алушылар, кредиторлар туралы мәліметтер жиынтығы және субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде көрсетілген өзге де мәліметтер;

16) көрсетілетін қызметтерді жеткізуші – мемлекеттік сатып алу туралы заңнамаға сәйкес жұмыс органы айқындайтын, субсидиялаудың ақпараттық жүйесіне қолжетімділікті және оны сүйемелдеуді қамтамасыз ететін тұлға;

17) кредит/микрокредит – микроқаржы ұйымдарының/кредиттік серіктестіктердің (бұдан әрі – КС)/«Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ-ның (бұдан әрі – «АШҚҚҚ» АҚ) ақылылық, мерзімділік, қайтарымдылық, қамтамасыз етілу және мақсатты пайдалану шарттарында Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында кредит/микрокредит/ жаңартылмайтын кредиттік желіні ұсыну туралы шарт бойынша Қатысушыға беретін қаріз қаражаты;

18) кредиттік серіктестік (бұдан әрі – КС) – жеке және/немесе заңды тұлғалар өз қатысушыларының кредиттерге және басқа қаржылық, оның ішінде банктік қызмет көрсетуге деген қажеттіліктерін олардың ақшаларын жинақтау жолымен және Қазақстан Республикасының заңдарында тыйым салынбаған басқа да көздер есебінен қанағаттандыру үшін құрған заңды тұлға;

19) қаржы институттары – банктік операцияларды жүзеге асыру құқығына лицензиялары бар екінші деңгейдегі банктер, кредиттік ұйымдар, сондай-ақ агроөнеркәсіптік кешен саласындағы лизингтік компаниялар мен КС;

20) микрокредит беру ұйымы – «Аграрлық несие корпорациясы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «АНК» АҚ);

21) микроқаржы ұйымы (бұдан әрі – МҚҰ) – коммерциялық ұйым болып табылатын, ресми мәртебесі әділет органдарында мемлекеттік тіркелуімен және есептік тіркеуден өтуімен айқындалатын, кредиттер/микрокредиттер беру қызметін, сондай-ақ «Микроқаржы ұйымдары туралы» 2012 жылғы 26 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңымен рұқсат етілген қызметтің қосымша түрлерін жүзеге асыратын заңды тұлға;

22) субсидиялаудың ақпараттық жүйесі – субсидиялау процестерін орындау жөніндегі қызметтерді көрсетуге арналған, «электрондық үкімет» веб-порталымен өзара іс-қимыл жасауға, комиссия алуға арналған өтінімді тіркеуге, сондай-ақ өтінімді субсидиялау шарттарына сәйкестігіне автоматты түрде тексеру арқылы оны өңдеуге мүмкіндік беретін ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың, қызмет көрсетуші персоналдың және техникалық құжаттаманың ұйымдастырылып, ретке келтірілген жиынтығы;

23) субсидиялаудың ақпараттық жүйесінің веб-порталы (бұдан әрі – веб-портал) – Интернет желісіне орналастырылған, субсидиялаудың ақпараттық жүйесіне қолжетімділік беретін интернет-ресурс;

24) ісін жаңа бастаған кәсіпкер – «АШҚҚҚ» АҚ-ға/МҚҰ-ға/КС-ға кредит/микрокредит алу үшін жүгінген сәтте дара кәсіпкер немесе заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелген мерзімі үш жылдан аз кәсіпкер;

25) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) – цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиістілігін және мазмұнының өзгермейтінін растайтын, ұлттық куәландырушы орталық берген электрондық цифрлық символдар жиынтығы.

2-тарау. Кепілдік беру шарттары

3. Кепілдік беру үшін қатысушылардың мынадай өлшемшарттарға сәйкестігі талап етіледі:

26) МҚҰ/КС арқылы Бағдарлама шеңберінде қорландырылатын ауылдық елді мекендерде (олардың әкімшілік бағыныстылығына қарамастан) және шағын қалаларда микробизнес ашуға, ісін жаңа бастаған кәсіпкердің қызметін кеңейтуге, ауыл шаруашылығы кооперативтерін ашуға және зәкірлік кооперацияларға қатысушылардың қызметін дамытуға берілетін кредитке/микрокредитке мақұлдау алу;

27) кредит/микрокредит алуға жүгінген күннің алдындағы соңғы есептілік күніне салықтарды төлеу бойынша берешектерінің, міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және әлеуметтік аударымдар бойынша берешектерінің жоқтығы (10 айлық есептік көрсеткіштен (бұдан әрі – АЕК) аспайтын мөлшердегі жалпы берешекке жол беріледі), қаржы институттары алдында мерзімі өткен берешектерінің болмауы;

4. Бағдарлама шеңберінде орта және ірі кәсіпкерлік субъектілері кепілдік беретін қатысушылар бола алмайды.

5. Бағдарламаның екінші бағытының шарттарына сәйкес келген жағдайда кепілдендіруге қатысуға республикалық бюджет, Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры, Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры, облыс әкімдігінің және микрокредит беру ұйымының қаражаты есебінен іске асырылатын бағдарламалар шеңберінде МКО/КС арқылы мемлекеттік қаржылай қолдау алатын кәсіпкерлерге жол беріледі.

6. Мынадай:

1) ұйымдардың және кәсіпорындардың үлесін, акцияларын сатып алуға бағытталған;

2) мемлекеттік даму институттары тікелей берген;

3) кредит/микрокредит ұсыну туралы шартты жасасу уақытынан бастап бір жыл ішінде жер учаскелерінің/жылжымайтын тұрғын үйдің нысаналы мақсатын Қатысушы өзгерткен жағдайларды қоспағанда, жылжымайтын тұрғын үй сатып алуға және оны салуға берілген, жер учаскелерін сатып алуға арналған (олардың нысаналы мақсаты кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес);

4) тұтынушылық мақсаттарға берілген;

5) овердрафт түріндегі;

6) акцизделетін өнімді өндіруге бағытталған;

7) бұрын алынған қаріздарды қайта қаржыландыруға немесе өтеуге бағытталған;

8) Қатысушылардың жеке және/немесе заңды тұлғалардан, оның ішінде қатысушылардан, акционерлерден, Қатысушылардың лауазымды адамдары мен жұмыскерлерінен қаржылық көмек алуына байланысты туындаған берешекті өтеуге арналған;

9) делдалдың көрсететін қызметтеріне ақы төлеуге арналған;

10) бағалы қағаздарды (портфельдік инвестицияларды) сатып алуға арналған;

11) үлестес тұлғалардан (байланысты компаниялардан) негізгі құралдарды, активтерді сатып алуға арналған;

12) оффшорлық аймақтарда тіркелген (ашылған) контрагенттердің заңды мекенжайы және/немесе банктік шотының деректемелері туралы ақпарат болатын шарттар (келісімшарттар, келісімдер) төлеміне берілетін кредиттер/микрокредиттер кепілдік беруге жатпайды.

7. Кепілдік 2017 жылғы 1 қаңтардан бастап ауылдық елді мекендерде (олардың әкімшілік бағыныстылығына қарамастан) және шағын қалаларда микробизнес ашуға, жұмыс істеп тұрған бизнесті кеңейтуге, кооперативтер құруға МҚҰ/КС берген кредиттер/микрокредиттер бойынша ғана ұсынылады.

8. Кепілдік беру жүзеге асырылатын МҚҰ/КС-ның кредиттері/микрокредиттері бойынша сыйақының номиналды мөлшерлемесі Қазақстан Республикасы Ұлттық банкі белгілеген және Қатысушының жобасы бойынша МҚҰ/КС шешім қабылдаған күнге 6 (алты) пайыздық тармаққа ұлғайған базалық сыйақы мөлшерлемесінен жоғары бола алмайды.

9. Кепілдік беруге жататын кредит/микрокредит сомасы сегіз мың АЕК-ден аспайды.

10. Ісін жаңа бастаған кәсіпкер мен зәкірлік кооперация қатысушылары үшін кепілдік мөлшері кредит/микрокредит сомасының 85%-ынан жоғары бола алмайды. Кредит/микрокредит сомасының кепілдікпен қамтамасыз етілмеген қалған %-ы Қатысушының және/немесе үшінші тұлғалардың кепілмен қамтамасыз етуі арқылы беріледі.

11. Кредит/микрокредит алу үшін МҚҰ-ға/КС-ға жүгінген сәтте Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес салық органдарында мемлекеттік тіркелген мерзімі үш жылдан асатын жұмыс істеп жүрген кәсіпкер және зәкірлік кооперацияға қатысушы үшін кепілдік мөлшері кредит/микрокредит сомасының 50%-ынан жоғары бола алмайды. Кредит/микрокредит сомасының кепілдікпен қамтамасыз етілмеген қалған %-ы Қатысушының және/немесе үшінші тұлғалардың кепілмен қамтамасыз етуі арқылы беріледі.

12. Кепілдік шығарылған міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету үшін ол кредиттің/микрокредиттің қолданылу мерзіміне беріледі.

13. Ол бойынша кепілдік беру шарты жасалатын кредит/микрокредит қамтамасыз етуді көрсете отырып, кредит/микрокредит беру туралы өзіндік шарт түрінде, оның ішінде кепілдік түрінде ресімделуі тиіс.

14. Кредиттерге/микрокредиттерге кепілдік бергені үшін ЖАО-ның комиссия мөлшері кепілдік мөлшерінің 30 %-ын құрайды және жергілікті бюджетте тиісті қаржы жылына көзделген қаражат есебінен және шегінде төленеді.

15. МҚҰ/КС-ның кредиттер/микрокредиттер бойынша кепілдіктер беруі мынадай жағдайларда:

1) МҚҰ/КС талаптарының кепілгер төлеген шегі кепілгердің кепілдігімен құрылған, кредит портфелі көлемінің (берешек қалдығы) 10%-нан асқан кезде;

2) кредиттер/микрокредиттер бойынша берілген кепілдік үшін комиссия төлемі бойынша ЖАО-мен жасалған шарт бұзылғанда;

3) кредит беру/микрокредит беру ұйымының МҚҰ/КС-ны қорландыруды тоқтатқанда тоқтатылады.

16. Кепілгер іске асырылатын Бағдарламаның жарнамалық науқанын жүргізеді және өзінің ресми интернет-ресурсында Бағдарламаның іске асырылуы туралы ақпарат орналастырады.

17. Кепілгер мынадай жағдайларда:

1) жүргізілген болжамдық қаржылық талдау қорытындылары бойынша жоба экономикалық орынсыз және тиімсіз болғанда;

2) жоба Бағдарлама талаптарына сәйкес келмегенде;

3) Қатысушының және/немесе олармен үлестес заңды және/немесе жеке тұлғалардың теріс кредиттік тарихы болғанда, атап айтқанда үздіксіз 90 күннен асқан мерзімі өткен берешек болғанда және/немесе соңғы 36 айдағы мерзімі өткен берешекті талап ету құқығы үшінші адамдарға табысталғанда және/немесе кепілдік беруге өтінімді ұсыну күніне өтелмеген мерзімі өтіп кеткен берешек бар болғанда;

4) кредиттер/микрокредиттер бойынша берілген кепілдіктер үшін комиссия төлемі бойынша ЖАО-мен жасалған шарт бұзылғанда;

5) микрокредит беру ұйымы МҚҰ/КС-ны қорландыруды тоқтатқанда кепілдік беруден бас тартады.

18. Кепілдік субсидиарлық жауапкершілік шарттарымен кредит/микрокредит бойынша негізгі борыш сомасы шегінде беріледі.

19. Кепілгердің шешімімен кредит/микрокредит бойынша қамтамасыз ету ретінде берілетін мүлік сақтандыруға жатады.

3-тарау. Қатысушылардың кепілдік беру үшін өзара іс-қимыл тәртібі

20. Қатысушы кредит/микрокредит алуға өтінішпен МҚҰ/КС-ға жүгінеді.

21. МҚҰ/КС Қатысушының өтінішін қарайды және Қатысушының қамтамасыз етуі жеткіліксіз болған жағдайда, кепілгердің ішінара кепілдігі бойынша кредит/микрокредит беру мүмкіндігі (мүмкін еместігі) туралы шешім қабылдайды.

22. Оң шешім қабылданған жағдайда, МҚҰ/КС кепілгерге жүгінеді және мыналарды:

1) осы Кредиттер/микрокредиттер бойынша кепілдік беру қағидаларына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кепілдік сомасын есептей отырып, кредит беру/микрокредит беру мүмкіндігі туралы оң шешімі бар хатты;

2) осы Кредиттер/микрокредиттер бойынша кепілдік беру қағидаларына 3-қосымшаға сәйкес Қатысушының сараптамасын жүргізу үшін берілетін құжаттар тізбесінде көрсетілген қажетті құжаттарды береді.

23. Кепілгер МҚҰ/КС-дан құжаттардың толық топтамасын алғаннан кейін 14 (он төрт) жұмыс күні ішінде алған құжаттарды қарап, кепілдік беру (бермеу) туралы шешім шығарады.

24. Берілген құжаттарға ескертулер болған және/немесе қосымша ақпарат ұсыну қажет болған жағдайда, кепілгер МҚҰ/КС-ға анықталған ескертулерді және/немесе ақпаратты беру туралы сұранымды жолдайды. Бұл ретте кепілгердің өтінімді қарау процесі мен мерзімдері ескертулерді жоюға және/немесе қосымша ақпарат ұсынуға дейін тоқтатыла тұрады.

25. Өтініштерді қарау қорытындылары бойынша кепілгер кредитке/микрокредитке кепілдік беру/кепілдік беруден бас тарту туралы шешім қабылдайды және жауабын МҚҰ/КС-ға жолдайды.

26. Кепілгер суратылатын немесе өзге де шарттармен кепілдік беру туралы шешім қабылдауға құқылы.

27. Кепілгердің кепілдік беру мүмкіндігі туралы оң шешімі болған кезде МҚҰ/КС кепілгерге қол қойылған кредит/микрокредит беру шарттарының, кепіл (дер) шартының (тарының) көшірмелерін жолдайды.

28. МҚҰ/КС-дан кредит/микрокредит беру туралы қол қойылған шарттың көшірмесі алынғаннан, кепіл ресімделгеннен кейін кепілгер МҚҰ/КС-ға жолданатын кепілдік беру шартын үш данада ресімдеп, қол қояды.

29. МҚҰ/КС және Қатысушы кепілдік беру шартына қол қояды және қол қойылған шарттың бір данасын кепілгерге береді.

30. Кепілдік беру шартын ресімдеп, қол қою рәсімі аяқталғаннан кейін МҚҰ/КС Қатысушыға кредит/микрокредит беруді жүзеге асырады.

31. Қатысушыға кепілдік беру жөнінде теріс шешім қабылданған жағдайда, кепілгер МҚҰ/КС-ға бас тарту туралы жазбаша уәжді жауабын ұсынады.

32. Бағдарлама қатысушылары кепілдік алу үшін кепілгерге және кейіннен кредит/микрокредит алу үшін МҚҰ/КС-ға жүгінген кезде Бағдарламаны іске асыру мынадай тәртіпте жүзеге асырылады:

1) кепілгер Қатысушыдан осы Кредиттер/микрокредиттер бойынша кепілдік беру қағидаларына 3-қосымшаға сәйкес толық құжаттар топтамасын алғаннан кейін 14 жұмыс күні ішінде Қатысушы кейін кредит/микрокредит алу мақсатымен кепілдік беруге алынған құжаттарды қарайды;

2) кепілгер кепілдік беру туралы оң шешім қабылдаған жағдайда, кепілгер Қатысушыға берілетін кепілдіктің шарттарын, сондай-ақ оған сәйкес келген жағдайда Бағдарлама шеңберінде кепілдікті ұсынуға болатын МҚҰ/КС-ның кредит/микрокредитті ұсыну шарттарын көрсете отырып, кепілдік беру мүмкіндігі туралы жауап береді;

3) кепілгердің кепілдік беру туралы оң шешімі алынған соң Қатысушы МҚҰ/КС-ға кепілдікпен кредит/микрокредит алу үшін жүгінеді;

4) МҚҰ/КС Бағдарлама шарттарына сәйкес Қатысушының өтінішін қарайды, кепілмен кредит/микрокредит беру мүмкіндігі туралы шешім қабылдау үшін МҚҰ/КС ішкі құжаттарына сәйкес жобаның кешенді сараптамасын жүргізеді;

5) МҚҰ/КС:

кепілгердің кепілдік беру мүмкіндігі туралы жауабында көрсетілген шарттарда кредит/микрокредит бойынша оң шешім қабылдаған жағдайда, кепілгерге қол қойылған кредиттік шарты/микрокредит беру шарты/ кредиттік желіні ашу шартын және кепіл шартын (-тарын) қоса қажетті құжаттардың көшірмелерін жолдайды;

кепілгердің кепілдік беру мүмкіндігі туралы жауабында көрсетілген кепілдік және кредит/микрокредит беру шарттарына сәйкес келмейтін өзге шешім қабылдаған жағдайда, МҚҰ/КС кепілгерге Қатысушының өтінімін, МҚҰ/КС уәкілетті органы шешімінің көшірмелерімен қоса қабылданған шешім туралы хабарламаны мәлімет және/немесе қайта қарау үшін жолдайды. Қатысушының өтінімін одан әрі қарау тәртібі осы Кредиттер/микрокредиттер бойынша кепілдік беру қағидаларының 22-30-тармақтарына сәйкес жүзеге асырылады.

6) кепілгер кепілдік шартын рәсімдейді және қол қояды, оны МҚҰ/КС-ға жолдайды;

7) МҚҰ/КС кепілдік шартына қол қояды, оған Қатысушының қол қоюын қамтамасыз етеді және қол қойылған кепілдік шартын кепілгерге жолдайды;

8) кепілдік шартын рәсімдеу және қол қою рәсімі аяқталғаннан кейін, МҚҰ/КС Қатысушыға кредит/микрокредит беруді жүзеге асырады.

33. Шығаруға жоспарланған кепілдіктер үшін ақы төлеу мақсатында ауыл шаруашылығы басқармасы кезекті жылдың басында кредиттерге/ микрокредиттерге кепілдік беру үшін бөлінген соманың 50%-ын кепілгерге аударады.

34. Нысаналы трансферттердің қалған бөлігін кепілгер жылдың басында кепілгерлерге аударылған қаражаттың бірінші жартысы толық игерілгеннен кейін кепілдік шарттарының жасалуына қарай аударады:

35. Осы Кредиттер/микрокредиттер бойынша кепілдік беру қағидалары шеңберінде кепілдік беруге бөлінген және кепілгердің ағымдағы қаржы жылында пайдаланбаған қаражаты ауыл шаруашылығы басқармасына қайтарылады.

Жобаларға кепілдік беруге бөлінген бюджет қаражаттары жетіспеген жағдайда, ауыл шаруашылығы басқармалар ағымдағы қаржы жылында жобаларға кепілдік беруді тоқтата тұрғаны туралы хабардар етеді.

36. Кепілдік шарты бойынша ақы төлеуді кепілгер МҚҰ/КС-ның кредитті/микрокредитті қайтару бойынша іс-шаралар жүргізгенін растайтын құжаттарды қоса бере отырып, МҚҰ/КС талабы негізінде жүзеге асырылады.

37. МҚҰ/КС пайдасына кепілдік шарты бойынша ақы төлеу кредит/микрокредит бойынша мерзімінің өтуі туындаған сәттен бастап, 180 күнтізбелік күн өткен соң жүзеге асырылады.

4-тарау. Комиссия төлеу шарттары

38. Субсидиялар мынадай шарттар сақталған кезде беріледі:

1) кепілдік туралы шарт жасалғаннан кейін, кепілгердің «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша комиссия алуға арналған өтінім беруі;

«Электрондық үкімет» веб-порталы мен субсидиялаудың ақпараттық жүйесінің өзара ақпараттық іс-қимылы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады;

2) субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде комиссия алуға арналған өтінімнің тіркелуі;

3) субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде деректері субсидиялаудың ақпараттық жүйесінің «Заңды тұлғалар» немесе «Жеке тұлғалар» мемлекеттік дерекқорларымен өзара ақпараттық іс-қимылы нәтижесінде расталған кепілгердің жеке шотының болуы.

5-тарау. Комиссия төлеу тәртібі

39. Комиссия алуға арналған өтінімдерді қабылдау кепілгердің тіркелген жері (заңды мекенжайы) бойынша жүзеге асырылады.

Веб-портал (бұдан әрі – Жеке кабинет) арқылы тізілім деректеріне қолжетімділік беру үшін:

1) комиссия алудың ақпараттық жүйесіне өздігінен тіркелу үшін кепілгердің ЭЦҚ-сы болуы тиіс.

2) ауыл шаруашылығы басқармасы, кепілгер, уәкілетті орган жыл сайын қызметтерді жеткізушіге ЭЦҚ-ны меңгерген қызметкерлердің тізімдерін жібереді.

40. 40. Жеке кабинетте тіркеу үшін кепілгер мынадай мәліметтерді көрсетеді:

1) жеке кәсіпкерлер үшін: жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – ЖСН), аты, әкесінің аты (бар болса), тегі;

2) заңды тұлғалар және шетелдік заңды тұлғалардың филиалдары (өкілдіктері) үшін: бизнес-сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – БСН), толық атауы; аты, әкесінің аты (бар болса), тегі және бірінші басшының ЖСН-сы;

3) байланыс деректері (почталық мекенжайы, телефоны, электрондық почта мекенжайы);

4) екінші деңгейдегі банктің ағымдағы шотының деректемелері.

5) Жоғарыда көрсетілген деректер өзгерген кезде, кепілгер бір жұмыс күні ішінде Жеке кабинетіне енгізілген дербес шотының деректерін өзгертеді.

41. Комиссия алуға арналған өтінімдерді қалыптастыру және тіркеу Жеке кабинетте мынадай тәртіппен жүргізіледі:

1) комиссия алудың ақпараттық жүйесінің тексеруі үшін қажетті мәліметтерді енгізе отырып, комиссия алуға арналған өтінім қалыптастырылады;

2) комиссия алуға арналған өтінім кепілгердің ЭЦҚ пайдалана отырып қол қоюы жолымен комиссия алудың ақпараттық жүйесінде тіркеледі және ауыл шаруашылығы басқармасының Жеке кабинетінде қолжетімді болады. Ауыл шаруашылығы басқармасының электрондық мекенжайына қарауға комиссия алуға арналған өтінімнің келіп түскені туралы электрондық хабарлама жіберіледі.

Егер, ауыл шаруашылығы басқармасы төлем тапсырмаларын қалыптастырғанға дейін тіркелген комиссия алуға арналған өтінімде деректердің сәйкессіздігі бары анықталса, кепілгер кері қайтару себебін көрсете отырып, комиссия алуға арналған өтінімді кері қайтарып алуға құқылы.

42. Ауыл шаруашылығы басқармасы комиссия алуға арналған өтінім тіркелген сәттен бастап бір жұмыс күні ішінде тиісті хабарламаға ЭЦҚ пайдалана отырып қол қою жолымен оның қабылданғанын растайды. Өздігінен тіркелу жағдайында аталған хабарлама комиссия алудың ақпараттық жүйесіндегі кепілгердің Жеке кабинетінде қолжетімді болады.

43. Ауыл шаруашылығы басқармасы комиссия алуға арналған өтінім берілгеннен кейін екі жұмыс күні ішінде Қаржыландыру жоспарына сәйкес комиссия алудың ақпараттық жүйесінде комиссия алуға арналған төлем тапсырмаларын қалыптастырады, олар «Қазынашылық-Клиент» ақпараттық жүйесіне жүктеледі.

44. Субсидиялау мынадай жағдайларда тоқтатылады:

1) заңды күшіне енген сот шешімі бойынша кепілгердің шоттарына тыйым салынуы;

2) кепілгердің комиссия алудан бас тарту туралы жазбаша өтініші;

3) кепілдік шартының бұзылуы.

6-тарау. Мониторинг

45. Кепілгер берілген кепілдер бойынша мынадай бағыттарда ішінара мониторинг жүргізеді:

1) МҚҰ/КС және/немесе Қатысушы ұсынатын деректер мен құжаттар негізінде, сондай-ақ Қатысушыға өз бетімен барып алған, өзінің деректері негізінде кепілдік шартын жасасқан Қатысушыны мониторингтеу;

2) МҚҰ/КС-ның ұ

(Жалғасы. Басы 16-17-беттерде)

8) Қарыз алушыдан (Кепілгер кепілдік бойынша міндеттемелерді орындаған жағдайда) Кепілгерге кепілдік бойынша жүргізілген төлем сомасын толық көлемде өтеуді және Қарыз алушы үшін жауапкершілікке байланысты келтірілген өзге де шығындарды өтеуді талап етуге;

9) осы Шартқа 1-қосымшаға сәйкес МҚҰ-дан/КС-дан тоқсан сайынғы негізде қаржылық есепті, берілген кредит/микрокредит бойынша кредиттік портфель туралы ақпаратты сұратуға;

10) Кепілгер МҚҰ-ның/КС-ның осы Шартта айқындалған тәртіппен кепілдік төлемі бойынша талабын орындаған жағдайда, осы Шарт бойынша құқықтар мен міндеттерді үшінші тұлғаларға тапсыруға;

11) осы Шартта, Кепілдендіру қағидаларында және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтарды иеленуге құқылы.

15. Қарыз алушы:

1) МҚҰ-ға/КС-ға, Кепілгерге растаушы құжаттарды кредит/микрокредит алған сәттен бастап күнтізбелік 90 (тоқсан) күннен аспайтын мерзімде бере отырып, Кредит/микрокредит беру туралы шартта белгіленген кредитті/микрокредитті нысаналы мақсатына сәйкес пайдалануға міндетті. Бұл ретте, кредиттің/микрокредиттің нысаналы мақсатын өзгерту, сондай-ақ нысаналы мақсатының расталу мерзімін ұзарту МҚҰ-мен/КС-мен және Кепілгермен келісім бойынша мүмкін болады;

2) МҚҰ-ның/КС-ның және (немесе) Кепілгердің алғашқы талабы бойынша оның өкілдеріне кредиттің/микрокредиттің мақсатты пайдаланылуын, оның қамтамасыз етілуін және Қарыз алушының қаржылық-шаруашылық қызметін оның өндірістік (сауда) объектілерін тікелей қарап-тексеру және (немесе) МҚҰ-ға/КС-ға және (немесе) Кепілгерге қажетті шарттарда (мерзімі, көлемі) қаржылық-шаруашылық қызметі туралы құжаттар мен ақпарат беру арқылы тексеруге мүмкіндік беруге;

3) тез арада, Кредит/микрокредит беру туралы шарттың талаптары бұзылған күннен кейін 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей, Кепілгерге Кредит/микрокредит беру туралы шарттың олар жол берілген барлық бұзушылықтары туралы, оның ішінде негізгі борышты және (немеее) кредит/микрокредитті пайдаланғаны үшін сыйақы сомасын төлеу (қайтару) мерзімін кешіктіру туралы, сондай-ақ Қарыз алушының Кредит/микрокредит беру туралы шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауға әсер ететін немесе әсер етуі мүмкін барлық жағдайлар туралы жазбаша хабарлауға;

4) МҚҰ/КС Кредит/микрокредит беру туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындау туралы талап қойған жағдайда, өз міндеттемелерін тиісінше орындауға қатысты қалыптасқан отырған жағдайда барлық ақылға сыйымды және қолжетімді шараларды қабылдауға;

5) Кепілгер кепілдік бойынша міндеттемелерді орындаған жағдайда, Кепілгер кепілдік бойынша жүргізген төлемдер сомасын Кепілгерге толық көлемде өтеуге және (Кепілгердің тиісті талаптары бар болса) Қарыз алушының Кепілгер алдындағы борышы сомасына есептелген сыйақыны Кепілгер МҚҰ-ға/КС-ға кепілдік бойынша соманы аударған күннен бастап Қарыз алушы ақшаны Кепілгерге нақты қайтарған күнге дейін МҚҰ/КС-ге кепілдік бойынша төленген сомада, Кредит/микрокредит беру туралы шартта көрсетілген мөлшерлеме бойынша төлеуге, сондай-ақ Қарыз алушы үшін жауапкершілікпен байланысты Кепілгерге келтірілген өзге де шығындарды Кепілгердің талабында көрсетілген тәртіппен және мерзімде өтеуге міндетті. Осы Шартта көрсетілген Кепілгердің банктік шотына ақша аударылған күн Қарыз алушының Кепілгерге ақшаны нақты қайтарған күні болып саналады;

6) Кепілгерден Кредит/микрокредит беру туралы шарт бойынша міндеттемелердің орындалуы, оның ішінде жасалған Кредит/микрокредит беру туралы шарт талаптарының жол берілген бұзушылықтары туралы ақпаратты беру жөнінде жазбаша сұраным алған кезде оны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні мерзімінен кешіктірмей, Кепілгерге сұранымда көрсетілген ақпаратты жазбаша нысанда беруге;

7) банк деректемелері және (немесе) орналасқан жері өзгерген кезде 5 (бес) жұмыс күні ішінде МҚҰ-ны/КС-ны және Кепілгерді жазбаша түрде хабардар етуге;

8) МҚҰ/КС/Кепілгер талабы бойынша Кредит/микрокредит беру туралы шарт бойынша алынатын мүлікті қосымша кепіл ретінде ұсынуға;

9) Кепілгердің шешімімен Кредит/микрокредит беру туралы шарт бойынша алынатын жылжымалы мүлікті сақтандыруды жүзеге асыруға;

10) осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған және (немесе) тиісінше орындамаған жағдайда, МҚҰ/КС және Кепілгер алдында барлық өз мүлкімен жауап беруге;

11) Кепілгердің алғашқы талабы бойынша Кепілгерге Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес салықтық құпия болып табылатын, Бағдарламаның тиімділігін мониторингтеу үшін Кепілгер пайдаланатын мынадай:

кірістер;

жұмыскерлер саны;

жұмыскерлердің есептелген кірістері және жеке тұлғаларға өзге де төлемдер бойынша шығыстар;

бір жұмыскерге орташа айлық жалақы;

салықтық төлемдер сомасы туралы мәліметтерді Кепілгерге беруге Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетіне келісім беру туралы өтініш ұсынуға міндетті.

16. МҚҰ/КС:

1) Кредит/микрокредит беру туралы шарттың талаптары өзгерген (Кепілгер жауапкершілігінің ұлғаюына немесе Кепілгер үшін өзге де қолайсыз салдарларға алып келмейтін) кезде дереу, бірақ Кредит/микрокредит беру туралы шартқа өзгерістер енгізілген күннен кейінгі 10 (он) жұмыс күні мерзімінен кешіктірмей Кепілгерге бұл туралы жазбаша хабарлауға міндетті.

Кредит/микрокредит беру туралы шартқа Кепілгер жауапкершілігінің ұлғаюына немесе Кепілгер үшін өзге де қолайсыз салдарларға алып келетін өзгерістер енгізілген кезде МҚҰ/КС Кепілгерден осы өзгерістерді енгізуге алдын ала жазбаша келісім алуға міндетті.

Шарттың осы тармағының екінші абзацында көрсетілген өзгерістер Кредит/микрокредит беру туралы шартқа Кепілгердің алдын ала жазбаша келісімінсіз енгізілген жағдайда, кепілдік тоқтатылады;

2) Кепілгерден Кредит/микрокредит беру туралы шарт бойынша міндеттемелердің орындалуы, оның ішінде жасалған Кредит/микрокредит беру туралы шарт талаптарының жол берілген бұзушылықтары туралы ақпарат беру жөнінде жазбаша сұраным алған кезде оны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні мерзімінен кешіктірмей, Кепілгерге сұранымда көрсетілген ақпаратты жазбаша нысанда ұсынуға;

3) Қарыз алушының Кредит/микрокредит беру туралы шарт бойынша өз міндеттемелерін толық көлемде орындағаны (оның ішінде міндеттемелерін мерзімінен бұрын орындаған жағдайда да) туралы 5 (бес) жұмыс күні мерзімінен кешіктірмей, Кепілгерге жазбаша хабарлауға;

4) осы Шартта белгіленген жағдайларда, Кепілгерге осы Шартта белгіленген тәртіппен және мерзімде ақшаны қайтаруды жүзеге асыруға;

5) Кепілгер кепілдік бойынша міндеттемелерін орындаған жағдайда, Кепілгерден алған барлық соманы Кредит/микрокредит беру туралы шарт бойынша негізгі борышты, оның ішінде мерзімі өткен негізгі борышты өтеуге жіберуге;

6) Кепілгер кепілдік бойынша міндеттемелерін орындаған жағдайда, осы Шарттың 31-тармағы орындалғаннан кейін 20 (жиырма) жұмыс күні мерзімінен кешіктірмей, Кепілгерге МҚҰ-ның/КС-ның Қарыз алушыға талап қою құқығын куәландыратын құжаттар мен ақпаратты беруге және Кепілгерге осы талаптарды қамтамасыз ететін құқықтарды осы Шартта белгіленген көлемде беруге міндетті. МҚҰ/КС құжаттары Кепілгерге төлнұсқаларда, ал мұны жасау мүмкін болмаған жағдайда, нотариалды куәландырған көшірмелер түрінде тапсырылады. Құжаттарды МҚҰ-дан/КС-дан Кепілгерге тапсыру құжаттарды қабылдау-тапсыру актісін жасай отырып жүзеге асырылады;

7) Қарыз алушы Кредит/микрокредит беру туралы шарт бойынша негізгі борышты төлеу жөніндегі өз міндеттемелерін орындамаған (тиісінше орындамаған) жағдайда, Кепілгерге осы Шартта белгіленген тәртіппен және мерзімде Қарыз алушының кредиттік дерекнамасына мониторинг жүргізу үшін рұқсат беруге;

8) Кепілгердің кепілдікті орындау нәтижесінде алған құқықтарын жүзеге асыруға кедергі келтірмеуге;

9) осы Шартта белгіленген өзге де міндеттемелерді тиісінше орындауға;

10) Кепілгерге тоқсан сайынғы негізде қаржылық есептілікті, осы Шартқа 1-қосымшаға сәйкес берілген кредиттер/микрокредиттер бойынша кредиттік портфель туралы ақпаратты жазбаша түрде және қосымша Кепілгер айқындаған жауапты орындаушының электрондық мекенжайына есепті айдан кейінгі айдың бірінен кешіктірмей беруге;

11) Кепілгерге ай сайынғы негізде осы Шартқа 2-қосымшаға сәйкес жобаларды іске асыру барысына ағымдағы мониторинг туралы есепті жазбаша түрде және қосымша Кепілгер айқындаған жауапты орындаушының электрондық мекенжайына есепті айдан кейінгі айдың бірінен кешіктірмей беруге;

12) кредит/микрокредит (оның ішінде кредиттік желі шеңберінде транштар) нақты берілген, сондай-ақ өтеу шарттары өзгерген (қайта құрылымдау, ұзарту) сәттен бастап күнтізбелік 3 (үш) күн ішінде Кепілгерді берешекті өтеу графигі бар Кредит/микрокредит беру туралы шарттың көшірмесін қоса бере отырып, жазбаша/электрондық пошта бойынша хабардар етуге міндетті.

17. МҚҰ/КС:

1) Қарыз алушы Кредит/микрокредит беру туралы шарт бойынша негізгі борышты төлеу жөніндегі өз міндеттемелерін орындамаған (тиісінше орындамаған) жағдайда, Кепілгерге осы Шартта белгіленген тәртіппен және мерзімде талап қоюға;

2) Кепілгерден және Қарыз алушыдан осы Шартта көзделген өзге де міндеттемелерінің орындалуын талап етуге құқылы.

5-тарау. Кепілдіктерді орындау тәртібі

18. Қарыз алушы Кредит/микрокредит беру туралы шарт бойынша негізгі борыш сомасын өтеу жөніндегі міндеттемелерін орындамаған күннен бастап күнтізбелік 20 (жиырма) күн мерзімінен кешіктірмей, МҚҰ/КС бұл туралы Кепілгерді Қарыз алушының МҚҰ/КС алдында берешегінің бар екендігі туралы анықтаманы және МҚҰ/КС-ның Қарыз алушыға жолдаған мерзімі өткен берешегін өтеу туралы жазбаша талабының көшірмесін қоса бере отырып, жазбаша хабардар етеді.

19. Қарыз алушы Кредит/микрокредит беру туралы шарт бойынша негізгі борыш сомасын өтеу жөніндегі міндеттемелерін орындамаған күннен бастап күнтізбелік 180 (жүз сексен) күн ішінде МҚҰ/КС Қарыз алушыдан және қамтамасыз ету берілген адамдардан мерзімі өткен берешекті (хабарламаларды, наразылықтарды, талаптарды жіберу, соттан тыс және сот тәртібімен өндіріп алу, оның ішінде үшінші тұлғалардың кепілдіктерін/кепілгерліктерін қамтамасыз етуден (кепілдіктерді қоспағанда) өндіріп алу, Қарыз алушының шорттарына төлем талаптарын қою жолымен және т.с.) алу мақсатында осы Шарттың 23-тармағының 4)-9), 11) тармақшаларында көзделген құжаттарды міндетті түрде жасай отырып, қалыптасып отырған жағдайда барлық ақылға сыйымды және қолжетімді шараларды қабылдауға міндетті.

20. МҚҰ/КС Қарыз алушыдан берешекті өндіріп алу жөнінде қабылдаған шараларының нәтижесінде алынған сома Кепілгерге талап қойылғанға дейін МҚҰ/КС-ның ішкі құжаттарында белгіленген, Кредит/микрокредит беру туралы шарттың талаптарына және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы талаптарына сәйкес келетін кезектілікке сәйкес Қарыз алушының берешегін өтеуге жіберіледі.

21. Қарыз алушы күнтізбелік 60 (алпыс) күн ішінде Кредит/микрокредит беру туралы шарт бойынша негізгі борыш сомасын өтеу жөніндегі міндеттемелерін орындамаған/тиісінше орындамаған жағдайда, МҚҰ/КС күнтізбелік 5 (бес) күннен кешіктірмей, Кепілгерге Қарыз алушының МҚҰ/КС алдында мерзімі өткен берешегінің екендігі туралы жазбаша хабарлама жолдайды. Кепілгер МҚҰ/КС берген Қарыз алушының МҚҰ/КС алдында мерзімі өткен берешегінің бар екендігі туралы жазбаша хабарлама негізінде осы Шарттың талаптарын сақтау тұрғысынан 5 (бес) жұмыс күні ішінде мониторинг жүргізеді.

22. Егер, Қарыз алушы Кредит/микрокредит беру туралы шарт бойынша негізгі борыш сомасын өтеу жөніндегі міндеттемелерін орындамаған күннен бастап күнтізбелік 180 (жүз сексен) күн ішінде Кредит/микрокредит беру туралы шарт бойынша негізгі борыш сомасын өтеу жөніндегі міндеттемелерін орындамаса/тиісінше орындамаса, МҚҰ/КС Кепілгерге талап қоюға құқылы.

Осы Шарттың 19-тармағында белгіленген іс-шаралар күнтізбелік 180 күнге дейін өткізсе, МҚҰ/КС мерзімі өткен берешекті өндіріп алу және (немесе) кепілдік мүлкін өткізу бойынша растайтын құжаттарды қоса бере отырып, Кепілгерге кепілдік төлеу үшін көрсетілген мерзімнен ерте жүгінуге құқылы.

23. МҚҰ/КС талаптарында:

1) Кепілдік шартының деректемелері;

2) Кредит/микрокредит беру туралы шарттың деректемелері;

3) Қарыз алушының атауы;

4) Кепілгердің кепілдік бойынша төлем сомасының есептемесі;

5) ақша аударылуы тиіс МҚҰ/КС шотының деректемелері көрсетілуі тиіс.

24. МҚҰ/КС талабына:

1) МҚҰ/КС жазбаша хабарлама жіберген күнге Кредит/микрокредит беру туралы шарт шеңберінде Қарыз алушының жобасы бойынша кепіл мүлкінің тізбесін көрсете отырып, Қарыз алушының МҚҰ/КС алдындағы берешегінің бар екендігі туралы анықтама;

2) кредит берілген күннен бастап Кепілгерге талап қойылған (бар болса) күнге дейінгі кезең үшін Қарыз алушының банктік шотынан үзінді-көшірме;

3) Қарыз алушының кредит қаражатын алғанын растайтын құжаттың көшірмесі;

4) МҚҰ-ның/КС-ның Қарыз алушыға, кепіл берушілерге, кепілгерлерге, кепіл болушыға жіберілген мерзімі өткен берешекті Қарыз алушының Кредит/микрокредит беру туралы шарт бойынша міндеттемелерін орындамаған күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күннен кешіктірмей өтеу туралы жазбаша талаптың (наразалықтың) қолма-қол табыс етілген не Кредит/микрокредит беру туралы шартта, кепіл шартында, кепілдік/кепілгерлік шартында көрсетілген мекенжай бойынша хабарламасы бар тапсырысты хатпен жолдаған көшірмесі;

5) Қарыз алушының МҚҰ/КС талабына (наразылығына) берген жауабының (бар болса) көшірмесі;

6) мерзімі өткен берешек пайда болған күннен бастап күнтізбелік 60 (алпыс) күннен кешіктірмей жасалған өтеудің ағымдағы жағдайы мен перспективасын көрсете отырып, кеңейтілген мониторингтік есептің көшірмесі;

7) мерзімі өткен берешек пайда болған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей, Қарыз алушының/кепілгерлердің/кепіл болушылардың шоттарына қойылған төлем талаптарының көшірмелері (Қарыз алушының/кепілгерлердің/кепіл болушылардың акцептсіз есептен шығаруға келісімі бар болса);

8) МҚҰ-ның/КС-ның Қарыз алушыға Кредит/микрокредит беру туралы шарт бойынша соманы мерзімінен бұрын қайтару туралы мерзімі өткен берешек пайда болған күннен бастап күнтізбелік 60 (алпыс) күннен кешіктірмей қойылған жазбаша талаптың (наразылықтың) қолма-қол табыс етілген не Кредит/микрокредит беру туралы шартта көрсетілген мекенжай бойынша хабарламасы бар тапсырысты хатпен жолданған көшірмесі;

9) МҚҰ/КС Кредит/микрокредит беру туралы шарт бойынша берешекті өндіріп алу жөнінде қабылдаған шаралар және мынадай растайтын құжаттарды қоса бере отырып, қабылданған шаралар нәтижесінде алынған сома туралы ақпарат:

- тіркеуші органда тіркелген, қолма-қол табыс етілген не мерзімі өткен берешек пайда болған күннен бастап күнтізбелік 90 (тоқсан) күннен кешіктірмей хабарламасы бар тапсырысты хатпен жолданған міндеттеменің орындалмағаны туралы хабарламаның көшірмесі;

- тіркеуші органда тіркелген, қолма-қол табыс етілген не мерзімі өткен берешек пайда болған күннен бастап күнтізбелік 130 (жүз отыз) күннен кешіктірмей хабарламасы бар тапсырысты хатпен жолданған кепілге салынған мүлікке сауда-саттық жүргізу туралы хабарламаның көшірмесі;

- мерзімі өткен берешек пайда болған күннен бастап күнтізбелік 150 (жүз елу) күннен кешіктірмей жарияланған кепілге салынған мүлікке сауда-саттық жүргізу туралы хабарландырудың көшірмесі;

- мерзімі өткен берешек пайда болған болған күннен бастап күнтізбелік 170 (жүз жетпіс) күннен кешіктірмей қол қойылған сауда-саттық нәтижелері туралы хаттаманың көшірмесі;

- берешекті өндіріп алу туралы сот шешімінің және/немесе кепілге салынған мүлікті өндіріп алу (бар болса) өтінішінің көшірмесі;

- орындау парақтарының (бар болса) көшірмелері;

10) Кредит/микрокредит беру туралы шартқа қосымша келісімдердің (бар болса) көшірмелері;

11) Қарыз алушының МҚҰ/КС алдындағы берешегін және берешекті өтеу бойынша МҚҰ/КС қабылдаған шараларды (бар болса) растайтын өзге де құжаттардың көшірмелері.

МҚҰ/КС осы тармақта көзделген құжаттарды бермеген жағдайда және/немесе Қарыз алушының МҚҰ/КС-ның іс-қимылдарына шағымдану себебінен көрсетілген іс-шараларды белгіленген мерзімдерде орындамаған жағдайды қоспағанда, МҚҰ/КС-ның осы тармақтың 4)-9) тармақшаларында көрсетілген іс-шараларды өткізу мерзімдерін бұзған жағдайда, МҚҰ/КС-ның талабы Кепілгердің орындауына жатпайды.

25. Талапта көрсетілген сома осы Шарттың талаптарына сәйкес болуы тиіс, бірақ осы Шарттың 4-тармағында белгіленген кепілдіктің шекті сомасынан аса алмайды.

26. МҚҰ/КС талапты Кепілгерге осы Шартта көрсетілген мекенжай бойынша тапсырысты хат жіберу немесе қолма-қол беру жолымен жібереді.

27. Талап Кепілгерге ағымдағы жұмыс күні Астана уақыты бойынша сағат 16.00-ге дейін қойылуы мүмкін. Астана уақыты бойынша сағат 16.00-ден кейін қойылған талап келесі жұмыс күні қойылған деп саналады.

28. МҚҰ/КС талабын алғаннан кейін, алайда кез келген жағдайда, ол қанағаттандырылғанға дейін Кепілгер Қарыз алушыны МҚҰ/КС қойған талаптар туралы осы Шартта көрсетілген Қарыз алушының мекенжайы бойынша тапсырысты хатпен хабарлама жіберу жолымен немесе Қарыз алушының қолын қойғызып қолма-қол беру жолымен жазбаша нысанда хабардар етеді. Хабарлама тапсырысты хатпен жіберілген кезде почта мекемесі берген құжатта көрсетілген күннен кейін 3 (үшінші) күні хабарлама алыңды деп саналады.

29. Кепілгер МҚҰ/КС талабын және осы Шартта көзделген барлық құжаттарды алған күннен бастап, сондай-ақ талапқа және ұсынылған құжаттарға қарсылығы болмаған кезде 10 (он) жұмыс күні мерзімінен кешіктірмей талапта көрсетілген сома мөлшерінде МҚҰ-ға/КС-ға төлем жүргізеді не МҚҰ-ға/КС-ға барлық қарсылықтарын көрсетіп хат жібереді.

30. Кепілдік бойынша Кепілгер міндеттемелерінің мөлшері Кепілгер орындаған талап сомасына азаяды.

31. МҚҰ/КС кепілді қамтамасыз етуді іске асыру бойынша жұмыс жүргізеді. Қарыз алушының берешегін өндіріп алу жөніндегі шаралардың нәтижесінде, оның ішінде қамтамасыз етуді іске асыру жолымен МҚҰ/КС алған барлық сома Кепілгер мен МҚҰ-ның/КС-ның арасында мынадай кезектілікпен бөлінеді:

1) Кредит/микрокредит беру туралы шарт бойынша МҚҰ/КС алдындағы сыйақыны өтеу;

2) Қарыз алушының МҚҰ/КС алдындағы негізгі борышының қалдық сомасын өтеу;

3) Қарыз алушының Кепілгер алдындағы берешегін өтеу;

4) Қарыз алушының МҚҰ/КС алдындағы Кредит/микрокредит беру туралы шарт бойынша тұрақсыздық айыбы мен басқа да берешегін өтеу.

Бұл ретте, ақшаны бөлу МҚҰ/КС оларды алған күнінен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде жүргізілуі тиіс.

32. Егер, осы Шарттың 30-тармағын орындау салдарынан Қарыз алушының Кепілгер алдындағы берешегі өтелмейтін болса/толық көлемде өтелмейтін болса, МҚҰ/КС кепілдік бойынша міндеттемесін орындаған Кепілгерге МҚҰ/КС сатпаған барлық мүлікті, сондай-ақ кепілдіктер, кепілгерліктер бойынша құқықтарды және Кредит/микрокредит беру туралы шартта Қарыз алушының міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ету ретінде көрсетілген тағы басқаларды және Кепілгер орындаған міндеттеме көлемінде қамтамасыз етуді бере отырып, Шарт бойынша кепіл ұстаушы ретінде МҚҰ-ға/КС-ға тиесілі құқықтарды беруге міндеттенеді.

Осы Шарттың 30-тармағын орындаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде МҚҰ/КС Кепілгерге қабылдау-тапсыру актісі бойынша мынадай құжаттарды:

Кредит/микрокредит беру туралы шартқа қосымша келісімдермен бірге оның түпнұсқасын немесе нотариалды куәландырылған көшірмесін;

Қамтамасыз етуді беру туралы шарттарға қосымша келісімдермен бірге олардың түпнұсқасын немесе нотариалды куәландырылған көшірмелерін;

кепіл мүлкіне құқық белгілейтін құжаттар мен Кепілгердің талап етуі бойынша өзге де құжаттарды тапсыруға міндеттенеді.

6-тарау. Кепілдіктің қолданылу мерзімі

33. Кепілдік 20__ жылғы «_____» _____ (қоса алғанда) дейінгі мерзімге беріледі.

34. Кепілдіктің қолданылуы мынадай мән-жайлардың кез келгені орын алған кезде тоқтатылады:

1) кепілдікпен қамтамасыз етілген Кредит/микрокредит беру туралы шарт бойынша негізгі борыш сомасының толық өтелуі;

2) осы Шартта көрсетілген кепілдік мерзімінің аяқталуы;

3) егер, Кепілгер жаңа борышкер үшін МҚҰ/КС алдында Кредит/микрокредит беру туралы шарт бойынша субсидиарлық жауапкершілік алуға келісімін бермесе, кепілдікпен қамтамасыз етілген Кредит/микрокредит беру туралы шарт бойынша борыштың өзге адамға ауысуы;

4) егер, кепілдікпен қамтамасыз етілген міндеттемелерді орындау мерзімі басталғаннан кейін МҚҰ/КС Қарыз алушы немесе Кепілгер ұсынған тиісінше орындауды қабылдаудан бас тартса;

5) Кепілгердің алдын ала жазбаша келісімінсіз жауапкершілікті арттыруға алып келетін немесе алып келуі мүмкін Кредит/микрокредит беру туралы шарттың кез келген талаптарының өзгеруі;

6) МҚҰ/КС Кепілгерге Кепілгердің кепіл беру туралы шешім қабылдауы үшін қажетті дұрыс емес мәліметтерді (ақпараты) және (немесе) құжаттарды ұсынған жағдайда, оның ішінде дұрыс емес мәліметтерді (ақпаратты) және (немесе) құжаттарды ұсыну Қарыз алушы және/немесе МҚҰ/КС тарапынан алаяқтық әрекеттерден туындаса және бұл заңнамадан белгіленген тәртіппен дәлелденген жағдайда ғана;

7) осы Шарттың 12-тармағында көзделген міндеттемелер мен талаптарды Қарыз алушы және (немесе) МҚҰ/КС орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда;

8) кредитті мақсатты пайдаланбау фактілері анықталған кезде;

9) МҚҰ/КС/Қарыз алушы кепілдіктен бас тартқан кезде, бұл ретте, Қарыз алушының кепілдік алудан бас тартуы МҚҰ-мен/КС-мен келісілуі тиіс;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасында, Бағдарламада және (немесе) осы Шартта көзделген өзге де негіздер бойынша.

Кепілгер көрсетілген негіздер бойынша кепілдікті қолданылуы тоқтатылған кезде бұл туралы МҚҰ/КС мен Қарыз алушыны жазбаша хабардар етеді.

7-тарау. Тараптардың жауапкершілігі

35. Кепілгер МҚҰ-ға/КС-ға талапта көрсетілген соманы уақтылы төлемеген жағдайда, Кепілгер МҚҰ-ға/КС-ға мерзімі өткен әрбір күн үшін уақытылы төленбеген соманың 0,01 %-ы (нөл бүтін жүзден бір пайызы), бірақ уақтылы төленбеген соманың 1%-нан (бір пайызынан) аспайтын мөлшерде тұрақсыздық айыбын (өсімпұл) төлейді.

36. МҚҰ/КС Кепілгерге осы Шарттың 31-тармағының талаптарына сәйкес Кепілгерге тиесілі соманы уақтылы қайтармаған жағдайда, МҚҰ/КС Кепілгерге мерзімі өткен әрбір күн үшін уақтылы төленбеген соманың 0,01 %-ы (нөл бүтін жүзден бір пайызы), бірақ уақтылы төленбеген соманың 1%-нан аспайтын мөлшерде тұрақсыздық айыбын (өсімпұл) төлейді.

37. МҚҰ/КС осы Шарттың 16-тармағының 5) тармақшасында белгіленген міндеттемелерді бұзған жағдайда, МҚҰ/КС Кепілгерге мерзімі өткен әрбір күн үшін тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген бес еселенген айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (өсімпұл) төлейді.

38. Қарыз алушы осы Шарттың 15-тармағының 1), 3), 5), 6), 7) тармақшаларында белгіленген міндеттемелерді бұзған жағдайда, Қарыз алушы Кепілгерге мерзімі өткен әрбір күн үшін тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген бір айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (өсімпұл) төлейді.

39. Тұрақсыздық айыбын төлеу талабы кінәлі Тарап құқығын бұзған Тараптың құқығы болып табылады. Тараптың тұрақсыздық айыбын төлеуді талап ету құқығын пайдалануы тұрақсыздық айыбын төлеу туралы жазбаша талап жіберуі болып саналады. Тұрақсыздық айыбын төлеу кінәлі Тарапты осы Шарттың талаптарын тиісінше орындаудан босатпайды.

40. МҚҰ/КС Кредит/микрокредит беру туралы шартты және Кепіл шартын(тарын) тиісінше ресімдеу үшін, сондай-ақ кредит/микрокредит беру талаптарының Кепілгердің Уәкілетті органының шешімінде көрсетілген талаптарға сәйкестігі үшін толық жауапты болады.

8-тарау. Қорытынды ережелер

41. Шартқа барлық өзгерістер мен толықтырулар жазбаша нысанда ресімделуі, Тараптардың уәкілетті өкілдерінің қолдары қойылуы және Тараптар мөрлерінің бедерлерімен бекітілуі тиіс.

42. Осы Шартты өзгертумен, бұзумен және орындаумен байланысты барлық даулар мен келіспеушіліктерді Тараптар келіссөздер және талқылаулар арқылы шешетін болады, егер, келіссөздер нәтижесінде Тараптар келісімге келмесе, онда мұндай Кепілгердің атқарушы органы орналасқан жер бойынша, Астана қаласында Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген сот тәртібімен қаралатын болады.

43. Осы Шарт Тараптардың әрқайсысы үшін әрқайсысының заңды күші бірдей мемлекеттік және орыс тілдерінде 1 (бір) данадан мемлекеттік және орыс тілдерінде 3 (үш) данада жасалды.

44. Осы Шартта көзделмеген өзге жағдайлардың бәрінде Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.

45. Тараптардың қолы қойылып, мөрмен расталған Кредит/микрокредит беру туралы шарттың көшірмесі осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

46. Тараптардың келісімі бойынша Кепілгер осы Шарт бойынша өз міндеттемелерінің орындалуы үшін өз қаражаты шегінде ғана жауап береді.

9-тарау. Тараптардың орналасқан жері, деректемелері және қолтаңбалары

Қарыз алушы:	Кепілгер:	МҚҰ/КС:

_____ № ____

Кепілдік шартына 1-қосымша

«ҚазАгроКепіл» АҚ

_____

(кім ұсынады: МҚҰ/КС, мекенжайы)

МҚҰ-ның/КС-ның кредиттік портфелі туралы ақпарат

1-бөлім. Қамту және әсер ету

Р/с №	Көрсеткіштер	Толық жазылуы (түсіндірмелер)	Қызмет басынан бастап есептік айды қоса алғанда		Есептік ай үшін (айдың атауы)	
			саны	сомасы, мың теңге	саны	сомасы, мың теңге
1	2	3	4	5	6	7
1	МҚҰ-ның/КС-ның белсенді қарыз алушылары, оның ішінде	Қолдарында кредиттерді бар қарыз алушылар. Олардың саны және қолдағы ақша сомасы, мың теңге				
1.1.	Заңды тұлғалар					
1.2.	Жеке тұлғалар					
1.3.	Топтық қарыздар					
2	Ауыл шаруашылығы қарыздары	МҚҰ/КС ауыл шаруашылығы қарыздарына бағыттаған сома. Олардың саны және ақша сомасы.				
3	МҚҰ-ның/КС-ның кредиттік портфелі_	Өтеу мерзімі өткен қарызын қоса алғанда, қарыз алушының қолындағы ақша сомасы. Олардың саны және сомасы.				
3.1.	оның ішінде, «ҚазАгроКепіл» АҚ-ның кепілдігімен берілгені	оның ішінде «ҚазАгроКепіл» АҚ-ның кепілдігімен берілген кредиттер саны мен сомасы				
4	МҚҰ-ның/КС-ның қызметі басталғаннан бастап берілген кредиттердің жалпы саны	МҚҰ-ның/КС-ның қызметі басталғаннан бастап берілген кредиттер саны мен сомасы				

2-бөлім. Берешек мерзімдері бойынша портфель мәртебесі

Р/с №	Көрсеткіштер	Толық жазылуы (түсіндірмелер)	Қызмет басталғаннан бастап есептік айды қоса алғанда		Есептік ай үшін (айдың атауы)	
			саны	сомасы, мың теңге	саны	сомасы, мың теңге
1	2	3	4	5	6	7
1	Өтеу мерзімі өтпеген портфель	Өтеу мерзімі өтпеген кредиттер саны мен сомасы				
2	Портфель тәуекелі 30 күннен аз	30 күннен кем тәуекелде болған төлеу мерзімі өткен кредиттер саны мен сомасы				
3	Портфель тәуекелі 31-90 күн аралығында	Тәуекелде 31 күннен 90 күнге дейін болған төлеу мерзімі өткен кредиттер саны мен сомасы				
4	Портфель тәуекелі 91-180 күн аралығында	Тәуекелде 91 күннен 180 күнге дейін болған төлеу мерзімі өткен кредиттер саны мен сомасы				
5	Портфель тәуекелі 180 күннен астам	Тәуекелде 180 күннен астам болған төлеу мерзімі өткен кредиттер саны мен сомасы				
6	1 айда есептен шығарылған кредиттер	1 айда есептен шығарылған кредиттер саны мен сомасы				
7	МҚҰ/КС қызметі басталғаннан бастап есептен шығарылған кредиттер	Қызмет басталғаннан бастап есептен шығарылған кредиттер саны мен сомасы				

* портфель тәуекелі деп негізгі борыш бойынша жалпы берешек сомасы түсіндіріледі (төлеу мерзімі өткен негізгі борыш+жедел негізгі борыш қалдығы).

МҚҰ/КС директоры _____ (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

(қолы)

МҚҰ/КС бас бухгалтері _____ (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

(қолы)

Орындаушы:

Байланыс тел.

_____ №____

Кепілдік шартына 2-қосымша

«ҚазАгроКепіл» АҚ

_____

(кім ұсынады: МҚҰ/КС, мекенжайы)

Жобаны іске асыру барысының ағымдағы мониторингі туралы есеп

№	Кредит берушінің атауы	Қарыз алушының жүгінген орны	Қарыз алушының атауы	Қарыз алушының жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес сәйкестендіру нөмірі	Заңды мәртебесі	Микрокредит беру туралы шарттың / Кредит желісін ашу туралы келісімнің нөмірі	Микрокредит беру туралы шарттың / Кредит желісін ашу туралы келісімнің күні	Кредит/микрокредит / жаңартылмайтын кредиттік желі мерзімі	Кредит/микрокредит/ жаңартылмайтын кредиттік желі сомасы
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

кестенің жалғасы

Кредит/микрокредит/ жаңартылмайтын кредитік желі бойынша сыйақы мөлшерлемесі	Негізгі қарызды өтеу бойынша жеңілдік кезеңі	Сыйақыны төлеу бойынша жеңілдік кезеңі	Кредит/микрокредит/ жаңартылмайтын кредиттік желі (транш) бойынша беру күні
11	12	13	14

кестенің жалғасы

Нақты берілген қаражат сомасы	Есептік күнге негізгі борыш берешегінің қалдығы	Кепілдендіру шартының нөмірі	Кепілдендіру шартының күні	Шарт бойынша кепілдік сомасы

(Соңы. Басы 16-18-беттерде)

9	Микрокредит және кепілдік алу бойынша мүдделерін білдіруге арналған ШҚ/ФШ мүшелерінен ШҚ/ФШ басшысының (ШҚ/ФШ барлық мүшелерінің нотариалдық куәландырылған қолтаңбаларымен) сенімхаты (егер ШҚ/ФШ бір мүшеден тұрса талап етілмейді)	Көшірме*
10	ШҚ/ФШ әрбір мүшесінің жеке куәлігі (егер ШҚ/ФШ бір мүшеден тұрса талап етілмейді)	Көшірме*
11	ШҚ/ФШ-ның кепілдік және кредит/микрокредитті тарту, мүлікті кепілдікке беру туралы шешім қабылдаған уәкілетті органының шешімі (егер ШҚ/ФШ бір мүшеден тұрса талап етілмейді). Бір қатысушыдан тұратын шаруа қожалығы/фермерлік шаруашылық, дара кәсіпкер үшін - зайыбының (жұбайының) нотариалдық куәландырылған мүлікті кепілдікке беруге келісімі/ мүлікті кепілдікке беру сәтінде неке қарым-қатынастары жоқ екені туралы өтінім	Көшірме*
12	Кредиттік тарих субъектісінің оған қатысты ақпаратты кредиттік бюроға беруіне, сондай-ақ кепілгердің нысаны бойынша кредиттік есепті алушыға кредиттік есепті (ШҚ/ФШ және жеке тұлға - ШҚ/ФШ басшысы атынан) беру туралы келісімі	Түпнұсқа кепілгердің атына беріледі**
13	Субъектінің мемлекеттік (оның ішінде құқық қорғау)/мемлекеттік емес органдарға, бұқаралық ақпарат құралдарына, сондай-ақ ««ҚазАгро» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамына және оның еншілес ұйымдарына кредит беру туралы ақпараттарды, мәліметтерді және кредит беру туралы шарт міндеттемелерінің орындалғаны/орындалмағаны туралы барлық мәліметтерді беруге және алуға кепілгердің нысаны бойынша (ШҚ/ФШ және жеке тұлға атынан ШҚ/ФШ басшысының) келісімі	Түпнұсқа кепілгердің атына беріледі **
	Анықтамалық құжаттар	
14	Салық берешегінің және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің, міндетті зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдардың жоқтығы (бар болуы) туралы анықтама	Көшірме *
15	Екінші деңгейдегі банктердегі барлық шоттар туралы мәліметтер	Қатысушының хатының түпнұсқасы**
16	Кредиттік келісімдер (қолданыстағы кредиттер бар болса)	Көшірме *
17	«Бастау-Бизнес» бағдарламасы бойынша «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасының сертификаты немесе Кәсіпкерлік негіздеріне оқытудан өткен сертификат (тек ісін жаңа бастаған кәсіпкерлер мен стартап-жобалар үшін)	Көшірме *
18	Кредиттік бюродан кредиттік есеп	Көшірме *
19	Соңғы есептік кезең үшін салық декларациясы (бар болса)	Көшірме *
	Бизнес-жобаны іске асыру жөніндегі құжаттар:	
20	Бизнес-жоспар (стартап жобалардан басқа, ісін жаңа бастаған кәсіпкерлердің бизнесін кеңейту бойынша растаушы құжаттарымен қаржылық-шаруашылық қызмет туралы ақпарат бере отырып)	Көшірме *

Заңды тұлғалар (оның ішінде АШК) үшін:

	Жалпы құжаттар	
1	Кепілдік алуға арналған сауалнама- өтініш	Түпнұсқа**
	Қатысушының құқықтық мәртебесі мен өкілеттіліктерін айқындайтын құжаттар (заңды тұлғалар, оның ішінде АШК үшін)	
2	Құрылтай құжаттары (заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу/қайта тіркеу туралы куәлік/анықтама немесе «электрондық үкімет» сайтынан заңды тұлғаның, оның ішінде АШК-ның барлық өзгерістері туралы анықтама, заңды тұлғаның, оның ішінде АШК-ның жарғысы, оған енгізілген өзгерістер мен толықтырулар, құрылтай шарты, заңды тұлғаның, оның ішінде АШК-ның уәкілетті органының бірінші басшыны тағайындау туралы шешімі, заңды тұлғаның, оның ішінде АШК-ның бірінші басшысын тағайындау туралы бұйрық	Көшірме*
3	Заңды тұлғаның, оның ішінде АШК-ның басшысының жеке басын куәландыратын құжат	Көшірме*
4	Заңды тұлғаның, оның ішінде АШК-ның бірінші басшының қолтаңбасы мен мөр бедерінің үлгілері бар құжат	Көшірме*
5	Барлық құрылтайшылардың, АШК-ның барлық мүшелерінің жеке басын куәландыратын құжат	Көшірме*
6	Кредиттік тарих субъектісінің кредиттік бюроға ол туралы ақпарат беруге, сондай-ақ кепілгердің нысаны бойынша кредиттік есепті алушыға кредиттік есеп беруге келісімі	Түпнұсқа кепілгердің атына ұсынылады **
7	Субъектінің мемлекеттік (оның ішінде құқық қорғау)/мемлекеттік емес органдарға, бұқаралық ақпарат құралдарына, сондай-ақ ««ҚазАгро» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамына және оның еншілес ұйымдарына кредит беру туралы ақпараттарды, мәліметтерді және кредит беру туралы шарт міндеттемелерінің орындалғаны/орындалмағаны туралы барлық мәліметтерді беруге және алуға кепілгердің нысаны бойынша келісімі.	Түпнұсқа кепілгердің атына берілген **
8	Заңды тұлғаның, оның ішінде АШК-ның кепілдік пен кредит/микрокредит тарту, мүлікті кепілге беру туралы шешім қабылдаған уәкілетті органының шешімі	Көшірме*
	Анықтамалық құжаттар	
9	Салық берешегінің және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің, міндетті зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдардың жоқтығы (бар болуы) туралы анықтама	Көшірме *
10	Екінші деңгейдегі банктердегі барлық шоттар туралы мәліметтер	Қатысушының хатының түпнұсқасы**
11	Кредиттік келісімдер (қолданыстағы кредиттер бар болса)	Көшірме *
12	Кредиттік бюродан кредиттік есеп	Көшірме *
13	Соңғы есептік кезең үшін салық декларациясы (бар болса)	Көшірме *
	Бизнес-жобаны іске асыру жөніндегі құжаттар	
14	Бизнес-жоспар	Көшірме*
15	Қатысушының жылдың басындағы және соңғы есеп беру күніндегі жағдай бойынша Қатысушының мөрімен расталған қаржы құжаттары (берешектің туындау күнін, берешектің нысанасы мен жоспарлы өтеу күнін көрсете отырып, жылдың басы мен соңғы есеп беру күніндегі кредиторлық және дебиторлық берешекті толық жаза отырып, негізгі құралдарды, тауарлы-материалдық запастарды толық жазу) және соңғы 12 айдағы кірістер және шығыстар жөніндегі (бар болса), және кірістер және шығыстар туралы баптарды толық жазу- өткізгеннен түскен кіріс, өзіндік құны, кезеңнің шығыстары, өзге кірістер мен шығыстар, қарастырылып жатқан кезеңге өткізіліген өнімнің ақшалай және заттай мәндегі көлемі ***	Көшірме*

МҚҰ/КС-ға арналған құжаттар:

1	Кредиттер/микрокредиттер бойынша кепілдік беру қағидаларына 2-қосымша - берілетін құжаттардың қабылдау-беру актісі қоса берілген кепілдік сомасы есептелген кредит беру мүмкіндігі туралы оң шешімді хат	Көшірме*
2	Кепілгердің кепілдігімен кредит/микрокредит беру туралы МҚҰ/КС-ның уәкілетті органының шешімі	Көшірме*
3	Кредит, кепілдік және заң бөлімшелерінің, тәуекелдер бөлімшесінің, МҚҰ/КС қауіпсіздік қызметтерінің (бар болса) сараптамалық қорытындылары	Көшірме*
4	Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы анықтамасы және «электрондық үкімет» сайтынан МҚҰ/КС-ның барлық өзгерістері туралы анықтама	Көшірме*
5	МҚҰ/КС жарғысы (өтініш берушінің қатысуын растайтын КС жарғысы). Өтініш берушінің КС-ға қатысуы расталмаған жағдайда, кепілгердің нысаны бойынша кепілдік міндеттеме берілуі тиіс	Көшірме*
6	МҚҰ/КС басшысын тағайындау туралы шешім	Көшірме*
7	МҚҰ/КС басшысын тағайындау туралы бұйрық	Көшірме*
8	МҚҰ/КС басшысының жеке куәлігі	Көшірме*
9	Бірінші басшының қолтаңбаларының және МҚҰ/КС мөрі бедерінің үлгілері бар құжат	Көшірме*

* МҚҰ/КС мөрімен расталған МҚҰ/КС ұсынатын құжаттар.
** Қатысушылар ұсынатын құжаттар.
* * * Стартап жобалар бойынша аталған құжаттар бар болса ұсынылады.

Ескертпе:
- бірнеше беттен тұратын құжатты ұсынған жағдайда, мұндай құжат тігілуі, нөмірленуі, құжаттың әрбір бетіне уәкілетті адамдардың қолы қойылып, мөрімен (бар болса) бекемделуі тиіс.
- қаржылық есептіліктің мерзімі МҚҰ/КС құжаттар топтамасын ұсынған күні 3 айдан аспауы тиіс.

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:
ДК – дара кәсіпкер; МҚҰ – микроқаржы ұйымы;
ШҚ – шаруа қожалығы; КС– кредиттік серіктестік.
ФШ – фермерлік шаруашылық;

Ауылдық жерлерде және шағын қалаларда микроқаржы ұйымдары және кредиттік серіктестіктер беретін кредиттер/микрокредиттер бойынша кепілдік беру қағидаларына 4-қосымша

Нысан

Комиссия алуға арналған өтінім

(кімге) _____
(облыс, республикалық маңызы бар қала, астана)
_____ ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы органына
(кімнен) _____
(кепілгердің толық атауы)

Осымен «ҚазАгроКепіл» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Қоғам) Ауылдық жерлерде және шағын қалаларда микроқаржы ұйымдары және кредиттік серіктестіктер беретін кредиттер/микрокредиттер бойынша кепілдік беру қағидаларына сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 13 қарашадағы №746 қаулысымен бекітілген Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017–2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасының (бұдан әрі – Бағдарлама) екінші бағыты шеңберінде Қоғам, _____ (Қатысушының атауы) және _____ (МҚҰ/КС атауы) (бұдан әрі – МҚҰ/КС) арасында кепілдік шартына қол қойылғанын хабарлайды.

Кепілдік _____ (Қатысушының атауы) _____ (МҚҰ/КС атауы) алдындағы кредит/микрокредит беру туралы шарт бойынша міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ету ретінде берілді.

Жоғарыда баяндалғандарға байланысты, Сіздерден келесі деректемелер бойынша _____ (кепілдік сомасының 30%-ы) мөлшерінде кепілдік сомасын аударуды сұраймыз:

Төлем тағайындаған кезде қарыз алушының атауын және кепілдік құны аударылатын кепілдік шартының күнін көрсетуді сұраймыз.

1. Өтінім беруші туралы мәліметтер.
атауы_____
БСН (бизнес-сәйкестендіру нөмірі) _____
басшының аты, әкесінің аты (бар болса), тегі _____
мекенжайы: _____
телефон (факс) нөмірі: _____

2. Екінші деңгейдегі банктегі шоты бойынша мәліметтер:
ЖСН/БСН (жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес-сәйкестендіру нөмірі) __
_____
Кбе (бенефициар коды) _____
Банктің деректемелері: _____
Банктің атауы: _____
БСК (банктік сәйкестендіру коды) _____
ЖСК (жеке сәйкестендіру коды) _____
БСН (бизнес-сәйкестендіру нөмірі) _____
Кбе (бенефициар коды) _____

3. МҚҰ/КС және Қатысушы арасында жасалған кредит/микрокредит беру туралы шарт (бұдан әрі – КШ) туралы мәліметтер.

№	КШ (№ және күні)	Қарыз алушының атауы	Қарыз алушының ЖСН-сы/БСН-сы	Өнім (қаржыландыру) түрі (кредит немесе микрокредит)
1	2	3	4	5

кестенің жалғасы

Кредиттің/микрокредиттің/жаңартылмайтын кредит желісінің сомасы және валютасы	Кредит беру/микрокредит беру мақсаты	Кредиттің/микрокредиттің/жаңартылмайтын кредит желісінің мерзімі	Сыйақы мөлшерлемесі, %
6	7	8	9

4. Кепілдік беру шарт туралы мәліметтер:

№	КШ (№ және күні)	Қарыз алушының атауы	Қарыз алушының ЖСН-сы/ БСН-сы	Кепілдік сомасы, теңге	Кепілдік мерзімі, жыл
1	2	3	4	5	6

Ұсынылған ақпараттың дұрыстығын растаймыз, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дұрыс емес мәліметтер берілгені үшін жауапкершілік туралы хабардармыз және заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға, сондай-ақ дербес деректер мен өзге де ақпаратты жинауға, өңдеуге, сақтауға, шығарып алуға және пайдалануға келісім береміз.

Кепілгер 20__ жылы «__» _____ сағат 00:00-де қол қойып, жіберді:
ЭЦҚ-ның деректері
ЭЦҚ-ның қойылған күні мен уақыты

Өтінімді қабылдау туралы хабарлама:
Жұмыс органы 20__ жылы «__» _____сағат 00:00-де қабылдады:
ЭЦҚ-ның деректері
ЭЦҚ-ның қойылған күні мен уақыты

Ауылдық жерлерде және шағын қалаларда микроқаржы ұйымдары және кредиттік серіктестіктер беретін кредиттер/микрокредиттер бойынша кепілдік беру қағидаларына 5-қосымша

Нысан

Жобаны іске асыру барысының ағымдағы мониторингі туралы есеп

№	Кредит берушінің атауы	Қарыз алушының жеке тұлғасы немесе заңды тұлғаның атауы	Қарыз алушының атауы	Қарыз алушының жеке сәйкестендіру нөмірі / бизнес - сәйкестендіру нөмірі	Заңды мәртебесі	Кредит/микрокредитбер туралы шарттың/ жанартылмайтын кредит желісін ашу туралы келісімнің нөмірі	Кредит/микрокредит беру туралы шарттың / жанартылмайтын кредит желісін ашу туралы келісімнің күні	Кредит/микрокредит/ жанартылмайтын кредит желісінің мерзімі	Кредит/микрокредит/ жанартылмайтын кредит желісінің сомасы
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

кестенің жалғасы

Кредит/микрокредит/жаңартылмайтын кредит желісінің сомасы	Кредит/микрокредит/жаңартылмайтын кредит желісі бойынша сыйақы мөлшерлемесі	Негізгі борышты өтеу бойынша жеңілдік кезеңі	Сыйақыны төлеу бойынша жеңілдік кезеңі	Кредит/микрокредит/жаңартылмайтын кредит желісібойынша беру күні (транш)	Нақты берілген қаражат сомасы
10	11	12	13	14	15

кестенің жалғасы

Есепті күнге негізгі борышберешегінің қалдығы	Кепілдік беру шартының нөмірі	Кепілдік беру шартының күні	Шарт бойынша кепілдік сомасы	Кепілдік бойынша міндеттемелерді орындау сомасы	Негізгі борыш бойынша мерзімі өткен берешектің сомасы	Негізгі борыш бойынша мерзімі өткен күндер саны
16	17	18	19	20	21	22

кестенің жалғасы

Сыйақыны төлеу бойынша мерзімі өткен күндер саны	Кредит/микрокредит беру объектісі (инвестициялық кредит/ айналым қаражатын толықтыру)	ЭҚЖЖ бойынша код	Жоба бойынша бизнес (бастапқы/ісін жаңа бастаған)	Кредиттік желінінің түрі	Кредит/микрокредит беру туралы шарт / жанартылмайтын кредит желісін ашу туралы келісім бойынша қолжетімділік кезеңі	МҚҰ/КС-ның уәкілетті адамының/органының шешім қабылдаған күні
23	24	25	26	27	28	29

Лауазымды адам _____ _____
(қолы) (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

Мөр (бар болса) орны

Жауапты жұмыскер _____ _____
(қолы) (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:
ЭҚЖЖ – экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші;
МҚҰ – микроқаржы ұйымы;
КС – кредиттік серіктестік.

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 27 қарашадағы бұйрығына 3-қосымша

Микроқаржы ұйымдарының операциялық шығыстарын субсидиялау қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Микроқаржы ұйымдарының операциялық шығыстарын субсидиялау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 13 қарашадағы № 746 қаулысымен бекітілген Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасының (бұдан әрі – Бағдарлама) екінші бағыты шеңберінде әзірленді, шағын қалаларда және ауылдық елді мекендерде (олардың әкімшілік бағыныстылығына қарамастан) микрокредит беруді кеңейту үшін жергілікті бюджетте тиісті қаржы жылына көзделген қаражат есебінен және шегінде микроқаржы ұйымдарының операциялық шығыстарына субсидия беру тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласында басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органы;

2) жеке кабинет – тізілімдегі пайдаланушының (микрокредит беру ұйымының, микроқаржы ұйымының, жұмыс органының) жеке веб-парақшасы;

3) жеке шот – субсидиялауға арналған өтінімдерді тіркеу және олар бойынша операцияларды есепке алу мақсатында тіркелген тұлғаны сәйкестендіруге мүмкіндік беретін тізілімдегі жазбалар жиынтығы;

4) жергілікті атқарушы орган (әкімдік) (бұдан әрі – ЖАО) – облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) әкімі басқаратын, өз құзыреті шегінде тиісті аумақта жергілікті мемлекеттік басқаруды және өзін-өзі басқаруды жүзеге асыратын алқалы атқарушы орган;

5) көрсетілетін қызметтерді жеткізуші – мемлекеттік сатып алу туралы заңнамаға сәйкес жұмыс органы айқындайтын, субсидиялаудың ақпараттық жүйесіне қолжетімділікті және оны сүйемелдеуді қамтамасыз ететін тұлға;

6) кредит – мерзімділік, ақылылық, қайтарымдылық және нысаналы пайдалану талаптарымен қарыз шарты негізінде микрокредит беру ұйымдары микроқаржы ұйымдарына беретін ақша сомасы. Кредит бірыңғай сомамен де, бөліктермен (транштармен) де берілуі мүмкін;

7) қарыз шарты – шарттары бойынша микрокредит беру ұйымы кейіннен шағын қалаларда және ауылдық елді мекендерде (олардың әкімшілік бағыныстылығына қарамастан) микрокредит беру үшін микроқаржы ұйымына кредит беретін микрокредит беру ұйымы мен микроқаржы ұйымы арасында жасалатын жазбаша келісім;

8) қызмет көрсетуші банк – қарыз шарттары бойынша субсидияларды аудару мен есептен шығаруға арналған арнайы ағымдағы шотты жүргізу жөніндегі функцияларды жүзеге асыруға уәкілетті екінші деңгейдегі банк;

9) микрокредит беру ұйымы – «Аграрлық несие корпорациясы» акционерлік қоғамы;

10) микроқаржы ұйымы (бұдан әрі – МҚҰ) – коммерциялық ұйым болып табылатын, ресми мәртебесі әділет органдарында мемлекеттік тіркелумен және есептік тіркеуден өтуімен айқындалатын, микрокредиттер беру жөніндегі қызметті, сондай-ақ «Микроқаржы ұйымдары туралы» 2012 жылғы 26 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңында рұқсат етілген қосымша қызмет түрлерін жүзеге асыратын заңды тұлға;

11) операциялық шығыстар – Бағдарлама шеңберінде микрокредит беру ұйымынан қаражат алған сәттен бастап микрокредит беру саласындағы қызметті жүзеге асырумен байланысты МҚҰ шығындары;

12) өтінім – электрондық цифрлық қолтаңба қойылған, осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес нысан бойынша микрокредит беруге жұмсалатын операциялық шығыстарды өтеу үшін субсидиялар қаражатын төлеуге арналған МҚҰ-ның электрондық өтінімі;

13) субсидиялар қаражатын бөлу жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – жұмыс органы) – ЖАО-ның ауыл шаруашылығын басқару функциясын іске асыратын құрылымдық бөлімшесі;

14) субсидиялаудың ақпараттық жүйесі – субсидиялау процестерін орындау жөніндегі қызметтерді көрсетуге арналған, «электрондық үкімет» веб-порталымен өзара іс-қимыл жасауға, субсидиялар алуға арналған өтінімді тіркеуге, сондай-ақ өтінімді субсидиялау шарттарына сәйкестігіне автоматты түрде тексеру арқылы оны өңдеуге мүмкіндік беретін ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың, қызмет көрсетуші персоналдың және техникалық құжаттаманың ұйымдастырылып, ретке келтірілген жиынтығы;

15) субсидиялаудың ақпараттық жүйесінің веб-порталы (бұдан әрі – веб-портал) – Интернет желісінде орналастырылған, субсидиялаудың ақпараттық жүйесіне қолжетімділік беретін интернет-ресурс;

16) субсидиялауға арналған өтінімдердің электрондық тізілімі (бұдан әрі – тізілім) – субсидиялауға арналған өтінімдер туралы, сондай-ақ қарыз алушылар, кредиторлар туралы мәліметтер жиынтығы және субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде көрсетілген өзге де мәліметтер;

17) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) – цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиістілігін және мазмұнының өзгермейтінін растайтын, ұлттық куәландырушы орталық берген электрондық цифрлық символдар жиынтығы.

3. Шағын қалаларда және ауылдық елді мекендерде (олардың әкімшілік бағыныстылығына қарамастан) МҚҰ берген микрокредиттерді беруге жұмсалған операциялық шығыстар субсидиялауға жатады. МҚҰ субсидияларды алушылар болып табылады.

4. Субсидиялауға субсидиялаудың ақпараттық жүйесімен интеграцияланған порталда жасалған түпкілікті қарыз алушыларға кредит беру шарттары бойынша микрокредиттер беруге жұмсалған операциялық шығыстар жатады.

5. Операциялық шығыстарды субсидиялау жүзеге асырылып қойған бұрын берілген микрокредиттердің қайтарым қаражаты (негізгі борышты өтеу және сыйақы бойынша төлемдер) есебінен МҚҰ берген, микрокредиттер беруге жұмсалған операциялық шығыстар субсидиялауға жатпайды.

6. Субсидиялар микрокредит беру үшін шағын қалаларда және ауылдық елді мекендерде микрокредит беру ұйымы МҚҰ-ға берген негізгі қаражат көлеміне сәйкес МҚҰ-ға төленеді.

7. МҚҰ жасалған субсидиялау шарттары бойынша жұмыс органы субсидиялар сомаларын аудару үшін арнайы банктік шот ашады, ал мұндай мүмкіндік болмаған жағдайда, қызмет көрсетуші банкте арнайы шот ашады.

2-тарау. Субсидиялар алу шарттары

8. Субсидиялар мынадай шарттар сақталған кезде төленеді:

1) МҚҰ-ның «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы өтінім беруі;

2) «электрондық үкімет» веб-порталы мен субсидиялаудың ақпараттық жүйесінің өзара ақпараттық іс-қимылы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады;

3) субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде өтінімнің тіркелуі;

4) субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде деректері субсидиялаудың ақпараттық жүйесінің «Заңды тұлғалар» немесе «Жеке тұлғалар» мемлекеттік дереккорларымен өзара ақпараттық іс-қимылы нәтижесінде расталған МҚҰ-ның жеке шотының болуы;

5) қарыз алушының кредит алынғаны туралы есептік шотынан немесе кредит аударылғанын растайтын құжаттан үзінді-көшірме.

3-тарау. Субсидияларды есептеу тәртібі

9. Субсидия мөлшері мынадай формула бойынша есептеледі:

$C_{суб} = C_{игер}$*10 % - $C_{алын}$, мұндағы:

$C_{суб}$ – субсидияланатын операциялық шығыстар сомасы;

$C_{игер}$ – микрокредит беру ұйымынан алынған қорландыру есебінен шағын қалаларда және ауылдық елді мекендерде МҚҰ берген микрокредитті игеру сомасы;

$C_{алын}$ – осы қарыз шарты бойынша бұрын алынған субсидиялар сомасы.

Бөлшекті цифр алынған жағдайда, нәтижесін азаю жағына қарай бүтін цифрге дөңгелектеу қажет.

10. Субсидиялар мөлшері микрокредит беру ұйымынан алынған қорландыру есебінен шағын қалаларда және ауылдық елді мекендерде МҚҰ берген микрокредиттер көлемінің 10%-ын құрайды.

4-тарау. Субсидиялар төлеу тәртібі

11. Өтінімдерді қабылдау МҚҰ-ның тіркелген жері (заңды мекенжайы) бойынша тиісті жылдың 1 ақпанынан бастап 1 желтоқсанына (қоса алғанда) дейін жүзеге асырылады.

Веб-портал (бұдан әрі – Жеке кабинет) арқылы тізілім деректеріне қолжетімділік беру үшін:

1) субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде өздігінен тіркелу үшін МҚҰ-ның ЭЦҚ-сы болуы тиіс;

2) жұмыс органы, микрокредит беру ұйымы, уәкілетті орган жыл сайын көрсетілетін қызметтерді жеткізушіге ЭЦҚ-сы бар жұмыскерлердің өзектендірілген тізімдерін жібереді.

12. Жеке кабинетте тіркелу үшін МҚҰ мынадай мәліметтерді көрсетеді:

1) жеке кәсіпкерлер үшін: жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – ЖСН), аты, әкесінің аты (бар болса), тегі;

2) заңды тұлғалар мен (өкілдіктер) шетелдік заңды тұлғалардың филиалдары үшін: бизнес-сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – БСН), толық атауы; бірінші басшының аты, әкесінің аты (бар болса), тегі және ЖСН-сы;

3) байланыс деректері (почталық мекенжайы, телефоны, электрондық почта мекенжайы);

4) екінші деңгейдегі банктегі ағымдағы шотының деректемелері.

Жоғарыда көрсетілген деректер өзгерген кезде МҚҰ бір жұмыс күні ішінде Жеке кабинетіне енгізілген дербес шотының деректерін өзгертеді.

13. Жеке кабинетте өтінімді қалыптастыру мен тіркеу мынадай тәртіппен жүргізіледі:

1) осы Қағидалардың 11-тармағының 3) және 4) тармақшаларындағы талаптарды субсидиялаудың ақпараттық жүйесінің тексеруі үшін қажетті мәліметтерді енгізе отырып, өтінім қалыптастырылады;

2) өтінім МҚҰ-ның оған қол қоюы және микрокредит беру ұйымының ЭЦҚ пайдалана отырып растауы жолымен субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде тіркеледі және жұмыс органының Жеке кабинетінде қолжетімді болады. Жұмыс органының электрондық мекенжайына өтінімнің қарауға келіп түскені туралы электрондық хабарлама жіберіледі.

Егер, жұмыс органы төлем тапсырмаларын қалыптастырғанға дейін тіркелген өтінімдегі мәліметтердің сәйкессіздігі анықталса, МҚҰ кері қайтару себебін көрсете отырып, өтінімді кері қайтарып алуға құқылы.

14. Микрокредит беру ұйымы өтінім келіп түскен сәттен бастап бір жұмыс күні ішінде МҚҰ өтінімде көрсеткен ақпаратты растайды немесе деректер дұрыс емес болған жағдайда, растаудан бас тартады.

15. Жұмыс органы бір жұмыс күні ішінде өтінім тіркелген сәттен бастап ЭЦҚ-ны пайдалана отырып, қол қойылған тиісті хабарламаны қабылдау жолымен оны растайды. Бұл хабарлама МҚҰ-ның субсидиялаудың ақпараттық жүйесі Жеке кабинетінде қол жетімді жағдайда дербес тіркеу.

Субсидия беруден бас тарту «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 19-1-бабының 2-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

16. Жұмыс органы Қаржыландыру жоспарына сәйкес осы Қағидалардың 11-тармағына сай өтінім берілгеннен кейін екі жұмыс күні ішінде субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде «Қазынашылық-Клиент» ақпараттық жүйесіне жүктелетін субсидиялар төлеуге арналған төлем тапсырмаларын қалыптастырады.

Субсидиялар көлемі тиісті айға арналған Қаржыландыру жоспарында көзделген бюджет қаражаты көлемінен асып кететін өтінімдер бойынша субсидиялар төлеу келесі айда жүзеге асырылады.

17. Субсидиялау мынадай жағдайларда тоқтатылады:

1) МҚҰ-ның негізгі борышты өтеу және/немесе сыйақы бойынша міндеттемелерін күнтізбелік 90 күннен астам мерзімде орындамауы;

2) заңды күшіне енген сот шешімі бойынша МҚҰ-ның шоттарына тыйым салынуы;

3) қарыз шарты бойынша МҚҰ-ның микрокредит беру ұйымы алдындағы міндеттемелерін толықтай өтеуі;

4) МҚҰ-ның бюджеттік субсидияларды алудан бас тарту туралы жазбаша өтініші;

5) қарыз шартын бұзу.

5-тарау. Мониторинг

18. Микрокредит беру ұйымы ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың 3-іне дейінгі мерзімде жұмыс органына МҚҰ арқылы микрокредит берудің нақты игерілген сомасы және субсидиялау көлемі туралы ақпарат береді.

Жұмыс органы микрокредит беру ұйымының ақпараты негізінде халықты жұмыспен қамту орталықтарына және уәкілетті органға ақпаратты ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың 5-іне дейінгі мерзімде, жартыжылдық және есептік жыл қорытындылары бойынша ақпаратты есепті айдан кейінгі айдың 10-ына дейінгі мерзімде береді.

19. Уәкілетті орган жұмыс органының ақпараты негізінде ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың 10-ына дейін халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органға МҚҰ арқылы берілген микрокредиттер және субсидиялау сомалары жөнінде ақпарат береді.

Микроқаржы ұйымдарының операциялық шығыстарын субсидиялау қағидаларына қосымша

Нысан

Микроқаржы ұйымдарының операциялық шығыстарын
субсидиялауға арналған өтінім
(кімге)_____басқармасына
(облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың)
(кімнен)_____
(микроқаржы ұйымының толық атауы)
субсидиялауға жататын қарыз шарттары туралы ақпаратқа сәйкес бюджеттен микроқаржы ұйымының № _____ шотына _____ теңге сомасында қаражат аударуды сұраймын.

1. Өтінім беруші туралы мәліметтер.
Заңды тұлға және шетелдік заңды тұлғаның филиалы (өкілдігі) үшін:
атауы_____
БСН (бизнес-сәйкестендіру нөмірі) _____
басшысының аты, әкесінің аты (бар болса), тегі _____
мекенжайы:_____
телефон (факс) нөмірі:_____
Жеке тұлға үшін:
аты, әкесінің аты (бар болса), тегі _____
ЖСН (жеке сәйкестендіру нөмірі) _____
жеке басын куәландыратын құжат:
нөмірі _____
кім берді_____
берілген күні_____
мекенжайы:_____
телефон (факс) нөмірі:_____
Жеке тұлға үшін дара кәсіпкер ретінде қызметінің басталғаны туралы хабарлама:
орналасқан жері_____
хабарлау күні_____

2. Екінші деңгейлі банктегі МҚҰ-ның арнайы шотының мәліметтері:
ЖСН/БСН (жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес-сәйкестендіру нөмірі) __
_____
Кбе (бенефициар коды) _____
Банктің деректемелері:_____
Банктің атауы:_____
БСК (банктік сәйкестендіру коды) _____
ЖСК (жеке сәйкестендіру коды) _____
БСН (бизнес-сәйкестендіру нөмірі) _____
Кбе (бенефициар коды) _____

3. Субсидиялауға жататын қарыз шарттары (бұдан әрі – КШ) туралы ақпарат

№№	КШ (№ мен күні)	Сома, теңге	Сыйақы мөлшерлемесі, %	Субсидиялау күніне негізгі борыш бойынша берешек қалдығы, теңге	КШ-ның қолданылу мерзімінің аяқталатын күні	Кредит беру валютасы
1	2	3	4	5	6	7

(кестенің жалғасы)

Субсидиялауға жататын кредит бойынша игеру сомасы	Кредит беру мақсаты*	Кредит нысанасы/саны
8	9	10

Ескертпе: *айналым қаражатын толтыру/негізгі құралдарды сатып алу/құрылыс (қажеттісі көрсетілсін).

Осымен:
1) қарыз шарттары бойынша басқа мемлекеттік және/немесе бюджеттік бағдарламалар бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау түріндегі қолдау көрсетілмейтіні;
2) МҚҰ қызметінің ұйымдастырушылық-құқықтық нысанын өзгерту сатысында, тарату немесе банкроттық жағдайда еместігі, сондай-ақ қаржылық берешекті қайта құрылымдау және жеделдетілген оңалту рәсімін қоспағанда, қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уақытша тоқтатылмағаны;
3) микрокредиттердің нысаналы мақсаты Шағын қалаларда және ауылдық елді мекендерде кредит және микрокредит беру қағидаларына сәйкес келетіні расталады.

Микроқаржы ұйымдарының операциялық шығыстарын субсидиялау қағидаларының шарттарымен және талаптарымен келісетінімді растаймын.

Ұсынылған ақпараттың дұрыстығын растаймын, дұрыс емес мәліметтер ұсынғаным үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілік туралы хабардармын және заңмен қорғал

(Жалғасы. Басы 19-бетте)

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының
Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 11 желтоқсандағы № 502 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2018 жылғы 11 желтоқсандағы № 101 бірлескен бұйрығына 1-қосымша

Жергілікті атқарушы органдар қабылдаған шешімдердің заңдылығы үшін жер құқығы қатынастары саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары

1. Осы Жергілікті атқарушы органдар қабылдаған шешімдердің заңдылығы үшін жер құқығы қатынастары саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары (бұдан әрі - Өлшемшарттар) 2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасының Жер кодексіне, 2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2018 жылғы 31 шілдедегі № 3 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік органдардың тәуекелдерді бағалау жүйесін қалыптастыру және тексеру парақтарының нысанын бекіту туралы қағидаларына сәйкес бақылау субъектілерін тәуекел дәрежелеріне жатқызу үшін әзірленді.

2. Осы Өлшемшарттарда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) бақылау субъектілері - жергілікті атқарушы органдар, уәкілетті органдар, сәулет және қала құрылысы саласындағы функцияларды жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органдардың құрылымдық бөлімшелері болып табылады;

2) болмашы бұзушылықтар – тұрғын үй құрылысына арналған жер учаскелерінің, арнайы жер қорының бар-жоғы туралы ақпарат беру туралы талаптарды сақтамаудан, аумақты аймақтарға бөлуге сәйкес сұралып отырған жер учаскесін мәлімделген нысаналы мақсаты бойынша пайдалану мүмкіндігі туралы ұсыныстар дайындау мерзімдерін бұзудан, жергілікті атқарушы органның сәулет және қала құрылысы саласындағы функцияларды жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшесінің ахуалдық схемасы бар жер учаскесін таңдау актісін дайындау мерзімін бұзудан көрініс тапқан жер заңнамасының талаптарын бұзу;

3) елеулі бұзушылықтар – жеке және заңды тұлғалардың өтінішхаттарын (өтініштерін) қараудың, жергілікті атқарушы органның, аудандық маңызы бар қалалар, кенттер, ауылдар және ауылдық округтер әкімдерінің жер учаскеліне құқық беру немесе беруден бас тарту туралы шешімдерді қабылдауының, жерге орналастыру жобасын қараудың және бекітудің, сатып алу-сату немесе уақытша өтеулі (өтеусіз) жер пайдалану шартын жасасудың, жер учаскесін алған адамдардың тізімдері бар ақпаратты орналастырудың, сауда-саттық (конкурстар, аукциондар) өткізудің белгіленген мерзімдерін сақтамаудан, сондай-ақ, жер учаскесін немесе жер учаскесін жалдау құқығын сату жөніндегі сауда-саттықты (конкурстарды, аукциондарды) ұйымдастыру және өткізу қағидаларының және ауыл шаруашылығы алқаптарын бір түрден екінші түрге ауыстыру тәртібінің талаптарын сақтамаудан көрініс тапқан жер заңнамасының талаптарын бұзу;

4) жер қатынастары субъектісінің тәуекелі - жер ресурстарына зиян келтіру, оның салдарларының ауырлық дәрежесін ескере отырып, жерге меншік иелері мен жер пайдаланушылар құқықтарының бұзылу ықтималдығы;

5) өрескел бұзушылықтар – жеке және заңды тұлғалардың заңды мүдделеріне, мемлекеттің мүліктік мүддесіне әсер ететін, жергілікті атқарушы органдардың жер учаскелерін немесе жер учаскелерін жалдау құқығын беру, бас тарту, өзгерту туралы шешімдер қабылдау тәртібінен көрініс тапқан жер заңнамасы талаптарын бұзу;

6) тәуелдер дәрежесін бағалау – бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды ұйымдастыру мен жүргізу мақсатында бақылау органы жүргізетін іс-шаралар кешені.

3. Бақылау субъектілерін тәуекел дәрежелері бойынша айқындау тәуекел дәрежесін бағалаудың объективті және субъективті өлшемшарттары арқылы жүзеге асырылады.

4. Бақылау субъектілері объективті өлшемшарттар бойынша екі тәуекел тобына бөлінген:

1) жоғары тәуекел дәрежесі – облыстардың, аудандардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, облыстық, аудандық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары, кенттер мен қала маңы ауылдық округтерінің әкімдері, облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының жер қатынастары басқармалары, аудандардың, облыстық, аудандық маңызы бар қалалардың жер қатынастары бөлімдері және көрсетілген жергілікті атқарушы органдардың сәулет және қала құрылысы саласындағы функцияларды жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшелері;

2) жоғары тәуекел дәрежесіне жатқызылмағандар - ауыл және ауылдық округтердің әкімдері.

Жоғары тәуекел дәрежесіне жатқызылмаған бақылау субъектілеріне қатысты бақылау субъектісіне (объектісіне) бара отырып профилактикалық бақылау жүргізілмейді.

5. Жоғарғы тәуекел дәрежесіне жатқызылған бақылау субъектілеріне қатысты бақылау субъектісіне (объектісіне) бара отырып және жоспардан тыс тексерулер жүргізіледі.

Жоғары тәуекел дәрежесіне жатқызылмаған бақылау субъектілеріне қатысты жоспардан тыс тексерулер жүргізіледі.

6. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бара отырып профилактикалық бақылау жүргізудің еселігі жылына бір реттен аспауы тиіс.

7. Субъективті өлшемшарттар мынадай ақпарат көздері негізінде айқындалады:

1) алдыңғы тексерулер және бақылау субъектісіне (объектісіне) бара отырып жүргізілген профилактикалық бақылау нәтижелері. Бұл ретте бұзушылықтың ауырлық дәрежесі (өрескел, елеулі, болмашы) тексеріс парақтарында көрсетілген заңнама талаптары сақталмаған кезде белгіленеді;

2) расталған шағымдар мен арыздардың болуы және олардың саны.

8. 7-тармақта анықталған ақпарат көздерінің негізінде осы Өлшемшарттарға 1, 2-қосымшаларға сәйкес субъективті өлшемшарттар айқындалады.

Тәуекел дәрежесінің көрсеткіштері бойынша бақылау субъектілері мынаған жатады:

1) жоғары тәуекел дәрежесіне - тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 61-ден 100-ді қоса алғанға дейін болғанда және оған қатысты бақылау субъектісіне (объектісіне) бара отырып профилактикалық бақылау жүргізіледі;

2) жоғары тәуекел дәрежесіне жатқызылмағанға - тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 0-ден 60-қа дейін болғанда және оған қатысты бақылау субъектісіне (объектісіне) бара отырып профилактикалық бақылау жүргізілмейді.

Бір өрескел бұзушылық анықталған жағдайда, бақылау субъектісіне 100 тәуекел дәрежесінің көрсеткіші теңестіріледі және оған қатысты бақылау субъектісіне (объектісіне) бара отырып профилактикалық бақылау жүргізіледі.

Өрескел бұзушылық анықталмаған жағдайда, тәуекел дәрежесінің көрсеткішін айқындау үшін елеулі және болмашы бұзушылықтар бойынша жиынтық көрсеткіш есептеледі.

Елеулі бұзушылықтар көрсеткішін айқындау кезінде 0,7 коэффициенті қолданылады және аталған көрсеткіш мына формула бойынша есептеледі:

$\sum P_3 = (\sum P_2 \times 100/\sum P_1) \times 0{,}7$,

мұнда:

$\sum P_3$ – елеулі бұзушылықтардың көрсеткіші;

$\sum P_1$ – елеулі бұзушылықтардың талап етілетін саны;

$\sum P_2$ – анықталған елеулі бұзушылықтардың саны;

Болмашы бұзушылықтардың көрсеткішін айқындау кезінде 0,3 коэффициенті қолданылады және бұл көрсеткіш мына формула бойынша есептеледі:

$\sum P_н = (\sum P_2 \times 100/\sum P_1) \times 0{,}3$,

мұнда:

$\sum P_н$ – болмашы бұзушылықтардың көрсеткіші;

$\sum P_1$ – болмашы бұзушылықтардың талап етілетін саны;

$\sum P_2$ – анықталған болмашы бұзушылықтардың саны;

Тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші (∑P) 0-ден 100-ге дейінгі шәкіл бойынша есептеледі және мына формула бойынша елеулі және болмашы бұзушылықтардың көрсеткіштерін қосу арқылы айқындалады:

$\sum P = \sum P_3 + \sum P_н$,

мұнда:

$\sum P$ – тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші;

$\sum P_3$ – елеулі бұзушылықтардың көрсеткіші;

$\sum P_н$ – болмашы бұзушылықтардың көрсеткіші.

9. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бара отырып профилактикалық бақылау жүргізу Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінің 141-бабы 3-тармағына сәйкес қалыптастырылатын бақылау субъектісіне (объектісіне) бара отырып профилактикалық бақылауды жүргізудің жартыжылдық тізімі негізінде жүргізіледі.

10. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бара отырып профилактикалық бақылау жүргізу тізімдері субъективті өлшемшарттар бойынша ең жоғары тәуекел дәрежесі көрсеткіші бар бақылау субъектілерінің (объектілерінің) басымдылықтары ескеріле отырып жасалады.

Жергілікті атқарушы органдар қабылдаған шешімдердің заңдылығы үшін жер құқығы қатынастары саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарына 1-қосымша

Тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті өлшемшарттары

«Алдыңғы тексерулер және бақылау субъектісіне (объектісіне) бара отырып, профилактикалық бақылау нәтижелері» ақпарат көзі бойынша (ауырлық дәрежесі төменде көрсетілген талаптар сақталмаған кезде белгіленеді)		
№	Өлшемшарттар	Бұзушылық дәрежесі
Жергілікті атқарушы органдар		
1	Бас жоспарларға, құрылыс салу мен жоспарлау жобаларына және елді мекен аумақтарының жер-шаруашылық орналастыру жобаларына сәйкес жер учаскелерін және жер учаскелеріне жалдау құқығын беру немесе нысаналы мақсатын өзгерту	өрескел
2	Жер учаскесіне немесе жер учаскесін жалдау құқығына жер учаскелерін берудің аукциондық және конкурстық тәсілдері қолданылмайтын жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік меншікте тұрған және сауда-саттықта (конкурстарда, аукциондарда) жер пайдалануға берілмеген жер учаскелерін немесе жер учаскелерін жалдау құқығын беру	өрескел
3	Жеке және заңды тұлғалардың жер учаскесіне тиісті құқық беру туралы өтінішхаттарын (өтініштерін) қараудың белгіленген мерзімдерін сақтау (жерге орналастыру жобасын жасау, келісу, жергілікті жердегі жер учаскесінің шекарасын белгілеу кезеңдерін қоспағанда, екі ай)	елеулі
4	Жер комиссиясының оң қорытындысының және (немесе) бекітілген жерге орналастыру жобасының негізінде жер учаскелеріне құқық беру туралы шешім қабылдау	өрескел
5	Жер учаскелеріне құқық беруден бас тарту туралы шешім қабылдау мерзімін сақтау (жеті жұмыс күні)	елеулі
6	Жер учаскелеріне құқық беру туралы шешім қабылдау мерзімін сақтау (тиісті уәкілетті орган бекіткен жерге орналастыру жобасы және жер комиссиясының оң қорытындысы келіп түскен сәттен бастап жеті жұмыс күніне дейін)	елеулі
7	Жеке меншікте бола алатын жер учаскелеріне ғана жеке меншік құқығын беру туралы шешім қабылдау	өрескел
8	Ерекше жағдайларда ғана жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару туралы шешім қабылдау (Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттардан туындайтын міндеттемелер; қорғаныс және ұлттық қауіпсіздік мұқтаждары, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, сауықтыру, рекреациялық және тарихи-мәдени мақсаттар үшін жер беру және арнайы экономикалық аймақтардың құрылуы мен олардың жұмыс істеуі; пайдалы қазбалар кен орындарының табылуы және оларды қазу; автомобиль және темір жолдардың құрылысы (реконструкциясы), әуежайлар, әуеайлақтар, аэронавигация объектілерінің және авиатехникалық орталықтардың, теміржол көлігі объектілерінің, көпірлердің, метрополитендердің, тоннельдердің, энергетика жүйелері мен электр тарату желілері, байланыс желілері объектілерінің, ғарыш қызметін қамтамасыз ететін объектілердің, магистральдық құбырлардың, инженерлік-коммуникациялық желілердің, стратегиялық объектілерге жататын мұнай өңдеу өндірісі объектілерінің, концессиялық жобаларды іске асыру, елді мекендердің ортақ пайдалануындағы объектілердің құрылысы (реконструкциясы); жеке ауладағы ауыл шаруашылығы жануарларын жаю үшін халықтың жайылымдық алқаптарға деген мұқтажын қанағаттандыру; елді мекендерді дамытудың және құрылыс салудың бас жоспарына немесе схемасына сәйкес жеке тұрғын үй салу үшін халықтың жер учаскеліне деген қажеттілігін қамтамасыз ету; елді мекендердің бас жоспарларын осы бапта белгіленген ерекше жағдайлардың тізбесіне жатқызылатын объектілерді салу бөлігінде орындау, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарында көзделген объектілерді бюджет қаражаты есебінен салу)	өрескел
9	Жер учаскелерін нормадан артық көлемде жеке меншікке тегін беру туралы, сондай-ақ қайталап тегін беру туралы шешім қабылдау (ауылдық жерлерде (үй маңындағы және танаптық телімдерді қоса алғанда) 0,25 гектар суарылмайтын жерде және 0,15 гектар суармалы жерде жеке қосалқы шаруашылық жүргізу үшін; бағбандық, сондай-ақ саяжай құрылысы үшін - 0,12 гектар)	өрескел
10	Уақытша өтеусіз жер пайдалану құқығын аталған мақсаттарға сәйкес бес жылдан аспайтын мерзімге беру туралы шешім қабылдау (шалғайдағы мал шаруашылығы (маусымдық жайылымдар) үшін; халықтың мал жаюы мен шөп шабуы үшін; мемлекеттік жер пайдаланушыларға; бақша өсіру үшін; қызметтік жер үлесі түрінде; ортақ пайдаланылатын жолдардың, мемлекеттік меншіктегі және әлеуметтік-мәдени мақсаттағы объектілердің құрылысы кезеңіне, тозған және бүлінген жерлерді қалпына келтіру кезінде; мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартының, оның ішінде концессия шартының қолданылу мерзіміне; Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен ғимараттарды (үй-жайларды) және құрылысжайларды уақытша өтеусіз пайдалануға берген кезде; ғибадат құрылысжайларының объектілері үшін)	өрескел
11	Шетелдіктер және азаматтығы жоқ адамдар үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жеке меншік құқығын беру туралы шешім қабылдау	өрескел
12	Өз құзыреті шегінде жер учаскелеріне құқықтар беру туралы шешім қабылдау	өрескел
13	Жер учаскелеріне құқық беруден бас тарту туралы шешім қабылдаудың негіздемесі	өрескел
14	Жеке немесе мемлекеттік емес заңды тұлғаларға бұрын жер пайдалануға берілген жер учаскесін жеке меншікке беру мерзімін сақтау (он бес жұмыс күні)	елеулі
15	Жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгерту туралы өтінішті қарау мерзімін сақтау (бір ай)	елеулі
16	Жерге орналастыру жобасын қарау және бекіту мерзімдерін сақтау (жеті жұмыс күні)	елеулі
17	Тұрғын үй құрылысы үшін жер учаскелерінің арнайы жер қорының болуы туралы ақпарат беру	болмашы
18	Жер учаскесін немесе жер учаскесін жалдау құқығын сату жөніндегі сауда-саттықты (конкурстарды, аукциондарды) ұйымдастыру және өткізу қағидаларын сақтау: 1) жергілікті өкілді орган бекіткен тізбеге сәйкес нақты жер учаскелерін және жер учаскесін жалдау құқығын анықтау; 2) сауда-саттық (аукцион, конкурс) өткізу нысандарын, сондай-ақ аукциондық сату нысаны кезінде сауда-саттықты өткізу әдісін анықтау; 3) сауда-саттыққа шығарылатын жер учаскесінің және жер учаскесін жалдау құқығының бастапқы және ең төменгі бағасын, кепілдік жарналардың мөлшерін бекіту	елеулі
19	Ауыл шаруашылығы алқаптарын бір түрден екінші түрге ауыстыру	елеулі
20	Жер учаскесін алған адамдардың тізімі бар ақпаратты орналастыру мерзімдерін сақтау (кемінде тоқсанына бір рет)	елеулі
21	Сауда-саттықты (конкурстарды, аукциондарды) өткізу мерзімдерін сақтау (жер учаскесіне құқық беруден бас тарту туралы шешім қабылданған күннен бастап күнтізбелік тоқсан күннен кешіктірмей)	елеулі
22	Егер өтініш беруші жер учаскесін мәжбүрлеп алып қойғандардың тізілімінде тұрса немесе өтініш беруші жер учаскесіне құқық беру туралы не оны беруден бас тарту туралы шешім қабылдау үшін қажетті құжаттар топтамасын толық ұсынбаса жер учаскесінің тұрған жері бойынша уәкілетті органдардың өтініш берушіге өтінішті қараудан жазбаша бас тарту жөнінде беретін жауабының мерзімін сақтауы (өтініш келіп түскен сәттен бастап екі жұмыс күні)	елеулі
23	Аумақты аймақтарға бөлуге сәйкес сұратылып отырған жер учаскесін мәлімделген нысаналы мақсаты бойынша пайдалану мүмкіндігі туралы ұсыныстар дайындау мерзімін сақтау (өтініш келіп түскен сәттен бастап он жұмыс күні)	болмашы
24	Уәкілетті органның аумақты аймақтарға бөлуге сәйкес сұратылған жер учаскесін мәлімделген нысаналы мақсаты бойынша пайдалану немесе жер учаскесін алдын ала таңдап алуды (объект құрылысы үшін жер учаскесі сұратылған кезде) ұсыну мүмкіндігі туралы ұсыныстарды комиссияға тапсырған сәттен бастап комиссия қорытындысын беру мерзімін сақтау (бес жұмыс күні)	елеулі
25	Өтініш берушінің жерге орналастыру жобасын дайындауы үшін комиссияның оң қорытындысының бір данасын оған беру мерзімін сақтау (бес жұмыс күні)	елеулі
26	Жергілікті атқарушы органның сәулет және қала құрылысы саласындағы функцияларды жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшесінің жер учаскесін таңдау актісін оның ахуалдық схемасымен қоса дайындау және оны бір мезгілде барлық мүдделі мемлекеттік органдарға, тиісті қызметтерге және мемлекеттік жер кадастрын жүргізетін мамандандырылған мемлекеттік кәсіпорынға мемлекеттік ақпараттық жүйелер арқылы не келісу органдарында осы жүйелер болмағанда қағаз жеткізгіштерде жіберу мерзімін сақтауы (жеті жұмыс күні)	болмашы
27	Келісу органдарының мәлімделген нысаналы мақсаты бойынша жер учаскесін беру мүмкіндігі туралы тиісті қорытындыны ұсыну мерзімін сақтау (он екі жұмыс күні)	елеулі
28	Жергілікті атқарушы органның сәулет және қала құрылысы саласындағы функцияларды жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшесінің қорытындысымен ресімделген жер учаскесіне құқық беруден бас тарту мерзімін сақтау (үш жұмыс күні)	елеулі
29	Жергілікті атқарушы органның сәулет және қала құрылысы саласындағы функцияларды жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшесінің оң қорытындылар мен инженерлік желілерге қосылуға қойылатын техникалық талаптар келіп түскеннен кейін жер учаскесін түпкілікті таңдау актісін дайындау және жіберу мерзімдерін сақтауы (бес жұмыс күні)	елеулі
30	Уақытша жер пайдалану шартын дайындау үшін уәкілетті органға шешімнің көшірмесін, жер-кадастрлық жоспарды және инженерлік желілер мен құрылыстарға қосылуға қойылатын техникалық талаптарды жолдау мерзімін сақтау (бір жұмыс күні)	елеулі
31	Жер учаскесін таңдау және жер учаскесін таңдау туралы актіні кейіннен қарау және қорытынды дайындау үшін комиссияға жібере отырып, ресімдеу мерзімдерін сақтау (он жұмыс күні)	елеулі
32	Жер учаскесіне құқық беру не беруден бас тарту туралы шешімнің көшірмесін өтініш берушіге табыстау мерзімін сақтау (шешім қабылданған сәттен бастап бес жұмыс күні)	елеулі
33	Сатып алу-сату немесе уақытша өтеулі (өтеусіз) жер пайдалану шартын жасасу мерзімдерін сақтау (он жұмыс күні)	елеулі

Жергілікті атқарушы органдар қабылдаған шешімдердің заңдылығы үшін жер құқығы қатынастары саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарына 2-қосымша

Тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті өлшемшарттары

«Бақылау субъектілеріне қатысты жеке және заңды тұлғалардан келіп түскен расталған шағымдардың болуы» ақпарат көзі бойынша		
№	Өлшемшарттар	Бұзушылық дәрежесі
1.	Бір немесе одан да көп шағымның болуы, оны қарау бойынша Қазақстан Республикасының жер заңнамасын бұзған жағдайда жерді пайдалану мен қорғау жөніндегі мемлекеттік инспектор бақылау субъектісін әкімшілік жауапкершілікке тартады	елеулі
2.	Бір немесе одан көп шағымның болуы, оны қарау бойынша жерді пайдалану мен қорғау жөніндегі мемлекеттік инспектор бақылау субъектісін әкімшілік жауапқа тартпай, Қазақстан Республикасы жер заңнамасының анықталған бұзылушылықтарын жою жөнінде нұсқама береді	болмашы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 11 желтоқсандағы №502 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2018 жылғы 11 желтоқсандағы №101 бірлескен бұйрығына 2-қосымша

Жер құқығы қатынастары субъектілері жерлерінің пайдаланылуы мен қорғалуы үшін тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары

1. Осы Жер құқығы қатынастары субъектілері жерлерінің пайдаланылуы мен қорғалуы үшін тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары (бұдан әрі - Өлшемшарттар) 2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасының Жер кодексіне, 2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2018 жылғы 31 шілдедегі № 3 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік органдардың тәуекелдерді бағалау жүйесін қалыптастыру және тексеру парақтарының нысанын бекіту туралы қағидаларына сәйкес бақылау субъектілерін тәуекел дәрежелеріне жатқызу үшін әзірленді.

2. Осы Өлшемшарттарда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) бақылау субъектілері - иелігінде ауыл шаруашылығы алқаптары бар ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілер, жер ресурстарының жай-күйіне ықпал етуге байланысты қызметті жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушылар;

2) болмашы бұзушылықтар - жер учаскелерінің меншік иелері немесе (және) жер пайдаланушылардың жер учаскелері шекараларының межелік белгілерін сақтамауына байланысты туындаған жер құқығы қатынастары саласындағы нормативтік құқықтық актілерде белгіленген бұзушылықтар;

3) елеулі бұзушылықтар - жер учаскелерінің меншік иелерінің немесе (және) жер пайдаланушылардың жерді қорғау жөніндегі іс-шараларды орындамауына және ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді ұтымды пайдаланбауына байланысты туындаған, жер құқығы қатынастары саласындағы нормативтік құқықтық актілерде белгіленген бұзушылықтар;

4) жер ресурстарын пайдалануға әсер ететін субъектілердің тәуекелі - жер ресурстарына зиян келтіру, оның ауыртпалық дәрежесінің салдарларын ескере отырып, жерге меншік иелері мен жер пайдаланушылар құқықтарының бұзылу ықтималдығы;

5) өрескел бұзушылықтар - жер учаскелерінің меншік иелері немесе (және) жер пайдаланушылардың жерге мемлекеттің мүдделерін сақтамауына, жерді нысаналы мақсатына сәйкес пайдаланбауына және оны одан әрі пайдалану үшін жарамды күйге келтіру бойынша міндеттерді орындамауына байланысты туындаған, жер құқығы қатынастары саласындағы нормативтік құқықтық актілерде белгіленген бұзушылықтар;

6) тәуекел дәрежесін бағалау –бақылау субъектісіне (объектісіне) бара отырып профилактикалық бақылау ұйымдастыру мен жүргізу мақсатында бақылау органы жүргізетін іс-шаралар кешені.

3. Бақылау субъектілерін тәуекел дәрежелері бойынша айқындау тәуекел дәрежесін бағалау бойынша объективті және субъективті өлшемшарттар арқылы жүзеге асырылады.

4. Ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілердің объективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежелерін айқындау ауыл шаруашылығы алқаптарының көлеміне қарай, ал жер қойнауын пайдаланушылардың - келісімшарттың мерзімі мен жер көлеміне байланысты жүзеге асырылады.

5. Объективті өлшемшарттар бойынша бақылау субъектілері жоғары тәуекел дәрежесіне жатқызылған және жоғары тәуекел дәрежесіне жатқызылмаған болып екі топқа бөлінеді:

1) жоғары тәуекел тобына жатқызылғандар:

3000 гектардан астам төлімі егістік;

50 гектардан астам суармалы егістік;

200 гектардан астам ауыл шаруашылығы алқаптары (егістіктерден басқа) бар ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер;

келісімшарт мерзімі он жылдан аспайтын жер қойнауын пайдаланушылар немесе жер қойнауын пайдалану үшін 5 гектардан астам алаңы бар жер қойнауын пайдаланушылар;

2) осы Өлшемшарттардың 5-тармағы 1) тармақшасының талаптарына сай келмеген адамдар жоғары тәуекел дәрежесіне жатқызылмағандарға жатады және оларға қатысты бақылау субъектісіне (объектісіне) бара отырып профилактикалық бақылау жүргізілмейді.

6. Жоғарғы тәуекел дәрежесіне жатқызылған бақылау субъектілеріне қатысты бақылау субъектісіне (объектісіне) бара отырып профилактикалық бақылау және жоспардан тыс тексерулер жүргізіледі.

Жоғары тәуекел дәрежесіне жатқызылмаған бақылау субъектілеріне қатысты жоспардан тыс тексерулер жүргізіледі.

7. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бара отырып профилактикалық бақылау жүргізудің еселігі жылына бір реттен аспауы тиіс.

8. Субъективті өлшемшарттар мынадай ақпарат көздері негізінде айқындалады:

1) алдыңғы тексерулер мен бақылау субъектісіне (объектісіне) бара отырып профилактикалық бақылау нәтижелері. Бұл ретте бұзушылықтың ауырлық дәрежесі (өрескел, елеулі, болмашы) тексеріс парақтарында көрсетілген заңнама талаптары сақталмаған жағдайда белгіленеді;

2) расталған шағымдар мен ұсыныстардың болуы және саны.

9. 8-тармақта анықталған ақпарат көздерінің негізінде осы Өлшемшарттарға 1, 2, 3-қосымшаларға сәйкес субъективті өлшемшарттар айқындалады.

Тәуекел дәрежесінің көрсеткіштері бойынша бақылау субъектілері мыналарға жатады:

1) жоғары тәуекел дәрежесіне – тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 61-ден 100-ді қоса алғанға дейін болғанда және оған қатысты бақылау субъектісіне (объектісіне) бара отырып профилактикалық бақылау жүргізіледі.

2) жоғары тәуекел дәрежесіне жатқызылмағанға - тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 0-ден 60-қа дейін болғанда және оған қатысты бақылау субъектісіне (объектісіне) бара отырып профилактикалық бақылау жүргізілмейді.

Бір өрескел бұзушылық айқындалған кезде бақылау субъектісіне 100 тәуекел дәрежесінің көрсеткіші теңестіріледі және оған қатысты бақылау субъектісіне (объектісіне) бара отырып профилактикалық бақылау жүргізіледі.

Өрескел бұзушылық анықталмаған жағдайда, тәуекел дәрежесінің көрсеткішін анықтау үшін елеулі және болмашы бұзушылықтар бойынша жиынтық көрсеткіш есептеледі.

Елеулі бұзушылықтар көрсеткішін айқындау кезінде 0,7 коэффициенті қолданылады және бұл көрсеткіш мына формула бойынша есептеледі:

$\sum P_3 = (\sum P_2 \times 100/\sum P_1) \times 0{,}7$,

мұнда:

$\sum P_3$ – елеулі бұзушылықтардың көрсеткіші;

$\sum P_1$ – елеулі бұзушылықтардың талап етілетін саны;

$\sum P_2$ – анықталған елеулі бұзушылықтардың саны;

Болмашы бұзушылықтардың көрсеткішін айқындау кезінде 0,3 коэффициенті қолданылады және бұл көрсеткіш мына формула бойынша есептеледі:

$\sum P_н = (\sum P_2 \times 100/\sum P_1) \times 0{,}3$,

мұнда:

$\sum P_н$ – болмашы бұзушылықтардың көрсеткіші;

$\sum P_1$ – болмашы бұзушылықтардың талап етілетін саны;

$\sum P_2$ – анықталған болмашы бұзушылықтардың саны;

Тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші (∑P) 0-ден 100-ге дейінгі шәкіл бойынша есептеледі және мына формула бойынша елеулі және болмашы бұзушылықтардың көрсеткіштерін қосу арқылы айқындалады:

$\sum P = \sum P_3 + \sum P_н$,

мұнда:

$\sum P$ – тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші;

$\sum P_3$ – елеулі бұзушылықтардың көрсеткіші;

$\sum P_н$ – болмашы бұзушылықтардың көрсеткіші;

$SP_н$ – болмашы бұзушылықтардың көрсеткіші.

10. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бара отырып профилактикалық бақылау жүргізу Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінің 141-бабы 3-тармағына сәйкес қалыптастырылатын бақылау субъектісіне (объектісіне) бара отырып профилактикалық бақылауды жүргізудің жартыжылдық тізімі негізінде жүргізіледі.

11. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бара отырып профилактикалық бақылау жүргізу тізімдері субъективті өлшемшарттар бойынша ең жоғары тәуекел дәрежесі көрсеткіші бар бақылау субъектілерінің (объектілерінің) басымдылықтары ескеріле отырып жүргізіледі.

Жер құқығы қатынастары субъектілері жерлерінің пайдаланылуы мен қорғалуы үшін тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарына 1-қосымша

Тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті өлшемшарттары

«Алдыңғы тексерулер және бақылау субъектісіне (объектісіне) бара отырып профилактикалық бақылау нәтижелері» ақпарат көзі бойынша (ауырлық дәрежесі төменде көрсетілген талаптар сақталмаған кезде белгіленеді)		
№	Өлшемшарттар	Бұзушылық дәрежесі
Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер		
1.	Жер учаскесінің нақты шекараларының белгіленуі және жерге құқық белгілейтін немесе сәйкестендіру құжаттарының болуы	өрескел
2.	Жерді нысаналы мақсатына сәйкес пайдалану	өрескел
3.	Уақытша пайдаланудағы мемлекеттік жерлерді уақтылы қайтару және одан әрі пайдалануға жарамды күйге келтіру бойынша міндеттерді орындау	өрескел
4.	Жерді қорғау жөніндегі іс-шараларды жүргізу: 1) жерді құнарсызданудан және шөлейттенуден, су және жел эрозиясынан, селден, су басудан, батпақтанудан, қайталап сортаңданудан, құрғап кетуден, тапталудан, өндіріс пен тұтыну қалдықтарымен, химиялық, биологиялық, радиоактивті және басқа да зиянды заттармен ластанудан, басқа да бүліну процестерінен қорғау; 2) ауыл шаруашылығы жерлерін карантиндік зиянкестер мен өсімдік ауруларын жұқтырудан, арамшөп, бұта мен шілік басып кетуден, жердің жай-күйі нашарлауының өзге де түрлерінен қорғау; 3) бүлінген жерді рекультивациялау, оның құнарлылығын және жердің басқа да пайдалы қасиеттерін қалпына келтіру мен оны шаруашылық айналымына уақтылы тарту; 4) жердің бүлінуімен байланысты жұмыстар жүргізілген кезде топырақтың құнарлы қабатын сыдырып алу, сақтау және пайдалану	елеулі
5.	Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді ұтымды пайдалану бойынша іс-шараларды жүргізу: 1) жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылардың топырақтың құнарлылығын қалпына келтіру және сақтау жөніндегі ұйымдастыру-шаруашылық, агротехникалық, гидротехникалық және эрозияға қарсы іс-шаралар кешенін уақтылы және дұрыс жүргізу; 2) жерді жақсарту жөніндегі, топырақ эрозиясын, тұздануды, батпақтануды, су басуды, шөлейттенуді, құрғақтануды, тығыздалуды, қоқыстануды, ластануды және жердің тозуын туғызатын басқа да процестерді болғызбау және олардың салдарын жою жөнінде іс-шараларды уақтылы және сапалы орындау; 3) жерді пайдалану мен қорғау жөніндегі жерге орналастыру жобаларын орындау; 4) ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушінің тиісті дақыл бойынша орташа аудандық көрсеткіштен сексен бес пайыздан астам ауыл шаруашылығы дақылдары түсімділігі деңгейін үш жыл қатарынан алуы; 5) бекітілген жайылымның жалпы алаңы жүктемесінің шекті рұқсат етілетін нормасын сақтау	елеулі
6.	Жер учаскелері шекараларының межелік белгілерін сақтау	болмашы

Жер құқығы қатынастары субъектілері жерлерінің пайдаланылуы мен қорғалуы үшін тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарына 2-қосымша

Тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті өлшемшарттары

«Алдыңғы тексерулер және бақылау субъектілеріне (объектілеріне) бара отырып профилактикалық бақылау нәтижелері» ақпарат көзі бойынша (ауырлық дәрежесі төменде көрсетілген талаптар сақталмаған кезде белгіленеді)		
№	Өлшемшарттар	Бұзушылық дәрежесі
Жер қойнауын пайдаланушылар		
1.	Жер учаскелерінің нақты шекараларын белгілеу және жерге құқық белгілейтін немесе сәйкестендіру құжаттарының болуы	өрескел
2.	Жерді нысаналы мақсатына сәйкес пайдалану	өрескел
3.	Уақытша пайдаланудағы мемлекеттік жерлерді уақтылы қайтару немесе одан

(Жалғасы. Басы 19-20-беттерде)

Геодезиялық және картографиялық қызмет субъектілерінің қызметі үшін геодезия және картография саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарына 1-қосымша

Тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті өлшемшарттары

«Алдыңғы тексерулер және бақылау субъектілеріне (объектілеріне) бара отырып профилактикалық бақылау нәтижелері» ақпарат көзі бойынша (ауырлық дәрежесі төменде көрсетілген талаптар сақталмаған кезде белгіленеді)		
№	Өлшемшарттар	Бұзушылық дәрежесі
Геодезиялық және картографиялық қызмет субъектілері		
1.	Геодезия және картография саласындағы геодезиялық және (немесе) картографиялық жұмыстарды жүргізудің басталуы туралы хабарламаның болуы	өрескел
2.	Геодезиялық және (немесе) картографиялық жұмыстарды орындауға мүмкіндік беретін меншікті немесе жалға алынған тексерілген аспаптар, жабдықтар және құрал-саймандар жиынтығының не болмаса зауыттық нөмірлері көрсетіле отырып тексерілген аспаптар, жабдықтар, құрал-саймандар жиынтығы бар ұйыммен жасалған қызмет көрсетуге арналған шарттың болуы	өрескел
3.	Штатта геодезия және (немесе) картография саласында жоғары немесе орта білімнен кейінгі білімі бар маманның болуы	елеулі
4.	Аэротүсірілім жұмыстары, орындалған жағдайда, оларға рұқсаттың болуы	өрескел
5.	Геодезиялық пункттерді бұзуға немесе қайта салуға (орнын ауыстыруға) арналған рұқсаттың болуы	өрескел

Геодезиялық және картографиялық қызмет субъектілерінің қызметі үшін геодезия және картография саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарына 2-қосымша

Субъективті тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары

«Бақылау субъектілеріне қатысты жеке және заңды тұлғалардан келіп түскен расталған шағымдардың болуы» ақпарат көзі бойынша		
№	Өлшемшарттар	Бұзушылық дәрежесі
1.	Бір немесе одан көп шағымның болуы, оны қарау бойынша жерді пайдалану мен қорғау жөніндегі мемлекеттік инспектор Қазақстан Республикасының жер заңнамасы бұзылған жағдайда бақылау субъектісін әкімшілік жауапқа тартады	елеулі
2.	Бір немесе одан көп шағымның болуы, оны қарау бойынша жерді пайдалану мен қорғау жөніндегі мемлекеттік инспектор бақылау субъектісін әкімшілік жауапкершілікке тартпай, Қазақстан Республикасы жер заңнамасының анықталған бұзылушылықтарын жою туралы нұсқама береді	болмашы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 11 желтоқсандағы № 502 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2018 жылғы 11 желтоқсандағы № 101 бірлескен бұйрығына 4-қосымша

Мемлекеттік жер кадастрын және жерлердің мониторингін жүргізу бойынша субъектілердің қызметі үшін мемлекеттік жер кадастры мен жерлердің мониторингі саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары

1. Осы Мемлекеттік жер кадастрын және жерлердің мониторингін жүргізу бойынша субъектілердің қызметі үшін мемлекеттік жер кадастры мен жерлердің мониторингі саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары (бұдан әрі – Өлшемшарттар) 2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасының Жер кодексіне, 2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2018 жылғы 31 шілдедегі № 3 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік органдардың тәуекелдерді бағалау жүйесін қалыптастыру және тексеру парақтарының нысанын бекіту туралы қағидаларына сәйкес бақылау субъектілерін тәуекел дәрежелеріне жатқызу үшін әзірленді.

2. Осы Өлшемшарттарда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) бақылау субъектілері - «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Қоғам) мен оның облыстардағы, Астана, Алматы және Шымкент қалаларындағы мемлекеттік жер кадастры мен жердің мониторингін жүргізуді жүзеге асыратын филиалдары;

2) болмашы бұзушылықтар – жер-кадастрлық кітапты және жердің бірыңғай мемлекеттік тізілімін жүргізу кезінде мемлекеттік жер кадастрын жүргізу саласындағы талаптарды бұзу;

3) елеулі бұзушылықтар - жер учаскесінің кадастрлық ісін қалыптастыру тәртібін сақтамаудан көрініс тапқан мемлекеттік жер кадастрын және жерлердің мониторингін жүргізу саласындағы талаптарды бұзу, жер учаскелері мен олардың субъектілері туралы деректер банкін, сондай-ақ қағаз жеткізгіштегі және электрондық нысандағы басқа да жер-кадастрлық ақпаратты жинақтау, өңдеу және жүргізу тәртібін бұзу, жер учаскелеріне кадастрлық нөмірлер беру рәсімін бұзу, жер кадастрын жүргізумен байланысты қызмет тәртібін бұзу, мемлекеттік жер кадастрының анық емес мәліметтерін беру, жер мониторингін жүргізу тәртібін бұзу;

4) мемлекеттік жер кадастрын және жерлердің мониторингін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын субъектілердің тәуекелі – мемлекеттік жер кадастрын және жерлердің мониторингін жүргізу кезінде оның салдарларының ауырлық дәрежесін ескере отырып, жеке және заңды тұлғалардың заңды мүдделеріне, мемлекеттің мүліктік мүдделеріне зиян келтірудің ықтималдығы;

5) өрескел бұзушылықтар – жерді экономикалық бағалауды және оған мониторинг жүргізуді, топырақтық, геоботаникалық, агрохимиялық зерттеп-қарауларды және топырақты бонитирлеуді жүргізуді қамтитын жерлердің сапасын есепке алу жөніндегі талаптарды сақтамаудан көрініс тапқан мемлекеттік жер кадастрын жүргізу саласындағы талаптарды бұзу, мемлекеттік тіркеу мақсаттары үшін жердің көлемін, жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушыларды, сондай-ақ жер құқығы қатынастарының басқа да субъектілерін есепке алуды бұзу, мемлекеттік жер кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесін жүргізуді бұзу, жер-кадастрлық, оның ішінде цифрлық карталарды дайындауды және жүргізуді бұзу, жер учаскелерінің кадастрлық (бағалау) құнын анықтау, жер учаскелерін кадастрлық бағалау, елді мекендерде жер учаскелері үшін төлемақының базалық мөлшерлемелеріне түзету коэффициенттерін белгілей отырып, олардағы бағалау аймақтары шекараларының схемаларын жасау, жер учаскелері үшін төлемақының базалық мөлшерлемелерін есептеу, ауыл шаруашылығын жүргізуге байланысты емес мақсаттар үшін ауыл шаруашылығы алқаптарын алып қою кезіндегі ауыл шаруашылығы өндірісіндегі ысырапты анықтауды қамтитын жердің кадастрлық бағалауының есептерін әзірлеу әдістемесін бұзу, жер учаскесіне сәйкестендіру құжаттарын, жер-кадастрлық жоспарды дайындау және беру тәртібін бұзу;

6) тәуелдер дәрежесін бағалау – бақылау органының бақылау субъектісіне (объектісіне) бара отырып профилактикалық бақылауды ұйымдастыру мен жүргізу мақсатында жүргізетін іс-шаралар кешені.

3. Бақылау субъектілерін тәуекел дәрежелері бойынша айқындау тәуекел дәрежесін бағалау бойынша объективті және субъективті өлшемшарттар арқылы жүзеге асырылады.

4. Бақылау субъектілері объективті өлшемшарттар бойынша екі тәуекел тобына бөлінген:

1) жоғары тәуекел дәрежесі –мемлекеттік жер кадастрын және жерлердің мониторингін жүргізуді жүзеге асыратын Қоғамның облыстардағы, Астана, Алматы және Шымкент қалаларындағы филиалдары;

2) жоғары тәуекел дәрежесіне жатқызылмаған – мемлекеттік жер кадастрын және жерлердің мониторингін жүргізуді жүзеге асыратын Қоғамның орталық аппаратының құрылымдық бөлімшесі.

5. Жоғарғы тәуекел дәрежесіне жатқызылған бақылау субъектілеріне қатысты бақылау субъектісіне (объектісіне) бара отырып профилактикалық бақылау және жоспардан тыс тексерулер жүргізіледі.

Жоғары тәуекел дәрежесіне жатқызылмаған бақылау субъектілеріне қатысты жоспардан тыс тексерулер жүргізіледі.

6. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бара отырып профилактикалық бақылау жүргізудің еселігі жылына бір реттен аспауы тиіс.

7. Субъективті өлшемшарттар мынадай ақпарат көздері негізінде айқындалады:

1) алдыңғы тексерулер және бақылау субъектісіне (объектісіне) бара отырып профилактикалық бақылау нәтижелері. Бұл ретте бұзушылықтың ауырлық дәрежесі (өрескел, елеулі, болмашы) тексеріс парағында көрсетілген заңнама талаптары сақталмаған кезде белгіленеді;

2) расталған шағымдар мен өтініштердің болуы және саны.

8. 7-тармақта анықталған ақпарат көздерінің негізінде Осы Өлшемшартқа 1, 2, 3-қосымшаларға сәйкес субъективті өлшемшарттар айқындалады.

Тәуекел дәрежесінің көрсеткіштері бойынша бақылау субъектілері мыналарға жатады:

1) жоғары тәуекел дәрежесіне - тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 61-ден 100-ді қоса алғанға дейін болғанда және оған қатысты субъектіге (объектіге) бара отырып профилактикалық бақылау жүргізіледі;

2) жоғары тәуекел дәрежесіне жатқызылмаған - тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 0-ден 60-қа дейін болғанда және оған қатысты субъектіге (объектіге) бара отырып профилактикалық бақылау жүргізілмейді.

Бір өрескел бұзушылық айқындалған жағдайда бақылау субъектісіне 100 тәуекел дәрежесінің көрсеткіші теңестіріледі және оған қатысты бақылау субъектісіне (объектісіне) бара отырып профилактикалық бақылау жүргізіледі.

Егер өрескел бұзушылық анықталмаса, онда тәуекел дәрежесінің көрсеткішін анықтау үшін елеулі және болмашы бұзушылықтар бойынша жиынтық көрсеткіш есептеледі.

Елеулі бұзушылықтар көрсеткішін айқындау кезінде 0,7 коэффициенті қолданылады және бұл көрсеткіш мына формула бойынша есептеледі:

$\sum P_3 = (\sum P_2 \times 100/\sum P_1) \times 0,7$,

мұнда:

$\sum P_3$ – елеулі бұзушылықтардың көрсеткіші;

$\sum P_1$ – елеулі бұзушылықтардың талап етілетін саны;

$\sum P_2$ – анықталған елеулі бұзушылықтардың саны;

Болмашы бұзушылықтардың көрсеткішін айқындау кезінде 0,3 коэффициенті қолданылады және бұл көрсеткіш мына формула бойынша есептеледі:

$\sum P_н = (\sum P_2 \times 100/\sum P_1) \times 0,3$,

мұнда:

$\sum P_н$ – болмашы бұзушылықтардың көрсеткіші;

$\sum P_1$ – болмашы бұзушылықтардың талап етілетін саны;

$\sum P_2$ – анықталған болмашы бұзушылықтардың саны;

Тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші ($\sum P$) 0-ден 100-ге дейінгі шәкіл бойынша есептеледі және мына формула бойынша елеулі және болмашы бұзушылықтардың көрсеткіштерін қосу арқылы айқындалады:

$\sum P = \sum P_3 + \sum P_н$,

мұнда:

$\sum P$ – тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші;

$\sum P_з$ – елеулі бұзушылықтардың көрсеткіші;

$\sum P_н$ – болмашы бұзушылықтардың көрсеткіші.

9. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бара отырып профилактикалық бақылау жүргізу Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінің 141-бабы 3-тармағына сәйкес қалыптастырылатын бақылау субъектісіне (объектісіне) бара отырып профилактикалық бақылауды жүргізудің жартыжылдық тізімі негізінде жүргізіледі.

10. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бара отырып профилактикалық бақылау жүргізу тізімдері субъективті өлшемшарттар бойынша ең жоғары тәуекел дәрежесі көрсеткіші бар бақылау субъектілерінің (объектілерінің) басымдылықтары ескеріле отырып жасалады.

Мемлекеттік жер кадастрын және жерлердің мониторингін жүргізу бойынша субъектілердің қызметі үшін мемлекеттік жер кадастры мен жерлердің мониторингі саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарына 1-қосымша

Тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті өлшемшарттары

«Алдыңғы тексерулер мен бақылау субъектілеріне (объектілеріне) бара отырып профилактикалық бақылау нәтижелері» ақпарат көзі бойынша (ауырлық дәрежесі төменде көрсетілген талаптар сақталмаған кезде белгіленеді)		
№	Өлшемшарттар	Бұзушылық дәрежесі
Мемлекеттік жер кадастрын және жерлердің мониторингін жүргізуді жүзеге асыратын субъектілер		
1.	Жер учаскесінің кадастрлық ісін қалыптастыру	елеулі
2.	Жерді экономикалық бағалауды және оған мониторинг жүргізуді, топырақтық, геоботаникалық, агрохимиялық зерттеп-қарауларды және топырақты бонитирлеуді жүргізуді қамтитын жерлердің сапасын есепке алу	өрескел
3.	Мемлекеттік тіркеу мақсаттары үшін жердің көлемін, жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушыларды, сондай-ақ жер құқығы қатынастарының басқа да субъектілерін есепке алу	өрескел
4.	Жер учаскелері мен олардың субъектілері туралы деректер банкін, сондай-ақ қағаз жеткізгіштегі және электрондық түрдегі басқа да жер-кадастрлық ақпаратты жинақтау, өңдеу және жүргізу	елеулі
5.	Мемлекеттік жер кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесін жүргізу	өрескел
6.	Жер-кадастрлық, оның ішінде цифрлық карталарды дайындау және жүргізу	өрескел
7.	Жер-кадастрлық кітапты және жердің бірыңғай мемлекеттік тізілімін жүргізу	болмашы
8.	Жер учаскелерінің кадастрлық (бағалау) құнын анықтауды қамтитын жердің бағалауы; елді мекендерде жер учаскелері үшін төлемақының базалық мөлшерлемелерін есептеу; ауыл шаруашылығын жүргізуге байланысты емес мақсаттар үшін ауыл шаруашылығы алқаптарын алып қою кезіндегі ауыл шаруашылығы өндірісіндегі ысырапты анықтау	өрескел
9.	Жер учаскесіне сәйкестендіру құжаттарын дайындау және беру	өрескел
10.	Жер учаскесіне жер-кадастрлық жоспарды дайындау	өрескел
11.	Жер учаскелерінің паспорттарын дайындау	елеулі
12.	Жер учаскелеріне кадастрлық нөмірлер беру	елеулі
13.	Мемлекеттік жер кадастрының анық мәліметтерін беру	елеулі
14.	Жер кадастры мәліметтерін беру мерзімін сақтау (үш жұмыс күні)	елеулі
15.	Жердің мониторингін жүргізу	елеулі

Мемлекеттік жер кадастрын және жерлердің мониторингін жүргізу бойынша субъектілердің қызметі үшін мемлекеттік жер кадастры мен жерлердің мониторингі саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарына 2-қосымша

Тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті өлшемшарттары

«Бақылау субъектілеріне қатысты жеке және заңды тұлғалардан келіп түскен расталған арыздардың болуы» ақпарат көзі бойынша		
№	Өлшемшарттар	Бұзушылық дәрежесі
1.	Бір немесе одан көп шағымның болуы, оны қарау бойынша жерді пайдалану мен қорғау жөніндегі мемлекеттік инспектор Қазақстан Республикасының жер заңнамасы бұзылған жағдайда бақылау субъектісін әкімшілік жауапқа тартады	елеулі
2.	Бір немесе одан көп шағымның болуы, оны қарау бойынша жерді пайдалану мен қорғау жөніндегі мемлекеттік инспектор бақылау субъектісін әкімшілік жауапкершілікке тартпай, Қазақстан Республикасы жер заңнамасының анықталған бұзылушылықтарын жою туралы нұсқама береді	болмашы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 11 желтоқсандағы № 502 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2018 жылғы 11 желтоқсандағы № 101 бірлескен бұйрығына 5-қосымша

Жергілікті атқарушы органдар мен аудандық маңызы бар қалалар, кенттер, ауылдар, ауылдық округтер әкімдерінің қабылдаған шешімдерінің заңдылығы үшін жер құқығы қатынастары саласындағы тексеру парағы

Тексеруді тағайындаған мемлекеттік орган:_____

_____

Бақылау субъектісіне (объектісіне) бара отырып тексеру/профилактикалық бақылау тағайындау туралы акт_____

(№, күні)

Бақылау субъектісінің (объектісінің) атауы_____

_____

Бақылау субъектісінің (объектісінің) бизнес сәйкестендіру нөмірі, (жеке сәйкестендіру нөмірі) _____

_____

Орналасқан жерінің мекенжайы_____

№	Талаптардың тізбесі	Талап етіледі	Талап етілмейді	Талаптарға сәйкес келеді	Талаптарға сәйкес келмейді
1	2	3	4	5	6
1	Бас жоспарларға, құрылыс салу мен жоспарлау жобаларына және елді мекен аумақтарының жер-шаруашылық орналастыру жобаларына сәйкес жер учаскелерін және жер учаскелеріне жалдау құқығын беру немесе нысаналы мақсатын өзгерту				
2	Жер учаскесіне немесе жер учаскесін жалдау құқығына жер учаскелерін берудің аукциондық және конкурстық тәсілдері қолданылмайтын жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік меншікте тұрған және сауда-саттықта (конкурстарда, аукциондарда) жер пайдалануға берілмеген жер учаскелерін немесе жер учаскелерін жалдау құқығын беру				
3	Жеке және заңды тұлғалардың жер учаскесіне тиісті құқық беру туралы өтінішхаттарын (өтініштерін) қараудың белгіленген мерзімдерін сақтау (жерге орналастыру жобасын жасау, келісу, жергілікті жердегі жер учаскесінің шекарасын белгілеу мерзімдерін қоспағанда, екі ай)				
4	Жер комиссиясының оң қорытындысының және (немесе) бекітілген жерге орналастыру жобасының негізінде жер учаскелеріне құқық беру туралы шешім қабылдау				
5	Жер учаскелеріне құқық беруден бас тарту туралы шешім қабылдау мерзімін сақтау (7 жұмыс күні)				
6	Жер учаскелеріне құқық беру туралы шешім қабылдау мерзімін сақтау (тиісті уәкілетті орган бекіткен жерге орналастыру жобасы келіп түскен сәттен бастап жеті жұмыс күніне дейін)				
7	Жеке меншікте бола алатын жер учаскелеріне ғана жеке меншік құқығын беру туралы шешім қабылдау				
8	Ерекше жағдайларда ғана жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару туралы шешім қабылдау (Қазақстан Республикасы ратификацияланған халықаралық шарттардан туындайтын міндеттемелер; қорғаныс және ұлттық қауіпсіздік мұқтаждары, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, сауықтыру, рекреациялық және тарихи-мәдени мақсаттар үшін жер беру және арнайы экономикалық аймақтардың құрылуы мен олардың жұмыс істеуі; пайдалы қазбалар кен орындарының табылуы және оларды қазу; автомобиль және темір жолдардың құрылысы (реконструкциясы), әуежайлар, әуеайлақтар, аэронавигация объектілерінің және авиатехникалық орталықтардың, теміржол көлігі объектілерінің, көпірлердің, метрополитендердің, тоннельдердің, энергетика жүйелері мен электр тарату желілері, байланыс желілері объектілерінің, ғарыш қызметін қамтамасыз ететін объектілердің, магистральдық құбырлардың, инженерлік-коммуникациялық желілердің, стратегиялық объектілерге жататын мұнай өңдеу өндірісі объектілерінің, концессиялық жобаларды іске асыру, елді мекендердің ортақ пайдалануындағы объектілердің құрылысы (реконструкциясы); жеке ауладағы ауыл шаруашылығы жануарларын жаю үшін халықтың жайылымдық алқаптарға деген мұқтажын қанағаттандыру; елді мекендерді дамытудың және құрылыс салудың бас жоспарына немесе схемасына сәйкес жеке тұрғын үй салу үшін халықтың жер учаскелеріне деген қажеттілігін қамтамасыз ету; елді мекендердің бас жоспарларын осы бапта белгіленген ерекше жағдайлардың тізбесіне жатқызылатын объектілерді салу бөлігінде орындау, сондай-ақ, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарында көзделген объектілерді бюджет қаражаты есебінен салу)				
9	Жер учаскелерін нормадан артық көлемде жеке меншікке тегін беру туралы, сондай-ақ қайталап тегін беру туралы шешім қабылдау (ауылдық жерлерде (үй маңындағы және танаптық телімдерді қоса алғанда) 0,25 гектар суарылмайтын жерде және 0,15 гектар суармалы жерде жеке қосалқы шаруашылық жүргізу үшін; бағбандық, сондай-ақ саяжай құрылысы үшін - 0,12 гектар)				
10	Уақытша өтеусіз жер пайдалану құқығын аталған мақсаттарға сәйкес бес жылдан аспайтын мерзімге беру туралы шешім қабылдау (шалғайдағы мал шаруашылығы (маусымдық жайылымдар) үшін; халықтың мал жаюы мен шөп шабуы үшін; мемлекеттік жер пайдаланушыларға; бақша өсіру үшін; қызметтік жер үлесі түрінде; ортақ пайдаланылатын жолдардың, мемлекеттік меншіктегі және әлеуметтік-мәдени мақсаттағы объектілердің құрылысы кезеңіне, тозған және бүлінген жерлерді қалпына келтіру кезінде; мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартының, оның ішінде концессия шартының қолданылу мерзіміне; Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен ғимараттарды (үй-жайларды) және құрылысжайларды уақытша өтеусіз пайдалануға берген кезде; ғибадат құрылысжайларының объектілері үшін)				
11	Шетелдіктер және азаматтығы жоқ адамдар үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жеке меншік құқығын беру туралы шешім қабылдау				
12	Өз құзыреті шегінде жер учаскелеріне құқықтар беру туралы шешім қабылдау				
13	Жер учаскелеріне құқық беруден бас тарту туралы шешім қабылдаудың негіздемесі				
14	Жеке немесе мемлекеттік емес заңды тұлғаларға бұрын жер пайдалануға берілген жер учаскесін жеке меншікке беру мерзімін сақтау (он бес жұмыс күні)				
15	Жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгерту туралы өтінішті қарау мерзімін сақтау (бір ай)				
16	Жерге орналастыру жобасын қарау және бекіту мерзімдерін сақтау (жеті жұмыс күні)				
17	Тұрғын үй құрылысы үшін жер учаскелерінің арнайы жер қорының болуы туралы ақпарат беру				
18	Жер учаскесін немесе жер учаскесін жалдау құқығын сату жөніндегі сауда-саттықты (конкурстарды, аукциондарды) ұйымдастыру және өткізу қағидаларын сақтау: 1) жергілікті өкілді орган бекіткен тізбеге сәйкес нақты жер учаскелерін және жер учаскесін жалдау құқығын анықтау; 2) сауда-саттық (аукцион, конкурс) өткізу нысандарын, сондай-ақ аукциондық сату нысаны кезінде сауда-саттықты өткізу әдісін анықтау; 3) сауда-саттыққа шығарылатын жер учаскесінің және жер учаскесін жалдау құқығының бастапқы және ең төменгі бағасын, кепілдік жарналардың мөлшерін бекіту				
19	Ауыл шаруашылығы алқаптарын бір түрден екінші түрге ауыстыру				
20	Жер учаскесін алған адамдардың тізімі бар ақпаратты орналастыру мерзімдерін сақтау (кемінде тоқсанына бір рет)				
21	Сауда-саттықты (конкурстарды, аукциондарды) өткізу мерзімдерін сақтау (жер учаскесіне құқық беруден бас тарту туралы шешім қабылданған күннен бастап күнтізбелік тоқсан күннен кешіктірмей)				
22	Егер өтініш беруші жер учаскесін мәжбүрлеп алып қойғандардың тізілімінде тұрса немесе өтініш беруші жер учаскесіне құқық беру туралы не оны беруден бас тарту туралы шешім қабылдау үшін қажетті құжаттар топтамасын толық ұсынбаса жер учаскесінің тұрған жері бойынша уәкілетті органдардың өтініш берушіге өтінішті қараудан жазбаша бас тарту жөнінде беретін жауабының мерзімін сақтауы (өтініш келіп түскен сәттен бастап екі жұмыс күні)				
23	Аумақты аймақтарға бөлуге сәйкес сұратылып отырған жер учаскесін мәлімделген нысаналы мақсаты бойынша пайдалану мүмкіндігі туралы ұсыныстар дайындау мерзімін сақтау (өтініш келіп түскен сәттен бастап он жұмыс күні)				
24	Уәкілетті органның аумақты аймақтарға бөлуге сәйкес сұратылған жер учаскесін мәлімделген нысаналы мақсаты бойынша пайдалану немесе жер учаскесін алдын ала таңдап алуды (объект құрылысы үшін жер учаскесі сұратылған кезде) ұсыну мүмкіндігі туралы ұсыныстарды комиссияға тапсырған сәттен бастап комиссия қорытындысын беру мерзімін сақтау (бес жұмыс күні)				
25	Өтініш берушінің жерге орналастыру жобасын дайындауы үшін комиссияның оң қорытындысының бір данасын оған беру мерзімін сақтау (бес жұмыс күні)				
26	Жергілікті атқарушы органның сәулет және қала құрылысы саласындағы функцияларды жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшесінің жер учаскесін таңдау актісін оның ахуалдық схемасымен қоса дайындау және оны бір мезгілде барлық мүдделі мемлекеттік органдарға, тиісті қызметтерге және мемлекеттік жер кадастрын жүргізетін мамандандырылған мемлекеттік кәсіпорынға мемлекеттік ақпараттық жүйелер арқылы не келісу органдарында осы жүйелер болмағанда қағаз жеткізгіштерде жіберу мерзімін сақтауы (жеті жұмыс күні)				
27	Келісу органдарының мәлімделген нысаналы мақсаты бойынша жер учаскесін беру мүмкіндігі туралы тиісті қорытындыны ұсыну мерзімін сақтау (он екі жұмыс күні)				
28	Жергілікті атқарушы органның сәулет және қала құрылысы саласындағы функцияларды жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшесінің қорытындысымен ресімделген жер учаскесіне құқық беруден бас тарту мерзімін сақтау (үш жұмыс күні)				
29	Жергілікті атқарушы органның сәулет және қала құрылысы саласындағы функцияларды жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшесінің оң қорытындылар мен инженерлік желілерге қосылуға қойылатын техникалық талаптар келіп түскеннен кейін жер учаскесін түпкілікті таңдау актісін дайындау және жіберу мерзімдерін сақтауы (бес жұмыс күні)				
30	Уақытша жер пайдалану шартын дайындау үшін уәкілетті органға шешімнің көшірмесін, жер-кадастрлық жоспарды және инженерлік желілер мен құрылыстарға қосылуға қойылатын техникалық талаптарды жолдау мерзімін сақтау (бір жұмыс күні)				
31	Жер учаскесін таңдау және жер учаскесін таңдау туралы актіні кейіннен қарау және қорытынды дайындау үшін комиссияға жібере отырып, жер учаскесін таңдау туралы актінің ресімдеу мерзімдерін сақтау (он жұмыс күні)				
32	Жер учаскесіне құқық беру не беруден бас тарту туралы шешімнің көшірмесін өтініш берушіге табыстау мерзімін сақтау (шешім қабылданған сәттен бастап бес жұмыс күні)				
33	Сатып алу-сату немесе уақытша өтеулі (өтеусіз) жер пайдалану шартын жасасу мерзімдерін сақтау (он жұмыс күні)				

Лауазымды адам (дар):_____ _____

лауазымы) (қолы)

_____

(аты, әкесінің аты (бар болса),тегі)

Бақылау субъектісі _____ _____

(лауазымы) (қолы)

_____

(аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 11 желтоқсандағы № 502 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2018 жылғы 11 желтоқсандағы № 101 бірлескен бұйрығына 6-қосымша

Жер құқығы қатынастары субъектілері жерлерінің пайдаланылуы мен қорғалуы үшін тексеру парағы

Тексеруді тағайындаған мемлекеттік орган:_____

_____

Бақылау субъектісіне (объектісіне) бара отырып тексеру/профилактикалық бақылау тағайындау туралы акт_____

(№, күні)

Бақылау субъектісінің (объектісінің) атауы_____

_____

Бақылау субъектісінің (объектісінің) бизнес сәйкестендіру нөмірі, (жеке сәйкестендіру нөмірі) _____

_____

Орналасқан жерінің мекенжайы_____

№	Талаптардың тізбесі	Талап етіледі	Талап етілмейді	Талаптарға сәйкес келеді	Талаптарға сәйкес келмейді
1	2	3	4	5	6
1.	Жер учаскесінің нақты шекараларының белгіленуі және жерге құқық белгілейтін немесе сәйкестендіру құжаттарының болуы				
2.	Жерді нысаналы мақсатына сәйкес пайдалану				
3.	Уақытша пайдаланудағы мемлекеттік жерлерді уақтылы қайтару және одан әрі пайдалануға жарамды күйге келтіру бойынша міндеттерді орындау				
4.	Жерді қорғау жөніндегі іс-шараларды жүргізу: 1) жерді құнарсыздануын және шөлейттенуін, су және жел эрозиясынан, селден, су басудан, батпақтанудан, қайталап сортаңданудан, құрғап кетуден, тапталудан, өндіріс пен тұтыну қалдықтарымен, химиялық, биологиялық, радиоактивті және басқа да зиянды заттармен ластанудан, басқа да бүліну процестерінен қорғау; 2) ауыл шаруашылығы жерлерін карантиндік зиянкестер мен өсімдік ауруларын жұқтырудан, арамшөп, бұта мен шілік басып кетуден, жердің жай-күйі нашарлауының өзге де түрлерінен қорғау; 3) бүлінген жерді рекультивациялау, оның құнарлылығын және жердің басқа да пайдалы қасиеттерін қалпына келтіру мен оны шаруашылық айналымға уақтылы тарту; 4) жердің бүлінуімен байланысты жұмыстар жүргізілген кезде топырақтың құнарлы қабатын сыдырып алу, сақтау және пайдалану				
5.	Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді ұтымды пайдалану бойынша іс-шараларды жүргізу: 1) жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылардың топырақтың құнарлылығын қалпына келтіру және сақтау жөніндегі ұйымдастыру-шаруашылық, агротехникалық, гидротехникалық және эрозияға қарсы іс-шаралар кешенін уақтылы және дұрыс жүргізу; 2) жерді жақсарту жөніндегі, топырақ эрозиясын, тұздануды, батпақтануды, су басуды, шөлейттенуді, құрғақтануды, тығыздалуды, қоқыстануды, ластануды және жердің тозуын туғызатын басқа да процестерді болғызбау және олардың салдарын жою жөнінде іс-шараларды уақтылы және сапалы орындау; 3) жерді пайдалану мен қорғау жөніндегі жерге орналастыру жобаларын орындау; 4) ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушінің тиісті дақыл бойынша орташа аудандық көрсеткіштен сексен бес пайыздан астам ауыл шаруашылығы дақылдары түсімділігі деңгейін үш жыл қатарынан алуы; 5) бекітілген жайылымның жалпы алаңы жүктемесінің шекті рұқсат етілетін нормасын сақтау				
6.	Жер учаскелері шекараларының межелік белгілерін сақтау				

Лауазымды адам (дар):_____ _____

лауазымы) (қолы)

_____

(аты, әкесінің аты (бар болса),тегі)

Бақылау субъектісі _____ _____

(лауазымы) (қолы)

_____

(аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 11 желтоқсандағы №502 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2018 жылғы 11 желтоқсандағы № 101 бірлескен бұйрығына 7-қосымша

Геодезиялық және картографиялық қызмет субъектілерінің қызметі үшін геодезия және картография саласындағы тексеру парағы

Тексеруді тағайындаған мемлекеттік орган:_____

_____

Бақылау субъектісіне (объектісіне) бара отырып тексеру/профилактикалық бақылау тағайындау туралы акт_____

(№, күні)

Бақылау субъектісінің (объектісінің) атауы_____

_____

Бақылау субъектісінің (объектісінің) бизнес сәйкестендіру нөмірі, (жеке сәйкестендіру нөмірі) _____

_____

Орналасқан жерінің мекенжайы_____

№	Талаптардың тізбесі	Талап етіледі	Талап етілмейді	Талапқа сәйкес келеді	Талапқа сәйкес келмейді
1	2	3	4	5	6
1.	Геодезия және картография саласындағы геодезиялық және (немесе) картографиялық жұмыстарды жүргізудің басталуы туралы хабарламаның болуы				
2.	Геодезиялық және (немесе) картографиялық жұмыстарды орындауға мүмкіндік беретін меншікті немесе жалға алынған тексерілген аспаптар, жабдықтар және құрал-саймандар жиынтығының не болмаса зауыттық нөмірлерін көрсете отырып салыстырып тексерілген аспаптар, жабдықтар, құрал-саймандар жиынтығы бар ұйыммен жасалған қызмет көрсетуге арналған шарттың болуы				
3.	Штатта геодезия және (немесе) картография саласында жоғары немесе орта білімнен кейінгі білімі бар маманның болуы				
4.	Аэротүсірілім жұмыстары орындалған жағдайда, оларға рұқсаттың болуы				
5.	Геодезиялық пункттерді бұзуға немесе қайта салуға (орнын ауыстыруға) арналған рұқсаттың болуы				

Лауазымды адам (дар):_____ _____

лауазымы) (қолы)

_____

(аты, әкесінің аты (бар болса),тегі)

Бақылау субъектісі _____ _____

(лауазымы) (қолы)

_____

(аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

*Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 11 желтоқсандағы № 502 және Қазақстан Республикасы Ұлттық эк

(Соңы. Басы 19-21-беттерде)

№	Талаптардың тізбесі	Талап етіледі	Талап етілмейді	Талапқа сәйкес келеді	Талапқа сәйкес келмейді
1	2	3	4	5	6
1	Жер учаскесінің кадастрлық ісін қалыптастыру				
2	Жерді экономикалық бағалауды және оған мониторинг жүргізуді, топырақтық, геоботаникалық, агрохимиялық зерттеп-қарауларды және топырақты бонитирлеуді жүргізуді қамтитын жерлердің сапасын есепке алу				
3	Мемлекеттік тіркеу мақсаттары үшін жердің көлемін, жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушыларды, сондай-ақ жер құқығы қатынастарының басқа да субъектілерін есепке алу				
4	Жер учаскелері мен олардың субъектілері туралы деректер банкін, сондай-ақ қағаз жеткізгіштегі және электрондық түрдегі басқа да жер-кадастрлық ақпаратты жинақтау, өңдеу және жүргізу				
5	Мемлекеттік жер кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесін жүргізу				
6	Жер-кадастрлық, оның ішінде цифрлық карталарды дайындау және жүргізу				
7	Жер-кадастрлық кітапты және жердің бірыңғай мемлекеттік тізілімін жүргізу				
8	Жер учаскелерінің кадастрлық (бағалау) құнын анықтауды қамтитын жердің бағалауы; елді мекендерде жер учаскелері үшін төлемақының базалық мөлшерлемелеріне түзету коэффициенттерін белгілей отырып, олардағы бағалау аймақтары шекараларының схемаларын жасау; жер учаскелері үшін төлемақының базалық мөлшерлемелерін есептеу; ауыл шаруашылығын жүргізуге байланысты емес мақсаттар үшін ауыл шаруашылығы алқаптарын алып қою кезіндегі ауыл шаруашылығы өндірісіндегі ысырапты анықтау				
9	Жер учаскесіне сәйкестендіру құжаттарын дайындау және беру				
	Жер учаскесіне жер-кадастрлық жоспарды дайындау				
10	Жер учаскелерінің паспорттарын дайындау				
11	Жер учаскелеріне кадастрлық нөмірлер беру				
12	Мемлекеттік жер кадастрының анық мәліметтерін беру				
13	Жер кадастры мәліметтерін беру мерзімін сақтау (үш жұмыс күні)				
14	Жердің мониторингін жүргізу				
15	Жер учаскесінің кадастрлық ісін қалыптастыру				

Лауазымды адам (дар):_____ _____
лауазымы) (қолы)

_____
(аты, әкесінің аты (бар болса),тегі)

Бақылау субъектісі _____ _____
(лауазымы) (қолы)

_____
(аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

Бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 21 желтоқсанда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №18000 болып енгізілді.

БІРЛЕСКЕН БҰЙРЫҚ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МИНИСТРЛІГІ

2018 жылғы 13 желтоқсан №508 Астана қаласы

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКА МИНИСТРЛІГІ

2018 жылғы 13 желтоқсан №102 Астана қаласы

«Ветеринария саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және тексеру парақтарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 25 желтоқсандағы № 7-1/1130 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 802 бірлескен бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

БҰЙЫРАМЫЗ:

1. «Ветеринария саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және тексеру парақтарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 25 желтоқсандағы № 7-1/1130 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2016 жылғы 28 желтоқсандағы № 802 бірлескен бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12636 болып тіркелген, 2016 жылғы 11 наурызда «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Мыналар:

1) осы бірлескен бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес ветеринария саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

2) ветеринария саласындағы:

осы бірлескен бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес ірі қара малдарды (1000 шартты бастан бастап және одан жоғары) өсіру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын субъектілерге;

осы бірлескен бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес ұсақ малдарды (1000 шартты бастан бастап және одан жоғары) өсіру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын субъектілерге;

осы бірлескен бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес құстарды (1000 шартты бастан бастап және одан жоғары) өсіру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын субъектілерге;

осы бірлескен бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес шошқаларды (1000 шартты бастан бастап және одан жоғары) өсіру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын субъектілерге;

осы бірлескен бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес ауыл шаруашылығы жануарларын (1000 шартты бастан аз) өсіру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын субъектілерге;

осы бірлескен бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес балық және балық өнімдерін дайындауды және қайта өңдеуді жүзеге асыратын субъектілерге;

осы бірлескен бұйрыққа 8-қосымшаға сәйкес ветеринариялық-санитариялық сараптама зертханаларына;

осы бірлескен бұйрыққа 9-қосымшаға сәйкес етті және жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты өңдеуді жүзеге асыратын субъектілерге;

осы бірлескен бұйрыққа 10-қосымшаға сәйкес жануарларды союды жүзеге асыратын субъектілерге;

осы бірлескен бұйрыққа 11-қосымшаға сәйкес жемшөп және жемшөп қоспаларын өндіру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын субъектілерге;

осы бірлескен бұйрыққа 12-қосымшаға сәйкес жергілікті атқарушы органдар құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымдарға;

осы бірлескен бұйрыққа 13-қосымшаға сәйкес облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарының ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын бөлімшелеріне;

осы бірлескен бұйрыққа 14-қосымшаға сәйкес сүтті өңдеуді жүзеге асыратын субъектілерге;

осы бірлескен бұйрыққа 15-қосымшаға сәйкес ветеринариялық мақсаттағы препараттарды өндіру және сату жөніндегі қызметті жүзеге асыратын субъектілерге;

осы бірлескен бұйрыққа 16-қосымшаға сәйкес бал және балара шаруашылығы өнімдерін өндіру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын субъектілерге;

осы бірлескен бұйрыққа 17-қосымшаға сәйкес ветеринариялық емдеу-профилактикалық қызметті жүзеге асыратын субъектілерге;

осы бірлескен бұйрыққа 18-қосымшаға сәйкес жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты сақтауды жүзеге асыратын субъектілерге;

осы бірлескен бұйрыққа 19-қосымшаға сәйкес жануарларды ғылыми мақсаттарда күтіп-бағу мен өсіру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын субъектілерге;

осы бірлескен бұйрыққа 20-қосымшаға сәйкес жемшөп және жемшөп қоспаларын сақтау мен өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын субъектілерге;

осы бірлескен бұйрыққа 21-қосымшаға сәйкес зообақтарға, зоодүкендерге және цирктерге;

осы бірлескен бұйрыққа 22-қосымшаға сәйкес дезинфекция, дезинсекция, дератизация, дегельминтизация жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын субъектілерге қатысы тексеру парақтары бекітілсін.»;

1 және 2-қосымшалар осы бірлескен бұйрыққа 1 және 2-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

осы бірлескен бұйрыққа 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21 және 22-қосымшаларға сәйкес 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21 және 22-қосымшалармен толықтырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринариялық, фитосанитариялық және тамақ қауіпсіздігі департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бірлескен бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бірлескен бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдерінде ресми жариялау және Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы бірлескен бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберілуін;

4) осы бірлескен бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

5) осы бірлескен бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтердің ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бірлескен бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрі
_____ Ө.ШӨКЕЕВ

Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі_____ Т.СҮЛЕЙМЕНОВ

КЕЛІСІЛДІ
Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 13 желтоқсандағы № 508 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2018 жылғы 13 желтоқсандағы № 102 бірлескен бұйрығына 1-қосымша

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 25 желтоқсандағы № 7-1/1130 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 802 бірлескен бұйрығына 1-қосымша

Ветеринария саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы ветеринария саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары (бұдан әрі – Өлшемшарттар) 2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 141-бабының 3-тармағына және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының «Мемлекеттік органдардың тәуекелдерді бағалау жүйесін қалыптастыру қағидаларын және тексеру парақтарының нысанын бекіту туралы» 2018 жылғы 31 шілдедегі № 3 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17371 болып тіркелген) Мемлекеттік органдардың тәуекелдерді бағалау жүйесін қалыптастыру қағидалары және тексеру парақтарына сәйкес бақылау және қадағалау субъектілерін (объектілерін) тәуекел дәрежелеріне жатқызу және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізу кезінде бақылау және қадағалау субъектілерін (объектілерін) іріктеу үшін әзірленді.

2. Өлшемшарттар объективті және субъективті өлшемшарттар арқылы қалыптастырылады.

3. Осы Өлшемшарттарда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) бақылау және қадағалау субъектілері (объектілері) – мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауға және қадағалауға жататын объектілерді пайдаланатын, оның ішінде жануарларды, жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты, ветеринариялық препараттарды, жемшөп және жемшөп қоспаларын өндірумен, дайындаумен (союмен), сақтаумен, пайдаланумен, өңдеумен және өткізумен байланысты қызметті жүзеге асыратын әкімшілік-аумақтық мемлекеттік ветеринариялық ұйымдар, жеке және заңды тұлғалар;

2) болмашы бұзушылық – Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасында белгіленген, жануарларды өсіруді, жануарларды, жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты дайындауды (союды), сақтауды, өңдеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілерінде жануарларды, жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты орналастыруға, орнын ауыстыруға, жасақтауға қойылатын талаптарды бұзу, сондай-ақ өрескел және елеулі бұзушылықтарға жатқызылмаған бұзушылықтар;

3) ветеринариялық-санитариялық бақылауға және қадағалауға жататын өнім – тағамға тиісті өңдеусіз пайдаланылмайтын жануарлардан алынатын өнім мен шикізат, сондай-ақ жемшөп және жемшөп қоспалары;

4) елеулі бұзушылық – Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасында белгіленген, жануарларды өсіруді, жануарларды, жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты дайындауды (союды), сақтауды, өңдеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілерінде, сондай-ақ ветеринариялық препараттарды, жемшөп және жемшөп қоспаларын сақтау және өткізу жөніндегі ұйымдарда үй-жайлардың болуына; мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау объектілерін түсіруге (қабылдауға), өндіруге (дайындауға), сақтауға, өткізуге, көдеге жаратуға, жоюға; ветеринариялық іс-шараларды жүргізуге; ветеринария саласындағы функцияның орындалуына; ветеринариялық есепке алу мен есептіліктің, ветеринариялық құжаттары есепке алудың мерзімдерін бұзуға және берудің толықтығына қойылатын талаптардың бұзылуы;

5) тәуекел – жануарлардың және адамдардың денсаулығына зиян келтіруге қабілетті және биологиялық және экономикалық тұрғыдан ауқымды зардаптарға әкеліп соқтыратын жануарлардың аса қауіпті инфекциялық немесе инвазиялық ауруларының, сондай-ақ жануарларды қанағаттандырарлықсыз жағдайда күтіп-бағумен және азықтандырумен байланысты аурулардың пайда болу ықтималдығы;

6) тәуекел дәрежесін бағалаудың объективті өлшемшарттары (бұдан әрі – объективті өлшемшарттар) – белгілі бір қызмет саласындағы тәуекел дәрежесіне байланысты және жеке бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) тікелей байланысты емес бақылау және қадағалау субъектілерін (объектілерін) іріктеу үшін пайдаланылатын тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

7) тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті өлшемшарттары (бұдан әрі – субъективті өлшемшарттар) – нақты бақылау және қадағалау субъектінің (объектінің) қызмет нәтижелеріне байланысты бақылау және қадағалау субъектілерін (объектілерін) іріктеу үшін пайдаланылатын тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

8) тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары – бақылау және қадағалау субъектінің (объектінің) тікелей қызметімен, салалық даму ерекшеліктерімен және осы дамуға әсер ететін факторлармен байланысты, бақылау және қадағалау субъектілерін әртүрлі тәуекел дәрежелеріне жатқызуға мүмкіндік беретін сандық және сапалық көрсеткіштер жиынтығы;

9) өрескел бұзушылық – 2014 жылғы 5 шілдедегі «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының Кодексінде көзделген әкімшілік жауапкершілікке алып келетін Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасында белгіленген талаптарды бұзу, жануарлар мен адамдардың улануына алып келетін ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі талаптарды сақтамау, сондай-ақ материалдық-техникалық жарақтандыруға, сынамаларды іріктеуге қойылатын талаптарды сақтамау, ветеринариялық есепке алуды және есептілікті жүргізбеу, ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізбеу, шағымдар мен арыздардың болуы, сондай-ақ Еуразиялық экономикалық одақтың ветеринария саласындағы талаптарын бұзу.

2-тарау. Объективті өлшемшарттар

4. Объективті өлшемшарттар бақылау және қадағалау субъектілерін (объектілерін) тәуекел дәрежелері (жоғары және жоғарыға жатқызылмаған) бойынша бөлу мақсатында әзірленді.

5. Тәуекелдің жоғары дәрежесіне мынадай:

1) ірі қара малдарды өсіру (1000 шартты бастан бастап және одан жоғары) жөніндегі қызметті жүзеге асыратын;

2) ұсақ малдарды өсіру (1000 шартты бастан бастап және одан жоғары) жөніндегі қызметті жүзеге асыратын;

3) құстарды өсіру (1000 шартты бастан бастап және одан жоғары) жөніндегі қызметті жүзеге асыратын;

4) шошқаларды өсіру (1000 шартты бастан бастап және одан жоғары) жөніндегі қызметті жүзеге асыратын;

5) ауыл шаруашылығы жануарларын (1000 шартты бастан аз) өсіру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын;

6) балық және балық өнімдерін дайындау мен өңдеуді жүзеге асыратын;

7) ветеринариялық-санитариялық сараптама зертханалар;

8) етті, жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты өңдеуді жүзеге асыратын;

9) жануарларды союды жүзеге асыратын;

10) жемшөп және жемшөп қоспаларын өндіру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын;

11) жергілікті атқарушы органдар құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымдар;

12) облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарының ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын бөлімшелері;

13) сүтті өңдеуді жүзеге асыратын;

14) ветеринариялық мақсаттағы препараттарды өндіру және өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын;

15) бал және балара шаруашылығы өнімдерін өндіру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын субъектілер жатады.

6. Жоғары тәуекел дәрежесіне жатқызылмағандарға мынадай:

1) жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты сақтауды жүзеге асыратын;

2) жемшөп және жемшөп қоспаларын сақтау мен өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын;

3) ветеринариялық емдеу-профилактикалық қызметті жүзеге асыратын;

4) жануарларды ғылыми мақсаттарда күтіп-бағу мен өсіру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын;

5) зообақтар, цирктер, зоодүкендер;

6) дезинфекция, дезинсекция, дератизация және дегельминтизация жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын субъектілер жатады.

7. Жоғары тәуекел дәрежесіне жататын бақылау және қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) қатысты бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және қадағалау, сондай-ақ жоспардан тыс тексерулер және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау және қадағалау жүргізіледі.

Жоғары тәуекел дәрежесіне жатпайтын бақылау және қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) қатысты бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау және қадағалау және жоспардан тыс тексерулер жүргізіледі.

3-тарау. Субъективті өлшемшарттар

8. Объективті өлшемшарттар бойынша жоғарғы тәуекел дәрежесіне жатқызылған бақылау және қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) қатысты субъективті өлшемшарттар қолданылады.

Субъективті өлшемшарттарды айқындау мынадай кезеңдерді қолдана отырып жүзеге асырылады:

1) дерекқорлар қалыптастыру және ақпарат жинау;

2) ақпаратты талдау және тәуекелдерді бағалау.

9. Субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесін бағалау үшін мынадай ақпарат көздері пайдаланылады:

1) бақылау және қадағалау субъектісі, оның ішінде ветеринария саласындағы уәкілетті орган ведомоствосының аумақтық бөлімшелері, сондай-ақ облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органының ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын бөлімшелері жүргізетін автоматтандырылған ақпараттық жүйе арқылы ұсынылатын есептілік пен мәліметтер мониторингісінің нәтижелері;

2) бақылау және қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) бару арқылы алдыңғы тексерулердің және профилактикалық бақылаудың нәтижелері. Бұл ретте бұзушылықтардың ауырлық дәрежесі (өрескел, елеулі, болмышы) тексеру парақтарында көрсетілген Қазақстан Республикасының заңнама талаптарын сақтамаған жағдайда белгіленеді;

3) бақылау және қадағалау субъектінің кінәсынан туындаған қолайсыз оқиғалардың болуы (жануарлардың инфекциялық, паразиттік аурулары жағдайларының туындауы, жануарлардың кенеттен және жаппай қырылуы);

4) жеке және (немесе) заңды тұлғалардың расталған шағымдар мен арыздардың болуы;

5) бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау мен қадағалау нәтижелері;

6) бұқаралық ақпарат құралдарының мәліметтерін талдау;

7) мемлекеттік органдар, мемлекеттік мекемелер мен ұйымдар ұсынатын мәліметтерді талдау нәтижелері.

10. Осы Өлшемшарттардың 9-тармағында көрсетілген ақпарат көздері негізінде:

осы Өлшемшарттарға 1-қосымшағы сәйкес ірі қара малдарды өсіру (1000 шартты бастан бастап және одан жоғары) жөніндегі қызметті жүзеге асыратын субъектілерге;

осы Өлшемшарттарға 2-қосымшағы сәйкес ұсақ малдарды өсіру (1000 шартты бастан бастап және одан жоғары) жөніндегі қызметті жүзеге асыратын субъектілерге;

осы Өлшемшарттарға 3-қосымшағы сәйкес құстарды өсіру (1000 шартты бастан бастап және одан жоғары) жөніндегі қызметті жүзеге асыратын субъектілерге;

осы Өлшемшарттарға 4-қосымшағы сәйкес шошқаларды өсіру (1000 шартты бастан бастап және одан жоғары) жөніндегі қызметті жүзеге асыратын субъектілерге;

осы Өлшемшарттарға 5-қосымшағы сәйкес ауыл шаруашылығы жануарларын (1000 шартты бастан аз) өсіру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын субъектілерге;

осы Өлшемшарттарға 6-қосымшағы сәйкес балық және балық өнімдерін дайындау мен өңдеуді жүзеге асыратын субъектілерге;

осы Өлшемшарттарға 7-қосымшағы сәйкес ветеринариялық-санитариялық сараптама зертханаларға;

осы Өлшемшарттарға 8-қосымшағы сәйкес етті, жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты өңдеуді жүзеге асыратын субъектілерге;

осы Өлшемшарттарға 9-қосымшағы сәйкес жануарларды союды жүзеге асыратын субъектілерге;

осы Өлшемшарттарға 10-қосымшағы сәйкес жемшөп және жемшөп қоспаларын өндіру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын субъектілерге;

осы Өлшемшарттарға 11-қосымшағы сәйкес жергілікті атқарушы органдар құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымдарға;

осы Өлшемшарттарға 12-қосымшағы сәйкес облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарының ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын бөлімшелерге;

осы Өлшемшарттарға 13-қосымшағы сәйкес сүтті өңдеуді жүзеге асыратын субъектілерге;

осы Өлшемшарттарға 14-қосымшағы сәйкес ветеринариялық мақсаттағы препараттарды өндіру және өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын субъектілерге;

осы Өлшемшарттарға 15-қосымшағы сәйкес бал және балара шаруашылығы өнімдерін өндіру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын субъектілерге қатысты ветеринария саласындағы субъективті өлшемшарттары айқындалады, солар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіштері беріледі.

11. Бақылау және қадағалау субъектісін тәуекел дәрежесіне жатқызу үшін тәуекел дәрежесінің көрсеткішін есептеудің мынадай тәртібі қолданылады.

Бір өрескел бұзушылық анықталған кезде, бақылау субъектісіне 100 тәуекел дәрежесінің көрсеткіші беріледі және оған қатысты бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және қадағалау жүргізіледі.

Өрескел бұзушылықтар анықталмаған жағдайда, тәуекел дәрежесінің көрсеткішін айқындау үшін елеулі және болмашы дәрежедегі бұзушылықтар бойынша жиынтық көрсеткіш есептеледі.

Елеулі дәрежелі бұзушылықтар көрсеткішін анықтау кезінде 0,7 коэффициенті қолданылады және аталған көрсеткіш мынадай формула бойынша есептеледі:

$\Sigma P_3 = (\Sigma P_2 \times 100/\Sigma P_1) \times 0,7$

мұнда:

ΣP_3 – елеулі бұзушылықтар көрсеткіші;

ΣP_1 – елеулі бұзушылықтардың жалпы саны;

ΣP_2 – анықталған елеулі бұзушылықтардың саны.

Болмашы дәрежелі бұзушылықтар көрсеткішін анықтау кезінде 0,3 коэффициенті қолданылады және аталған көрсеткіш мынадай формула бойынша есептеледі:

$\Sigma P_н = (\Sigma P_2 \times 100/\Sigma P_1) \times 0,3$

мұнда:

$\Sigma P_н$ – болмашы бұзушылықтар көрсеткіші;

ΣP_1 – болмашы талаптардың жалпы саны;

ΣP_2 – анықталған болмашы бұзушылықтардың саны.

Тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші (ΣР) 0-ден 100-ге дейінгі шәкіл бойынша есептеледі және қосу жолымен мынадай формула бойынша елеулі және болмашы бұзушылықтарды көрсеткіштерін қосу арқылы анықталады:

$\Sigma P = \Sigma P_3 + \Sigma P_н$

мұнда:

ΣР – тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші;

ΣP_3 – елеулі бұзушылықтар көрсеткіші;

$\Sigma P_н$ – болмашы бұзушылықтар көрсеткіші.

12. Тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіштері бойынша бақылау және қадағалау субъектісі:

1) 61-ден 100-ге дейінгі тәуекел дәрежесінің көрсеткіші кезінде тәуекелдің жоғарғы дәрежесіне және оған қатысты бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізіледі;

2) 0-ден 60-қа дейінгі тәуекел дәрежесінің көрсеткіші кезінде тәуекелдің жоғарғы дәрежесіне жатқызылмағанға жатады және оған қатысты бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізілмейді;

13. Тәуекел дәрежесін талдау және бағалау кезінде нақты бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) қатысты бұрын ескерілген және пайдаланылған субъективті өлшемшарттардың деректері не Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап қою мерзімі өтіп кеткен деректер қолданылмайды.

14. Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және қадағалау жүргізудің жиілігі субъективті өлшемшарттар бойынша алынатын мәліметтерге жүргізілетін талдау және бағалау нәтижелері бойынша анықталады.

15. Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және қадағалау Кодекстің 141-бабының 3-тармағына сәйкес реттеуші мемлекеттік органның бірінші басшысы бекіткен, тәуекел дәрежесіне жүргізілетін талдау және бағалау нәтижелері бойынша жарты жылға қалыптастырылатын, бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізудің жарты жылдық тізімінің негізінде жүргізіледі.

16. Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және қадағалау жүргізудің тізімдері субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің жоғары көрсеткішімен бақылау және қадағалау субъектісінің басымдылығын ескере отырып, жасалады.

Ветеринария саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарына 1-қосымша

Ірі қара малдарын өсіру (1000 шартты бастан бастап және одан жоғары) жөніндегі қызметті жүзеге асыратын субъектілерге қатысты ветеринария саласындағы субъективті өлшемшарттар

№	Бұзу өлшемшарттары	Бұзу дәрежесі
1	2	3
Бақылау және қадағалау субъектісі (объектісі), оның ішінде ветеринария саласындағы уәкілетті орган ведомоствосының аумақтық бөлімшелері, сондай-ақ облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органның ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын бөлімшелері жүргізетін автоматтандырылған ақпараттық жүйе арқылы ұсынылатын мәліметтер мониторингісінің нәтижелері		
1.	Ауыл шаруашылығы құрылымдарының, фермерлік, шаруа қожалықтарының ветеринариялық дәрігерлерінің ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізу туралы ведомосты күнтізбелік он күн ішінде ветеринариялық ұйымға ұсынбауы (ветеринариялық дәрігердің бар болуы ескеріледі)	Өрескел
2.	Ауыл шаруашылығы құрылымдарының, фермерлік, шаруа қожалықтарының ветеринариялық дәрігерлері ұсынған ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізу туралы ведомосында сәйкес емес ақпараттың болуы	Елеулі
3.	Ветеринарлық ілеспе құжаттардың (ветеринариялық сертификат, ветеринариялық анықтама) болмауы туралы мәліметтердің болуы	Өрескел
Бақылау және қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) бару арқылы алдыңғы тексерулердің және профилактикалық бақылау және қадағалаудың нәтижелері (ауырлық дәрежесі төменде көрсетілген талаптар сақталмаған кезде белгіленеді)		
4.	Өндіріс объектісі аумағына бөгде адамдар мен жануарлардың кіруін болдырмайтын қоршаудың болуы	Өрескел
5.	Өндіріс объектісінің аумағына (аумағынан) барлық кіреберістерде (шығаберістерде) автокөліктің жүріс бөлігін залалсыздандыруға арналған бүйір жақтары қабырғалармен жабылған қалқамен жабдықталған дезинфекциялық тосқауылдардың (бұдан әрі – дезинфекциялық тосқауыл) болуы. Дезинфекциялық тосқауыл жыл бойы жұмыстық жай-күйде ұсталады	Өрескел
6.	Ересек жануарларға арналған шетен қораға жануарларға сұрыптама жүргізілгеннен кейін және жаңа жануарларды қояр алдында әр жолы дезинфекция жүргізгендігі жөніндегі актілердің болуы	Өрескел
7.	Ветеринариялық профилактикалық іс-шараларды жазуға арналған журналдардың болуы	Елеулі
8.	Өндіріс объектісінің аумағы мынадай аймақтарға бөлінеді: 1) (А аймағы) - негізгі табынды ұстауға және өнім өндіруге арналған қора-жай, мал туғызатын бөлім, жаңа туылған төлдерге арналған профилакторий, төлдерді, мал басын толықтыратын табынды ұстауға арналған қора-жай, жануарларды қолдан ұрықтандыратын пункт (құс фабрикаларын қоспағанда), оқшаулағыш және карантиндік бөлім (басқышы бар қаша, жануарларды ветеринариялық өндеуге арналған өткелек), жемшөп қоспаларын дайындау жөніндегі жемшөп цехы; 2) (Б аймағы) - қызмет көрсетуші персоналға арналған санитариялық өткізу орны бар ветеринариялық-санитариялық блок; 3) (В аймағы) - әкімшілік-шаруашылық; 4) (Г аймағы) - жемшөп сақтау; 5) (Д аймағы) - көңді сақтауға арналған оқшауланған орын	Елеулі
9.	Жануарларды күтіп-бағуға арналған мал шаруашылығы қора-жайларының құрамында мынадай объектілердің болуы: 1) жануарларды (төлді және ересек мал басын) күтіп-бағуға арналған ғимараттар; 2) қалқалары, оттықтары, суаратын астаулары, өткелектері, басқыштары мен таразысы бар, жануарларды серуендетуді ұйымдастыруға арналған қашалар; 3) бір кіреберісі және шығаберісі бар, периметр бойынша қоршалған және арық салынған көңді және сұйық көңді сақтауға арналған алаң	Елеулі
10.	Карантиндік бөлімше және оқшаулағыш бірыңғай блокта орналасқанда, олардың арасында жұмысшылардың арнайы киіміне арналған шкафтар, қолжуғыш, дезинфекциялық ерітінділері бар сыйымдылықтар, аяққиімді дезинфекциялауға арналған дезинфекциялық төсеніш орналасқан тамбурдың болуы	Елеулі
11.	Жануарларды күтіп-бағуға арналған қора-жайлар мен қоршалған ашық қашалар көңнен тазартылуы тиіс	Елеулі
12.	Төлдерді бір кезеңде өсіретін қора-жайлармен біріктірілген карантиндік ғимараттың болуы	Елеулі
13.	Дератизация жүргізгендігі туралы актілердің болуы	Елеулі
14.	Иттерді құтыруға қарсы уақтылы вакциналау және оларға диагностика жүргізу, сондай-ақ жылына кемінде 4 рет дегельминтизация жүргізу жөніндегі талаптың сақталуы	Елеулі
15.	Көң сақтайтын орынды өндірістік ғимараттардың кешен аумағы қоршауының сыртында кемінде 60 метр (бұдан әрі – м) қашықтықта орналастыру	Болмашы
16.	Әрбір м

(Жалғасы. Басы 22-бетте)

9.	Жануарларды күтіп-бағуға арналған мал шаруашылығы қора-жайларының құрамында мынадай объектілердің болуы: 1) жануарларды (төлді және ересек мал басын) күтіп-бағуға арналған ғимараттар; 2) қалқалары, оттықтары, суаратын астаулары, өткелектері, басқыштары мен таразысы бар, жануарларды серуендетуді ұйымдастыруға арналған қашалар; 3) бір кіреберісі және шығаберісі бар, периметр бойынша қоршалған және арық салынған көңді және сұйық көңді сақтауға арналған алаң	Елеулі
10.	Карантиндік бөлімше және оқшаулағыш бірыңғай блокта орналасқанда, олардың арасында жұмысшылардың арнайы киіміне арналған шкафтар, қолжуғыш, дезинфекциялық ерітінділері бар сыйымдылықтар, аяққиімді дезинфекциялауға арналған дезинфекциялық төсеніш орналасқан тамбурдың болуы	Елеулі
11.	Жануарларды күтіп-бағуға арналған қора-жайлар мен қоршалған ашық қашалар көңнен тазартылуы тиіс	Елеулі
12.	Төлдерді бір кезеңде өсіретін қора-жайлармен біріктірілген карантиндік ғимараттың болуы	Елеулі
13.	Дератизация жүргізгендігі туралы актілердің болуы	Елеулі
14.	Иттерді құтыруға қарсы уақтылы вакциналау және оларға диагностика жүргізу, сондай-ақ жылына кемінде 4 рет дегельминтизация жүргізу жөніндегі талаптың сақталуы	Елеулі
15.	Көң сақтайтын орынды өндірістік ғимараттардың кешен аумағы қоршауының сыртында кемінде 60 метр (бұдан әрі – м) қашықтықта орналастыру	Болмашы
16.	Әрбір мал шаруашылығы қора-жайының (базаның), жемшөп дайындайтын цехтің, жемшөпке арналған қойманың, астық сақтайтын орынның және басқа да объектілердің терезелері, есіктері, желдету тесіктерінде жабайы құстардың ұшып кіруіне жол бермейтін торлы рамалардың болуы	Болмашы
17.	Оқшауланған секциялар мен қора-жайларда оңтайлы ауа алмасуды және жануарлар орналасқан барлық аймақ бойынша таза ауаның біркелкі таралуын қамтамасыз ететін желдету жүйесінің болуы	Болмашы
18.	Ауру жануарларды өндірістік үй-жайлардан мал сою пунктіне тасымалдауға арналған арнайы көлік құралдарының болуы	Болмашы
19.	Жалпы шаруашылық оқшаулағышы болмаған жағдайда, жертөлесі және өзінің ішкі ауласына шығуға арналған құрылысы бар биіктігі кемінде 2 м тұтас дуалмен қоршалған оқшаулағыштың болуы	Болмашы
20.	Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді қамтамасыз ету және жергілікті атқарушы органдардың ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын бөлімшелерін, жергілікті атқарушы органдар құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымдарды, мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау органдарын жаңадан сатып алынған жануар (жануарлар), алынған төл, оның (олардың) сойылғаны мен өткізілгені, өлу, бірнеше жануардың бір мезгілде ауыруы жағдайлары туралы хабардар ету	Өрескел
21.	Ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін өз жануарларын уақтылы вакциналау және олардың диагностикасын қамтамасыз ету	Өрескел
22.	Шаруашылыққа әкелінген жануарлардың әрбір партиясына ветеринариялық сертификаттардың немесе ветеринариялық анықтамалардың болуы	Өрескел
23.	Өндіріс объектісіне жануарлар келіп түскен кезде эпизоотологиялық зерттеп қарау (карантиндеу кезеңіндегі эпизоотияға қарсы және профилактикалық іс-шаралар) актісінің болуы	Өрескел
24.	Мал басының 0,5 %-ы есебімен өндіріс объектісінде ауру жануарларды уақытша күтіп-бағуға арналған бөлек секцияның болуы	Елеулі
25.	Жарып-сою бөлмесінде жануарлар өлекселерін, түсіктерді және шуды жинауға арналған су өтпейтін сыйымдылықтардың болуы	Елеулі
Бақылау және қадағалау субъектінің кінәсынан туындаған қолайсыз оқиғалардың болуы (жануарлардың инфекциялық, паразиттік аурулары жағдайларының туындауы, жануарлардың кенеттен және жаппай қырылуы)		
26.	Жануарлардың инфекциялық, паразиттік және энзоотиялық ауруларының таралуына алып келетін, ауыл шаруашылығы жануарларының қырылу, жануарлардың ауруы, сондай-ақ ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптарды, қағидаларды сақтамау салдарынан жануарлардың уланып ауруы туралы расталған фактілердің болуы	Өрескел
Расталған шағымдардың және арыздардың болуы және саны		
27.	Ветеринариялық-санитариялық талаптарды сақтамау фактілері бойынша бір және одан да көп расталған шағымның және (немесе) арыздың болуы	Өрескел
Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау және қадағалаудың нәтижелері		
28.	Бақылау және қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) бармай жүргізілген профилактикалық бақылау және қадағалау шеңберінде берілген ұсынымдарды орындау жөнінде ақпараттарды ұсынбау	Өрескел
Бұқаралық ақпарат құралдарының мәліметтерін талдау нәтижелері		
29.	Жануарлардың инфекциялық, паразиттік және энзоотиялық ауруларымен ауырғандығы туралы бұқаралық ақпарат құралдарында расталған мәліметтердің болуы	Өрескел
Мемлекеттік органдар, мемлекеттік мекемелер мен ұйымдар ұсынатын мәліметтерді талдау нәтижелері		
30.	Қазақстан Республикасы және Еуразиялық экономикалық одаққа мүше елдер аумағында тіркелмеген ветеринариялық препараттарды және жемшөп қоспаларын бақылау және қадағалау субъектісінің қолданғандығы анықталған фактілер туралы расталған ресми ақпараттың болуы	Өрескел
31.	Ауыл шаруашылығы жануарларын күтіп-бағу, өсіру, пайдалану сондай-ақ оларды тасымалдау (орнын ауыстыру) кезінде зоогигиеналық және ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптарды және қағидаларды сақтамау туралы расталған мәліметтердің болуы	Өрескел

Ветеринария саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарына 3-қосымша

Құстарды өсіру (1000 шартты бастан бастап және одан жоғары) жөніндегі қызметті жүзеге асыратын субъектілерге қатысты ветеринария саласындағы субъективті өлшемшарттар

№	Бұзу өлшемшарттары	Бұзу дәрежесі
1	2	3
Бақылау және қадағалау субъектісі (объектісі), оның ішінде ветеринария саласындағы уәкілетті орган ведомоствосының аумақтық бөлімшелері, сондай-ақ облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органның ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын бөлімшелері жүргізетін автоматтандырылған ақпараттық жүйе арқылы ұсынылатын мәліметтер мониторингісінің нәтижелері		
1.	Бақылау және қадағалау субъектісінің (объектісінің) жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты ветеринариялық-санитариялық сараптау туралы есепті ұсынбауы	Өрескел
2.	Ветеринарлық ілеспе құжаттардың (ветеринариялық сертификат, ветеринариялық анықтама) болмауы туралы мәліметтердің болуы	Өрескел
Бақылау және қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) бару арқылы алдыңғы тексерулердің және профилактикалық бақылау және қадағалаудың нәтижелері (ауырлық дәрежесі төменде көрсетілген талаптар сақталмаған кезде белгіленеді)		
3.	Өндіріс объектісі аумағына бөгде адамдар мен жануарлардың кіруін болдырмайтын қоршаудың болуы	Өрескел
4.	Өндіріс объектісінің аумағына (аумағынан) барлық кіреберістерде (шығаберістерде) автокөліктің жүріс бөлігін залалсыздандыруға арналған бүйір жақтары қабырғалармен жабылған қалқамен жабдықталған дезинфекциялық тосқауылдардың (бұдан әрі – дезнфекциялық тосқауыл) болуы. Дезинфекциялық тосқауыл жыл бойы жұмыстық жай-күйде ұсталады	Өрескел
5.	Ветеринариялық профилактикалық іс-шараларды жазуға арналған журналдардың болуы	Елеулі
6.	Өндіріс объектісінің аумағы мынадай аймақтарға бөлінеді: 1) (А аймағы) - негізгі табынды ұстауға және өнім өндіруге арналған қора-жай, мал туғызатын бөлім, жаңа туылған төлдерге арналған профилакторий, төлдерді, мал басын толықтыратын табынды ұстауға арналған қора-жай, жануарларды қолдан ұрықтандыратын пункт (құс фабрикаларын қоспағанда), оқшаулағыш және карантиндік бөлім (басқышы бар қаша, жануарларды ветеринариялық өңдеуге арналған өткелек), жемшөп қоспаларын дайындау жөніндегі жемшөп цехы; 2) (Б аймағы) - қызмет көрсетуші персоналға арналған санитариялық өткізу орны бар ветеринариялық-санитариялық блок; 3) (В аймағы) - әкімшілік-шаруашылық; 4) (Г аймағы) - жемшөп сақтау; 5) (Д аймағы) - көңді сақтауға арналған оқшауланған орын	Елеулі
7.	Дератизация жүргізгендігі туралы актілердің болуы	Елеулі
8.	Көң сақтайтын орынды өндірістік ғимараттардың кешен аумағы қоршауының сыртында кемінде 60 метр (бұдан әрі – м) қашықтықта орналастыру	Болмашы
9.	Инкубациялық жұмыртқаның әр партиясына арналған, құстардың жұқпалы аурулары бойынша шаруашылықтың саламаттылығын растайтын ветеринариялық сертификат немесе анықтаманың болуы	Өрескел
10.	Ветеринариялық зертхананы, сою пунктін және дезинфекциялық блокты әкімшілік-шаруашылық аймақта («В аймағы») орналастыру жөніндегі талапты сақтау	Елеулі
11.	Балапанды өсіру кезінде оның ересек құспен (құстардың барлық түрлерінің) қатынас жасауын болдырмау	Елеулі
12.	Жұмыртқаларды пароформалинмен дезинфекциялауға арналған камерада есептік ауа температурасы + 30 ^{0}С градусты құрайды	Елеулі
13.	Құс қоралардың ішіндегі аралық қабырғалар мен қоршаулардың жоғарғы жағына құруға арналған және серуендету орындарындағы торлардың мынадай көлемдерден аспайтын ұяшықтары болуы тиіс: күнтізбелік 60-70 күнге дейінгі жастағы тауық балапандары және күнтізбелік 120 күнге дейінгі жастағы күркетауық балапандары үшін - 30 х 30 миллиметр (бұдан әрі – мм); ересек тауықтар мен күркетауықтар үшін, сондай-ақ күнтізбелік 60-70 күннен асқан тауық балапандары және күнтізбелік 120 күннен асқан күркетауық балапандары үшін - 50 х 50 мм	Елеулі
14.	Қоймалық үй-жайларды (жемшөптерге арналған, төсемдер, жұмыртқа қоймасы), жұмыртқаларды сұрыптайтын және өңдейтін цехтарды (ыдыстарды дезинфекциялау пунктімен бірге) өндірістік аймақ қоршауының сызығы бойынша орналастыру	Болмашы
Бақылау және қадағалау субъектінің кінәсынан туындаған қолайсыз оқиғалардың болуы (жануарлардың инфекциялық, паразиттік аурулары жағдайларының туындауы, жануарлардың кенеттен және жаппай қырылуы)		
15.	Жануарлардың инфекциялық, паразиттік және энзоотиялық ауруларының таралуына алып келетін, ауыл шаруашылығы жануарларының қырылу, жануарлардың ауруы, сондай-ақ ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптарды, қағидаларды сақтамау салдарынан жануарлардың уланып ауруы туралы расталған фактілердің болуы	Өрескел
Расталған шағымдардың және арыздардың болуы және саны		
16.	Ветеринариялық-санитариялық талаптарды сақтамау фактілері бойынша бір және одан да көп расталған шағымның және (немесе) арыздың болуы	Өрескел
Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау және қадағалаудың нәтижелері		
17.	Бақылау және қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) бармай жүргізілген профилактикалық бақылау және қадағалау шеңберінде берілген ұсынымдарды орындау жөнінде ақпараттарды ұсынбау	Өрескел
Бұқаралық ақпарат құралдарының мәліметтерін талдау нәтижелері		
18.	Жануарлардың инфекциялық, паразиттік және эннзоотиялық ауруларымен ауырғандығы туралы бұқаралық ақпарат құралдарында расталған мәліметтердің болуы	Өрескел
Мемлекеттік органдар, мемлекеттік мекемелер мен ұйымдар ұсынатын мәліметтерді талдау нәтижелері		
19.	Қазақстан Республикасы және Еуразиялық экономикалық одаққа мүше елдер аумағында тіркелмеген ветеринариялық препараттарды және жемшөп қоспаларын бақылау және қадағалау субъектісінің қолданғандығы анықталған фактілер туралы расталған ресми ақпараттың болуы	Өрескел
20.	Ауыл шаруашылығы жануарларын күтіп-бағу, өсіру, пайдалану сондай-ақ оларды тасымалдау (орнын ауыстыру) кезінде зоогигиеналық және ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптарды және қағидаларды сақтамау туралы расталған мәліметтердің болуы	Өрескел

Ветеринария саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарына 4-қосымша

Шошқаларды өсіру (1000 шартты бастан бастап және одан жоғары) жөніндегі қызметті жүзеге асыратын субъектілерге қатысты ветеринария саласындағы субъективті өлшемшарттар

№	Бұзу өлшемшарттары	Бұзу дәрежесі
1	2	3
Бақылау және қадағалау субъектісі (объектісі), оның ішінде ветеринария саласындағы уәкілетті орган ведомоствосының аумақтық бөлімшелері, сондай-ақ облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органның ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын бөлімшелері жүргізетін автоматтандырылған ақпараттық жүйе арқылы ұсынылатын мәліметтер мониторингісінің нәтижелері		
1.	Ауыл шаруашылығы құрылымдарының, фермерлік, шаруа қожалықтарының ветеринариялық дәрігерлерінің ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізу туралы ведомосты күнтізбелік он күн ішінде ветеринариялық ұйымға ұсынбауы (ветеринариялық дәрігердің бар болуы ескеріледі)	Өрескел
2.	Ауыл шаруашылығы құрылымдарының, фермерлік, шаруа қожалықтарының ветеринариялық дәрігерлері ұсынған ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізу туралы ведомосында сәйкес емес ақпараттың болуы	Елеулі
3.	Ветеринарлық ілеспе құжаттардың (ветеринариялық сертификат, ветеринариялық анықтама) болмауы туралы мәліметтердің болуы	Өрескел
Бақылау және қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) бару арқылы алдыңғы тексерулердің және профилактикалық бақылау және қадағалаудың нәтижелері (ауырлық дәрежесі төменде көрсетілген талаптар сақталмаған кезде белгіленеді)		
4.	Өндіріс объектісі аумағына бөгде адамдар мен жануарлардың кіруін болдырмайтын қоршаудың болуы	Өрескел
5.	Өндіріс объектісінің аумағына (аумағынан) барлық кіреберістерде (шығаберістерде) автокөліктің жүріс бөлігін залалсыздандыруға арналған бүйір жақтары қабырғалармен жабылған қалқамен жабдықталған дезинфекциялық тосқауылдардың (бұдан әрі – дезнфекциялық тосқауыл) болуы. Дезинфекциялық тосқауыл жыл бойы жұмыстық жай-күйде ұсталады	Өрескел
6.	Ересек жануарларға арналған шетен қорағa жануарларға сұрыптама жүргізілгеннен кейін және жаңа жануарларды қояр алдында әр жолы дезинфекция жүргізгендігі жөніндегі актілердің болуы	Өрескел
7.	Ветеринариялық профилактикалық іс-шараларды жазуға арналған журналдардың болуы	Елеулі
8.	Өндіріс объектісінің аумағы мынадай аймақтарға бөлінеді: 1) (А аймағы) - негізгі табынды ұстауға және өнім өндіруге арналған қора-жай, мал туғызатын бөлім, жаңа туылған төлдерге арналған профилакторий, төлдерді, мал басын толықтыратын табынды ұстауға арналған қора-жай, жануарларды қолдан ұрықтандыратын пункт (құс фабрикаларын қоспағанда), оқшаулағыш және карантиндік бөлім (басқышы бар қаша, жануарларды ветеринариялық өңдеуге арналған өткелек), жемшөп қоспаларын дайындау жөніндегі жемшөп цехы; 2) (Б аймағы) - қызмет көрсетуші персоналға арналған санитариялық өткізу орны бар ветеринариялық-санитариялық блок; 3) (В аймағы) - әкімшілік-шаруашылық; 4) (Г аймағы) - жемшөп сақтау; 5) (Д аймағы) - көңді сақтауға арналған оқшауланған орын	Елеулі
9.	Жануарларды күтіп-бағуға арналған мал шаруашылығы қора-жайларының құрамында мынадай объектілердің болуы: 1) жануарларды (төлді және ересек мал басын) күтіп-бағуға арналған ғимараттар; 2) қалқалары, оттықтары, суаратын астаулары, өткелектері, басқыштары мен таразысы бар, жануарларды серуендетуді ұйымдастыруға арналған қашалар; 3) бір кіреберісі және шығаберісі бар, периметр бойынша қоршалған және арық салынған көңді және сұйық көңді сақтауға арналған алаң	Елеулі
